



**ҚазМұнайГаз**  
БАРЛАУ ӨНДІРУ АКСИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2010



# 2010 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ \*

## Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пара терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдаяттарға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.

\* Жылдық есептегі ақпарат 2011 жылдың 25-наурыздағы жағдай бойынша беріліп отыр.

# ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания туралы қысқаша / 2  
Қаржылық және операциялық көрсеткіштер / 3  
Меншік құрылымы / 4  
Қазақстанның мұнайгаз саласы туралы негізгі деректер / 5

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Директорлар кеңесі төрағасының сөзі / 8  
Бас директордың сөзі / 10  
Директорлар кеңесі / 12

## 2. 2010 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР

2010 жылғы оқиғалар / 18  
ҚМГ БӨ қызметін тәуелсіз директорлардың бағалауы / 21

## 3. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Операциялық қызмет / 26

## 4. КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ

Компанияның дамуы / 30

## 5. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әлеуметтік жауапкершілік / 38

## 6. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Еңбек және қоршаған ортаны қорғау / 46

## 7. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік басқару туралы ақпарат / 50

## 8. ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Қаржылық-экономикалық қызметтің қаржы жағдайы мен нәтижелерін талдау / 66  
Тәуекелдер факторлары / 79

## 9. ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

Тәуелсіз аудиторлардың қорытындылары / 83  
Қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп / 84  
Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп / 86  
Ақша қаражатының қозғалысы туралы топтастырылған есеп / 87  
Капиталдағы өзгерістер туралы топтастырылған есеп / 89  
Топтастырылған қаржылық есептің қосымшалары / 90

Акционерлерге арналған ақпарат / 123

Анықтамалық ақпарат / 124

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША

## МИССИЯ

**ҚМГ БӨ МИССИЯСЫ КОМПАНИЯ АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН МЕЙЛІНШЕ ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА КӨМІРСУТЕГІН ТИІМДІ ЖӘНЕ ОҒТАЙЛЫ ӨНДІРУДЕН, БІЗ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН АЙМАҚТАР ҮШІН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖАСАУДАН, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӘРБІР ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУДЕН ТҰРАДЫ.**

## КЕЛЕШЕК

**ҚМГ БӨ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨМІРСУТЕГІН БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ, ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДА БӘСЕКЕГЕ ТҮСЕ АЛАТЫН КАСПИЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ МҰНАЙГАЗ БИЗНЕСІ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНДАҒЫ КОМПАНИЯ.**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ, Компания) 2004 жылдың наурыз айында «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) мен «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) біріктіру арқылы құрылды.

ӨМГ және ЕМГ кен орындары «дәлелденген және болжамды» (2P) санаты бойынша 232 млн. тонна (1,7 млрд. баррель) мұнай қорына ие. 2007-2010 жылдары сатып алынғандарды есептемегенде, бүгінде ҚМГ БӨ-нің өз активінде 41 кен орны бар. Компанияның дәлелденген және болжамды қорының 2010 жылдың соңындағы жалпы көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС, «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» үлестерін қосқанда, шамамен 2,2 млрд. баррельді құрайды. 2010 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ БӨ Қазақстанда мұнай өндіру бойынша екінші орында тұр.


Компания акциялары Қазақстандық қор биржасына (KASE), ал ауқымды депозитарлық қолхаттары – Лондондық қор биржасына (LSE) орналастырылған.

ҚМГ БӨ мұнай өндіруден көпжылдық тәжірибесі бар және Қазақстандағы кен орындарының геологиялық құрылымы саласы тұрғысынан ауқымды білімге ие.


ҚМГ БӨ басқа компаниялармен салыстырғанда, ҚМГ БӨ «ҚазМұнайГаз» ҰК бас компаниясымен өзара байланысы арқылы Қазақстанның құрлығындағы мұнайгаз активтері мен инфрақұрылымына әлеуетті қолжетімді болуына қарай бірегей басымдықтарға ие.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


**2P САНАТТАҒЫ ҚОР<sup>1</sup>**  
МЛН. ТОННА




**МҰНАЙ ӨНДІРУ<sup>1</sup>**  
ЖЫЛЫНА МЛН. ТОННА




**ЭКСПОРТ<sup>1</sup>**  
ЖЫЛЫНА МЛН. ТОННА




**ТҮСІМ<sup>2</sup>**  
МЛРД. ТЕҢГЕ




**ТАЗА ПАЙДА<sup>1</sup>**  
МЛРД. ТЕҢГЕ




**КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР<sup>2</sup>**  
МЛРД. ТЕҢГЕ




**ТАЗА АҚША ҚҰРАЛДАРЫ<sup>3</sup>**  
МЛРД. ТЕҢГЕ



**АКЦИЯҒА ДИВИДЕНД**  
ТЕҢГЕ



**ЖДҚ-ҒА ДИВИДЕНД<sup>4</sup>**  
АҚШ ДОЛЛ.



<sup>1</sup> ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ үлесін қосқанда.

<sup>2</sup> ҚГМ, ССЕЛ және ПҚИ үлесін қоспағанда.


<sup>3</sup> Ақша құралдары, олардың баламалары және басқа да қаржылық активтер, займдарды шегергенде (ақша құралдарын және ҚазМұнайГаз Қаржы ПҚИ Б.В. кері қайтару құқығынсыз қарызды есептегенде).

<sup>4</sup> 2010 жыл үшін 150,0 теңге/АҚШ доллары бағамы бойынша аударылды (ҚР Ұлттық Банкімен белгіленген ағымдағы индикативті диапазонның ортасы).

# ҚМГ БӨ-НІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

## ҚМГ БӨ АКЦИЯЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ОРТАША БАҒА


- 1 ЖДҚ үшін АҚШ доллары
- Brent сұрыпты мұнайдың 1 баррелі үшін АҚШ доллары



Дереккөз: Bloomberg


## 2010 ЖЫЛДАҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ 13,29 МЛН. ТОННА

- ӨМГ 5,97
- ЕМГ 2,80
- ПҚИ 33% 2,00
- ҚГМ 50% 1,55
- ССЕЛ 50% 0,97




## 2010 ЖЫЛДАҒЫ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ТОПТАСТЫРЫЛҒАН САТУ 13,65 МЛН. ТОННА

- ӨАС 4,31
- Ішкі рынок 2,99
- КҚК 2,55
- Басқа 2,03
- Қазақстан - Қытай 1,77



## 2010 ЖЫЛДАҒЫ 2Р САНАТТАҒЫ МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ 293,0 МЛН. ТОННА

- ӨМГ 170,4
- ЕМГ 61,7
- ССЕЛ 50% 33,6
- ПҚИ 33% 15,5
- ҚГМ 50% 11,8




Gaffney, Cline & Associates есептеріне сәйкес:

- ӨМГ, ЕМГ, ҚГМ 31.12.2010 ж.
- ПҚИ 31.03.2009 ж.

Miller and Lents есептеріне сәйкес:

- ССЕЛ 30.11.2010 ж.


## ҚМГ БӨ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРЫ (ӨМГ ЖӘНЕ ЕМГ) МЛРД. ТЕҢГЕ



KZT/USD, орташа бағам:  
2006 - 126,09; 2007 - 122,55;  
2008 - 120,29; 2009 - 147,50;  
2010 - 147,35


## МҰНАЙ ӨНДІРУ МЛН. ТОННА

- ҚМГ БӨ
- ҚГМ 50%
- ССЕЛ 50%
- ПҚИ 33%
- Барлығы



## ҚМГ БӨ 2Р САНАТТЫ МҰНАЙ ҚОРЛАРЫНЫҢ ӨСІМІ МЛН. ТОННА


- ҚМГ БӨ
- ҚГМ 50%
- ССЕЛ 50%
- ПҚИ 33%
- Барлығы



Gaffney, Cline & Associates және Miller and Lents тәуелсіз аудиторларының есептеріне сәйкес


## ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІКТЕР ШЫҒЫНДАРЫ МЛРД. ТЕҢГЕ

- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы
- Басқа




KZT/USD, орташа бағам:  
2007 - 122,55; 2008 - 120,29;  
2009 - 147,50; 2010 - 147,35

## КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАРЫ МЛРД. ТЕҢГЕ




KZT/USD, орташа бағам:  
2007 - 122,55; 2008 - 120,29;  
2009 - 147,50; 2010 - 147,35

# МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ



## ҚМГ БӨ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ<sup>2</sup> ПАЙЫЗБЕН

- ҚМГ ҰК **57,9**
- Еркін айналымдағы акциялар **34,1**
- Қазынашылық акциялар **4,5**
- Артықшылықты акциялар **3,4**



<sup>1</sup> Жылдық есепті жариялаған күнгі жағдай бойынша.

<sup>2</sup> Ақпарат ҚМГ БӨ акционерлерін бірегейлендіруге сәйкес 2010 жылдың шілдесіндегі жағдай бойынша көрсетілді. Пайыздар Компанияның қазынашылық және артықшылықты акцияларын қосқандағы акцияларының жалпы санынан есептелді.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

Дәлелденген мұнай қорлары –  
**40 млрд. баррель.**

2010 ж. мұнай және газ конденсатын өндіру **79,7 млн. тонна**, мұнай экспорты – **71,4 млн. тоннаны** құрады.

2015 жылға мұнай өндіру жөніндегі болжам шамамен жылына **100 млн. тоннаны** құрайды (тәулігіне **2,0 млн. баррель** мұнай).

2010 ж. **13,7 млн. тонна** мұнай қайта өңделді.

Қазақстанда **200-ден** аса мұнай және газ кен орындары бар. Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ ірі кен орындары болып табылады.

Өзен – Атырау – Самара (ӨАС) құбыр желісі республикалық деңгейде маңызды рөл атқарады: ол арқылы **15,3 млн. тонна** мұнай тасымалданды, бұл 2010 жылы экспортталған мұнайдың **21%-ын** құрады.

Каспий құбыржолы консорциумының мұнай құбыры: қазіргі уақытта оның өткізу қуаты жылына **30,5 млн.**

**тонна** (тәулігіне **0,6 млн. баррель**) мұнайды құрайды. 2014 жылы оның қуаттылығын **67 млн. тоннаға** дейін (тәулігіне **1,3 млн. баррель** мұнай) арттыру жоспарлануда, оның **50 млн. тоннасы** (тәулігіне **1,0 млн. баррель** мұнай) Қазақстан арқылы тасымалданатын болады. 2010 жылы КҚК арқылы **28,5 млн. тонна** мұнай тасымалданды, бұл Қазақстаннан экспортталған мұнайдың **40%-ын** құрайды.

Қазақстан-Қытай Құбыр желісі (ҚҚК): ҚҚК ағымдық қуаты жылына **10 млн. тоннаны** (тәулігіне **200 мың баррель**) құрайды және жобаның 2-ші кезеңі іске қосылған кезде екі еселенуі мүмкін. 2010 жылы ҚҚК арқылы **10,1 млн. тонна** немесе Қазақстаннан экспортталған мұнайдың **14%-ы** тасымалданды.

Ақтау айлағының мұнай жөнелтуге арналған 3 терминалы бар, солар арқылы 2010 жылы **9,5 млн. тонна** немесе Қазақстаннан экспортталған мұнайдың **13%-ы** тасымалданды.

Қазақстанның мұнай өңдеуші өнеркәсібі 2010 жылы тиісінше **4,3 млн. тонна**, **4,6 млн. тонна** және **4,8 млн. тонна** мұнай өңдеген Атырау және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары мен Павлодар мұнайхимия зауыты болып табылады.

## ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ

### ТҰРҒЫНДАРЫ:

16,2 млн. адам (01.01.2011 ж.)

### АУМАҒЫ:

2,7 млн. шаршы шақырым

### ЖІӨ (2010 Ж.):

21 513 млрд. теңге  
(146,0 млрд. АҚШ доллары, 1 АҚШ долларына 147,35 теңге)

### ЖІӨ НАҚТЫ ӨСІМІ:

7,0% (2010 ж.),  
7,8% (орта есеп. 2002 – 2010)

### ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА:

Теңге (2010 ж. 31 желтоқсанда айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 147,40 теңгені құрады; орташа айырбас бағамы 2010 ж. 1 АҚШ долларына 147,35 теңгені құрады).

### АСТАНА:

Астана (1997 ж. Алматы қаласынан көшірілді)

Дереккөзі: Қазақстанның Ұлттық банкі, Мұнай және газ министрлігі, 2010 ж. ВР дүниежүзілік энергетиканың статистикалық шолуы.



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР



### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

ҚМГ БӨ-нің активтері	Өзенмұнайгаз	Ембімұнайгаз	Қазгермұнай
	Қаражанбасмұнай	ПетроҚазақстан	НБК
	СапаБарлау Сервис	Федоровский	Маңғыстаумұнайгаз
	Қазақойл Ақтөбе	Қазақтүрікмұнай	
Мемілер бекітуге жатады	МӨЗ	Мұнай құбыры	Газ құбыры
		Елдімекен	Өзен

2Р МҰНАЙ ҚОРЫ  
293 МЛН.  
ТОННА



1

КОМПАНИЯ  
ТУРАЛЫ

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



**АСҚАР БАЛЖАНОВ**

Директорлар кеңесінің  
төрағасы

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2010 жылы өз акционерлері үшін 1,6 млрд. АҚШ долларына жуық пайда тауып, таза кіріс өсімін тағы бір рет паш етті. Топтастырылған пайда 16 пайызға өсіп, шамамен 13,3 млн. тонна (тәулігіне 270 мың баррель) мұнайды құрады. «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары өндірген мұнайдың 20 пайыздан астамы ішкі рынокқа, қалғаны экспортқа шығарылды. Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен пайда 380 млн. АҚШ долларынан аса қаржыны құрады.

Бұл көрсеткіштер ҚМГ БӨ тұрақтылығын, Компанияның 2006 жылы IPO-ға шығу барысында жарияланған қағидаттары мен мақсаттарына әділ екендігінің айқын дәлелі болып табылады. 2010 жылғы жақсы нәтижелер басым жағдайда Компанияның соңғы жылдары жүргізген аса ұтымды сатып алуларынан айқын көрінді. ҚМГ БӨ Қазақстанда мұнай өндіру көлемі жағынан екінші орынды иеленуге ниеттеніп отыр. Өткен жылдың жазында Директорлар кеңесі «Маңғыстаумұнайгаз», «Қазақойл Ақтөбе» және «Қазақтүрікмұнай» компанияларындағы ірі пакет акцияларын сатып алу жөніндегі тағы да үш ірі мәмілені мақұлдады. Қазір ҚМГ БӨ мәмілелердің мемлекеттік органдармен мақұлдануын күту үстінде.

Бұдан басқа, Директорлар кеңесі Қазақстаннан тысқары бірнеше жобаларға Компанияның қатысуын мақұлдады. 2010 жылы BG компаниясымен White Bear (Солтүстік теңіз) жобасы бойынша тиісті келісімге қол қойылды, сондай-ақ KOGAS компаниясымен бірлесе отырып, Аккас (Ирак) кен орнын игеруге қатысты тендер ұтып алды. White Bear жобасына қатысу Компанияға ірі трансұлттық компаниямен ынтымақтастық құрып, теңізде баға жетпес жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік берсе, Аккаста газ өндіру ерекшелігі үлкен қызығушылық туындатады. Мұның барысында және аталған екі жағдайда да тәуекелдердің бақыланатындығы, ал жетістік болған жағдайда, жоғары табысқа қол жеткізуге болатындығы қызықтырады.

2010 жылы Өзен және Ембі кен орындарындағы қордың орнын толтыру коэффициенті 73 пайызды құрады, бұл 2009 жылмен салыстырғанда елеулі түрде жақсы, дегенмен, бұған қарамастан, бұл қанағаттандырарлық деп саналмайды. Қордың жеткіліксіз толықтырылуын толық түсінуге негіз бар және бұл кен орындарының ескіргендігімен түсіндіріледі. Әрине, жаңа активтер сатып алу

нәтижесінде аталған фактор реттеледі, алайда ҚМГ БӨ ең алдымен, өзінің активтеріндегі қорларды толықтыру үшін геологиялық барлау саласына қосымша күш салуды жоспарлап отыр. Осындай міндет Компания бюджетінен көрініс тапты – Директорлар кеңесі 2011 жылы күрделі салымдарының 21 пайызға, 709 млн. АҚШ долларына дейін өскендігін мақұлдады. Бұған қоса, Компания геологиялық барлау портфелін кеңейтуде, атап айтқанда ҚМГ БӨ-ге «ҚазМұнайГаз» ҰК-нан Темір, Теріскен, Өзен-Қарамандыбас, Қаратон-Сарықамыс төрт барлау блогын беру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.


Енді жоспар жөнінде сөз қозғайын. 2010 жылы желтоқсан айында Директорлар кеңесімен бекітілген ҚМГ БӨ 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына ерекше назар аударғым келеді. Директорлар кеңесі мүшелері ҚМГ БӨ акционерлердің өкілдері ретінде менеджмент алдына шамшыл міндеттер қойды – әлемдегі үздік 30 мұнайгаз компаниясының қатарына кіру. ҚМГ БӨ негізгі мақсаты – Компанияның акционерлік құнының өсімі. ҚМГ БӨ қорларды арттыру және көмірсутегі шикізаттарын өндіру, қолданыстағы активтердің тиімділігін арттыру және бизнестің жаңа бағыттарын дамыту арқылы баға өсіміне қол жеткізуге ұмтылуда.

ҚМГ БӨ қызметінің әлеуеттерінің бірі тиімділікті арттыру болуы қажет. Алғашқы қадамдар жасалды – Директорлар кеңесі Шығыстарды басқару бағдарламасын бекітті, тиісті көрсеткіштер қызметкерлерді жақсы ынталандыруы тиіс тепе-теңдік көрсеткіштер жүйесінде ескерілетін болды. Бірақ бұл тек менеджменттің таяу арадағы жылдардағы үлкен, жоспарлы жұмысының бастамасы ғана.

Даму келешегі туралы сөз қозғағанда, ҚМГ БӨ қор рыногында дамудың маңызды рөл атқарып отырғандығын атап айтқым келеді. Қазір Қазақстандық қор биржасындағы мәмілелердің елеулі үлесін Компанияның бағалы қағаздары қамтамасыз етіп отыр, өткен жылы бастау алған артықшылықты акцияларды кері сатып алу бағдарламасы аса сәтті іске асырылуда, бұған қоса, Компания Лондондық биржада Қазақстанның мұнайгаз секторын нақты танытуда. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді және Директорлар кеңесінің барлық мүшелері оны жіті түсінеді.

Жалпы алғанда, Директорлар кеңесінің және оның жекелеген комитеттерімен тиімді жұмысын Standard&Poor's агенттігі ерекше атап өтіп, 2010 жылы қараша айында корпоративтік басқару рейтингін GAMMA-6 деңгейінде растады. Бұл есепте көптеген көрсеткіштер бойынша жұмыстардың жақсарғандығы және Компаниядағы бізге келешекте рейтингті көтеруге көмек беретін корпоративтік басқару жөніндегі бірқатар кемшіліктердің жойылғандығы баяндалды.

Компанияның тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі ешбір күмән тудырмайтын қызметкерлерден құрылған ұжымы алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, үмітті ақтайтынына сенімім мол. ҚМГ БӨ – өзінің қалыптасу тарихы бар, жалпы алғанда, өзінің барлық акционерлерінің мүддесіне сай жұмыс жасау міндетін дұрыс атқарып отырғандығын растай алатын компания. Директорлар кеңесі қабылданатын шешімдердің мажоритарлық акционерлердің де, миноритарлық акционерлердің де мүддесіне нұқсан келтірмеуін жіті қадағалайды. Бұдан әрі де осылай болатынына күмәнім жоқ.



Асқар Балжанов  
Директорлар кеңесінің төрағасы



## БАС ДИРЕКТОРДЫҢ СӨЗІ



**КЕНЖЕБЕК ИБРАЕВ**

**Бас директор  
(Басқарма Төрағасы)**

2010 жыл «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ үшін елеулі жыл болды. Соңғы жылдар ағымында өзіміз бағыт алған бірқатар мақсаттарымызға қол жеткіздік. Бұл – Компания жүргізген жоспарлы жұмыстың жемісі. Сонымен бірге, біз үшін табыс – бұл мықты және осал тұстарымызды талдау, өзінің күрделілігіне қарай ұқсас міндеттер бойынша шешім қабылдаудың аса оңтайлы әдістерін табудың басты мүмкіндігі. Сондықтан да 2010 жылы біз кейбір қадамдарымызды ауыстыра бастадық, күштерді қайта топтастыруды көздедік, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізудің жаңа әдістерін іздеуге кірістік.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының қолдауына сүйене отырып, біз Қазақстандағы жаңа активтерді сатып алу жұмыстарын жалғастырдық.

«Маңғыстаумұнайгаз», «Қазақойл Ақтөбе», «Қазақ-түрікмұнай» компанияларының ірі акциялар пакетін сатып алу жөнінде мәмілелер жасалды. Тиісті ресми органдармен мақұлданған соң мәмілелердің рәсімделуі жасалады деп күтілуде.

Компанияның НБК және СБС екі активтерін өз бетінше сатып алғандығын ерекше атап өткім келеді. Біз Қазақстанда үнемі келешегі бар компанияларды іздеп табуға талпынамыз, мақсатымыз – олардың шешуші қатысуларын сатып алу. Компанияның сатып алған екі активі геологиялық барлау тұрғысынан қызығушылық тудырады, сондай-ақ бізге өндірістік қызмет барысында мультипликативті тиімділік алу аясында қажетті тәжірибе жинақтауға мол мүмкіндік береді.

Өткен жыл барлау жұмысында елеулі өзгерістерімен есте қалды. Компания Қазақстанның батыс аймағындағы Лиман құрылымынан мұнай шоғырын тапты. Бұл – біздің Компанияның құрылған күнінен бастап құрлықта жасаған ең алғашқы маңызды жаңалығы. Біз бұдан бұрын да барлық лицензиялық аумақтарда ауқымды геологиялық зерттеу жүргізу қажеттілігін пайымдаған едік. Бұған қоса, Компания геологиялық-іздеу жұмыстарын жүргізу мақсатында көптеген учаскелер алуды жүргізу жөнінде келіссөздер жүргізіп келеді. Жаңа мұнай құрылымдарын іздеу біздің басымдықтарымыздың біріне айналды.

Дегенмен операциялық қызметпен тек Қазақстанда ғана шектеліп қалуға болмайтыны бесенеден белгілі. Осы құралдардың тиімді салымдар жасау үшін кез келген мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біз елден тысқары аймақтардан да тиісті жобалар іздестіруді жалғастырамыз.

Компания Ирактағы Аккас газ кен орнын барлау тендерін жеңіп алған консорциумға қатысады. Бұл жобаға қатысуымызға қойылған талаптар біз үшін аса тиімді, бұған қоса, Компанияның қызметкерлері жаңа тәжірибе – газ кен орындарын өңдеу

тәжірибесін алу мүмкіндігіне ие болады. Бұған дейін газға қатысты ешбір жұмыс атқарылмаған деп айту орынсыз – Компания өңдеп отырған көптеген газ кен орындарында ілеспе газдар кездеседі, Маңғышлақ түбегінде орналасқан Қазақстандағы ертеден бар газды қайта өңдеу зауыты да біздің игілігімізде. Алайда біздің мамандарымыз газ өндірумен осы уақытқа дейін айналысқан емес. Енді олар әлемдегі ең ірі газ компанияларының бірі – корейлық Kogas компаниясының өкілдерімен оңтайлы араласып, газ өндіру жұмыстарының қыр-сырын меңгере алады. Бұл Компанияның даму келешегі тұрғысынан алғанда аса маңызды.

Солтүстік теңіздегі White Bear жобасына қатысу да біз үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады, біз мұнда BG компаниясының серіктесі болып саналамыз. Теңіз геологиялық барлауы және келешекте біздің үмітімізге қарай, өндіру – біз үшін жаңа сала. Қазақстанда теңіз бөлігінде мұнай операциялары аясында жұмыстар істейтін мамандар өте аз. Бұл біздің Каспий теңізінің қазақстандық секторына шығуға ұмтылысымызды ескергенде, түрлі кәсіптегі мамандарымыз үшін аса құнды тәжірибе болып табылмақ.

White Bear жобасы 2008 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК, ҚМГ БӨ және BG арасында қол қойылған үлкен келісім аясында іске асырылады. Осындай BG сияқты ірі де беделді компаниямен стратегиялық серіктестік орнату біздің Компаниямызға кең мүмкіндіктер ашатынына сеніміміз мол.

Компанияның даму жолындағы барлық белгіленген әлеуеттері 2010 жылдың соңында қабылданған жаңа Стратегияда көрініс тапты. Біз өзімізге сырттан көз жүгірте отырып, Компанияның қатты өзгергендігіне көз жеткіздік. Ең алдымен, өндірістік активтердің құрылымы өзгерді. Егер 2006 жылы ҚМГ БӨ «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары кен орындарында ғана жұмыс істейтін операциялық компания болып саналса, ал бұл күнде ҚМГ БӨ – бұл енді операциялық холдинг, оның өндіруші активтерінің құрылымына сондай-ақ «Қазгермұнай» БК ЖШС, «Қаражанбасмұнай АҚ», «ПетроҚазақстан Инк», «НБК» ЖШС компаниялары кіреді. ҚМГ БӨ «Маңғыстаумұнайгаз», «Қазақойл-Ақтөбе» және «Қазақтүрікмұнай» АҚ қатысу үлесін сатып алу жөніндегі мәмілелердің мемлекеттік органдармен келісілуін күтуде. Жаңадан сатып алынған

активтерге қатысты өндіру көлемі Компанияның жалпы топтастырылған өнімінің шамамен 47%-на ие болады.

Әлемдік қаржы дағдарысы қолданыстағы активтердің тиімділігін арттыру жөнінде терең ойға жетеледі. Атап айтқанда, 2011 жыл Компания үшін шығыстарды азайтумен күрес жүргізу жылына айналмақшы.

Біз алдымызға аса шамшыл, бір жағынан қолжетімді мақсат қойып отырмыз, бұл міндет – әлемдегі үздік отыз мұнайгаз компаниясының қатарына кіру. Атап айтқанда, 2020 жылға дейін TOP-30 қатарына кіретін мұнайгаз компанияларында байқалатын өндірілген көмірсутегі шикізатының баррелі деңгейінің таза пайдасының тура осы көрсеткіштеріне қол жеткіземіз деген жорамалымыз бар. Бұл әрине, күрделі жол, дегенмен енді артқа шегінуге болмайды.

Сонымен бірге, жаңа Стратегияда Компанияның бұдан ертерек жариялаған әлеуеттері мен ҚМГ БӨ табысқа жетелеген бағыты та көрініс тапты. Біз Қазақстан аумағында да, одан тыс аймақтарда да қатысуды сатып алу мақсатында келешегі бар активтерді іздестіруді және оларды игеруді жалғастыруды көздеп отырмыз. Компанияның қолданыстағы лицензиялық аумақтарына да, сонымен бірге жаңа, Қазақстаннан тысқары жерлерде де геологиялық барлау жасау жұмыстарына басты назар аударылатын болады.

2011 жыл Компания үшін өзгерісті жыл болмақ. Осы жылы жаңа Стратегия іске қосылады, Шығыстарды басқару бағдарламасы орындалады, тұтастай алғанда бизнесті басқару моделі жетілдіріледі. Біз сондай-ақ кадрлар саясатына өзгеріс енгізуді, қатысу үлесі бар жобаларда өз ықпалымызды күшейтуді көздеп отырмыз.

Компанияның келешекке деген сенімі мол. Біз жуық арада барлық акционерлеріміздің игілігі үшін өз даму жолымызда сапалы қадам жасауға қол жеткіземіз деген үміттеміз.



Кенжебек Ибрашев  
Бас директор (Басқарма Төрағасы)

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОРГАНЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ (ДК), АЛ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ – КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

БАСҚАРМАНЫ БАСҚАРАТЫН БАС ДИРЕКТОР, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ ЖАЛҒЫЗ ӨКІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БАСҚА ТӨРТ МҮШЕСІ, ОНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АСҚАР БАЛЖАНОВТЫ ҚОСҚАНДА, «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ӨКІЛДЕРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

ДК ҚҰРАМЫНДА СОНДАЙ-АҚ ҮШ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР БАР.

**АСҚАР БАЛЖАНОВ**

**ҚМГ ҰК барлау өндіру жөніндегі басқарушы директоры**

ҚМГ ҰК барлау өндіру жөніндегі басқарушы директоры. 2006 жылдан бастап 2009 жылға дейін ҚМГ БӨ бас директоры етіп тағайындалды. Бұдан бұрын ол ҚМГ ҰК-ның теңіз мұнайгаз жобаларына мамандандырылған еншілес компаниясы «ҚазМұнайТеңіз» Теңіз мұнай компаниясы» АҚ-ның Бас директоры болды. Мәскеу мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институтын бітіргеннен кейін мұнай өндіруші кәсіпорындарда, оның ішінде «Эмбанефть РА», «КазахстанНефтеГаз SE», «Казахстан-МұнайГаз SE», «КазРосГаз» және ҚМГ ҰК сияқты кәсіпорындарда түрлі лауазымды қызметтер атқара жүріп, мұнайгаз саласында мол жұмыс тәжірибесін жинады.

**ТӨЛЕГЕН БОЗЖАНОВ**

**ҚМГ ҰК бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры**

2008 жылдың 24 қыркүйегінде ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайланды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ мемлекеттік құрылыс академиясын тәмамдаған және Warwick университетінің бакалавр дәрежесінің иегері. Бұдан бұрын «Казкоммерц Секьюритиз» ААҚ, «Кар-Тел» ЖШС, ҚМГ ҰК сияқты компанияларда лауазымды қызметтер атқарған. Осы қызметке тағайындалғанға дейін «ҚазМұнайГаз» Сауда Үйі» АҚ бас директоры болды.

**ЕРЖАН ЖАНҒАУЫЛОВ**

**ҚМГ ҰК-ның құқықтық мәселелер жөніндегі бас менеджері**

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіне 2006 жылдың 12 маусымында сайланды. Бұл тағайындауға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде заң қызметі мен кадрлар бөлімін басқарды, ҚМГ ҰК президентінің кеңесшісі болды. Білімі бойынша - заңгер, Қарағанды мемлекеттік институтының түлегі.





КЕНЖЕБЕК ИБРАШЕВ

**ҚМГ БӨ**  
бас директоры

2009 жылдың 1 маусымынан бастап ҚМГ БӨ бас директоры. Бұдан бұрын ҚМГ ҰК барлау және өндіру жөніндегі вице-президенті қызметін атқарды. 2007 жылдың 30 қазанында ҚМГ БӨ-нің Директорлар кеңесіне мүше. Мәскеудегі И.М. Губкин атындағы мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институтының түлегі. Мұнайгаз саласында, соның ішінде басшылық қызметтерде мол жұмыс тәжірибесі бар. 2003 жылдан бастап Agip Kazakhstan North Caspian Operating NV-да Қазақстан Республикасындағы бизнесті дамыту жөніндегі директор болып жұмыс істеді. «ҚазМұнайТеңіз» Теңіз Мұнай Компаниясы» АҚ-ның бас директорының орынбасары, бұдан кейін бас директоры болды. 2010 жылы Қазақстан Республикасының «Парасат» Орденінің иегері атанды.



ӘСИЯ СЫРҒАБЕКОВА

**ҚМГ БӨ экономика және қаржы**  
жөніндегі басқарушы директоры

2006 жылдың маусым айынан бастап ҚМГ ҰК экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры болып табылады, 2010 жылдың 26 наурызынан бастап ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіне тағайындалды. Бұл тағайындауға дейін 2003 жылдан бері Халық Банкі Төрағасының бірінші орынбасары, сондай-ақ 2004 жылдан 2005 жылға дейін ҚР Халық Банкінің Басқарма Төрағасы болды. 1998 жылдан 2003 жылға дейін «Қазахойл», «ҚазТрансГаз» мекемелерінде түрлі жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, Ұлттық мұнайгаз саласында жұмыс істеді. 1982 ж. Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін тәмамдады.



ФИЛИП ДЭЙЕР

**ҚМГ БӨ**  
тәуелсіз директоры

Құқық бакалавры, есепші бухгалтер институтының мүшесі, «KPMG»-да есепші бухгалтер ретінде білім алды, бұдан кейін 25 жыл бойы ЛҚБ тіркелген компаниялар үшін кеңес беруге мамандана жүріп, инвестициялық-банк қызметімен айналысты. «Barclays De Zoete Wedd» және «Citicorp» сияқты компанияларда қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтады. 2005 жылы «ABN AMRO Hoare Govett» компаниясынан шықты. Бұдан соң 2006 жылы бағалы қағаздарды ұтымды орналастыру жөнінде «Роснефть» компаниясына консультациялар жүргізді. Қазіргі уақытта бірқатар компанияларда тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. 2010 жылдың мамыр айында Дэйер мырза ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

**ПОЛ МАНДУКА****ҚМГ БӨ**  
тәуелсіз директоры

Активтерді басқару саласында мол тәжірибесі бар. 1973 жылдан өзінің қызмет жолының басынан бастап Мандука мырза Ұлыбритания мен Еуропадағы Threadneedle Asset Management, Rothschild Asset Management, Deutsche Asset Management сияқты компаниялардың Бас директоры болып қызмет істеді. Мандука мырза аға тәуелсіз директор қызметін атқаратын Prudential Group plc компаниясын қосқанда, басқа да түрлі компаниялардың директорлар кеңесінде тәуелсіз директор болып табылады. Ол сондай-ақ аудит, сыйақылар және тағайындау жөніндегі комитеттерді басқарды. Пол Мандуканың Оксфорд университетінің магистрі дәрежесі бар. 2006 жылдың 28 тамызында Компанияның Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайланды. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі.

**ЭДВАРД УОЛШ****ҚМГ БӨ**  
тәуелсіз директоры

Мұнайгаз саласында отыз бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар маман. Уолш мырза «Бритиш Петролеум» мен «Бритиш Газда» басшы лауазымдарда қызмет істеді және бұл компаниялардың Нигериядағы, Абу-Дабидағы, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қызметі үшін жауап берді. Дублин университетінің қатты заттардың химиясы жөніндегі ғылым докторы болып табылады. 2006 жылдың 28 тамызында Компанияның Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайланды. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетті басқарады. Аудит, сыйақылар және тағайындау жөніндегі комитеттердің мүшесі.

ҚҒМ-ДЫ САТЫП АЛУ  
ТОЛЫҚТАЙ ӨЗІН-ӨЗІ ӨТЕДІ



2

2010 ЖЫЛҒЫ  
ОҚИҒАЛАР

## 2010 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР



**ҚМГ БӨ МҰНАЙ  
ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ  
ЖӨНІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ  
ҮШТІГІНЕ КІРЕДІ**

### I ТОҚСАН

- «Қазгермұнай», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерді қосқанда 2010 жылдың I тоқсанында ҚМГ БӨ 3 183 мың тонна (күніне 262 мың баррельден) мұнай өндірді, бұл 2009 жылғы осындай мерзіммен салыстырғанда 440 мың тонна немесе 16%-ға артық. Өндірудің өсуі негізінен 487 мың тоннаны құраған ПҚИ-дағы өндіру үлесімен тығыз байланысты.
- 2010 жылдың I тоқсанындағы операциялық табыс тексерілмеген ағымдық қаржылық есепке сәйкес 54,6 млрд. теңгені құрады (370 млн. АҚШ доллары), бұл 2009 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда 174%-ға артық. Таза пайда - 51,7 млрд. теңге (350 млн. АҚШ доллары). Акцияға тиетін пайда 708 теңгені құрады (бір ЖДҚ-ға 0,8 АҚШ долларынан).
- Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ҚМГ БӨ Қазақстандық қор биржасындағы (KASE) артықшылықты акцияларының листингі іске асырылды және оларды сатып алу бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.
- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды. ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Асқар Балжанов сайланды.
- «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында еңбек ақының жаңа жүйесіне көшуге байланысты наразылық акциясы өтті. Келіссөздер жүргізу барысында ҚМГ БӨ басшылығы мен наразылық акциясына қатысушылар бірауыздан келісімге келіп, осыдан соң акция тоқтатылды.

### II ТОҚСАН

- Директорлар кеңесі Компанияның негізгі активтеріндегі («Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» ӨФ)

мұнай өндірудің жылдық жоспарына 9 200 мың тоннадан 9 082 мың тоннаға дейін түзету енгізу жөнінде шешім қабылдады. Бұған қоса, геологиялық барлауға бөлінген шығыстарды 4 млрд. теңгеге дейін (27 млн. АҚШ доллары) төмендетуді қосқанда, 2010 жылғы күрделі шығыстарды 95 млрд. теңгеден (633 млн. АҚШ доллары) 83 млрд. теңгеге дейін (555 млн. АҚШ доллары) қысқарту жөнінде шешім қабылдады.

- Акционерлердің шешімі бойынша, акцияға тиетін (қарапайым және артықшылықты) есептегі 2009 жылғы дивидендтің көлемі 704 теңгені құрады (ҚР заңнамаларына сәйкес ұсталатын салықтарды қоспағанда). Дивидендтің 2009 жылғы жалпы көлемі 50,9 млрд. теңгеге жуық болды (шамамен 346 млн. АҚШ доллары). 2010 жылы төленген дивидендтер шамамен 48 млрд. теңгені құрады (327 млн. АҚШ доллары).
- Акционерлердің жалпы жиналысында Филип Дэйер тәуелсіз директор болып сайланды.
- 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап, салалық коэффициентті қосқанда, филиалдардың өндірістік қызметкерлерінің жалақысы көтерілді.
- «Қазгермұнай», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлесті қосқанда 2010 жылдың алғашқы алты айында 6 283 мың тонна мұнай өндірілді (күніне 257 мың баррель), бұл 2009 жылғы осындай мерзімдегі түсімнен 610 мың тонна мұнайға немесе 11%-ға артық. Өндірудің өсуі, негізінен, 733 мың тоннаны құраған ПҚИ үлесіндегі өндіруді қосқандағы өніммен байланысты.
- 2010 жылдың бірінші жартыжылдығындағы операциялық табыс, негізінен, мұнайдың бағасының өсуіне байланысты, 2009 жылғы бірінші жартыжылдықта алынған 57,0 млрд. теңгемден (394 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 81%-ға өсіп, 103,5 млрд. теңгені (703 млн. АҚШ доллары) құрады. Есепті кезеңдегі таза пайда, 2009 жылғы осындай мерзімде алынған 128,8 млрд. теңге (890 млн. АҚШ доллары) және акцияға тиетін пайда - 1 752 теңгемден (бір ЖДҚ-ға 2.0 АҚШ доллары) салыстырғанда, 100,0 млрд. теңгені құрады (679 млн. АҚШ доллары) және бір акцияға тиетін пайда - 1 370 теңге болды (бір ЖДҚ-ға 1,6 АҚШ доллары). Өндірудің төмендеуі, негізінен, 2009 жылы алынған айырбас бағамынан түскен елеулі пайдамен байланысты.

### III ТОҚСАН

- ҚМГ БӨ ҚМГ ҰК келісімі бойынша «Қазахойл Ақтөбе» ЖШС-нің 50% үлесін, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-нің 51% үлесін және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 100% акциясына ие Mangistau Investments B.V 50% үлесін сатып алу жөнінде мәлімдеді. Мемлекеттік органдармен мәмілелердің келісілуі күтілуде.
- ҚМГ БӨ жылына 7% купондық ставкамен үш жылдық мерзімімен айналым шығарылған ҚМГ ҰК облигацияларын 220 млрд. теңге (баламасы 1,5 млрд. АҚШ доллары) сомасында сатып алды.
- ҚМГ БӨ және Би Джи Групп «White Bear» келешекті құрылымында өндіруге Солтүстік Теңіздің Британиялық секторындағы Би Джи Групп лицензиясында қатысу үлесін алу жөнінде келісім жасалғаны хабарлады. ҚМГ БӨ лицензияның 35% үлесін алады.
- ҚМГ БӨ Eastern Gate Management Ltd. бірге «НБК» ЖШС және «Халық Көмір» ЖШС 100% және «СапаБарлау Сервис» ЖШС 100% сатып алу жөніндегі мәмілелер аяқталды.
- ҚР Үкіметінің Қаулысы бойынша шикі мұнайдың тоннасына 20 АҚШ доллары көлемінде экспорттық кедендік баж салығы енгізілді.
- 2010 жылғы тоғыз ай ішінде «Қазгермұнай», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПҚИ) компанияларындағы үлестерді есептегенде, 9 946 мың тонна мұнай (тәулігіне 270 мың баррель), бұл 2009 жылғы осындай кезеңде өндірілген өніммен салыстырғанда, 1 302 мың тонна немесе 15%-ға артық.
- 2010 жылғы тоғыз ай ішіндегі операциялық пайда негізінен мұнай бағасының өсуіне байланысты, 2009 жылғы осындай кезеңде алынған 107,2 млрд. теңгемден (730 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 32%-ға өсіп, 141,9 млрд. теңгені (963 млн. АҚШ доллары) құрады. Есепті кезеңдегі таза пайда 156,8 млрд. теңгені (1 064 млн. АҚШ доллары) және акцияға тиетін пайда - 2 155 теңге (бір ЖДҚ-ға 2,44 АҚШ доллары) құрады, бұл 2009 жылғы осындай кезеңде 2,8 АҚШ долларынан салыстырғанда, 13%-ға төмендегенін көрсетеді.



- «ПетроҚазақстан Инк.» (ПКИ) және Lukoil Overseas Kumkol B.V. (Лукойл) «Торғай Петролеум» (ТП) АҚ игеру туралы дау-дамайға қатысты бейбіт келісімге келді. Қол жеткізілген Келісімге сәйкес, ТП меншігінің құрылымы бұрынғыдай қалады: ПКИ және Лукойл ТП-ді тең негізде бірігіп игеруді жалғастырады. Бұған қоса, ПКИ Лукойлға келтірілген залал үшін 438 шамамен миллион АҚШ доллары көлемінде төлеуге міндеттеледі. Жоғарыда аталған Келісімнен басқа, CNPC Exploration and Development Company Limited және ҚМГ БӨ қағидаттар туралы келісімге қол қойды, бұл қағидаттарға сәйкес Лукойлға өтемақы ПКИ құралдарының есебінен төленетін болады. ҚМГ БӨ үшін ешқандай залал және өтемақы төлеумен байланысты қандай да бір міндеттемелер немесе осылардың кез келгенімен байланысты міндеттемелер туындамайды.

## IV ТОҚСАН

- ҚМГ БӨ мен Korea Gas Corporation (KOGAS) бірігіп Ирак Республикасындағы Аккас газ кен орнын өңдеу жөніндегі тендерді жеңіп алды.

- Лиман барлау блогында мұнай шоғыры ашылды. Бұл шоғыр Новобогатинск тұзды күмбезінің оңтүстік баурайын алып жатыр және «Ембімұнайгаз» ӨФ кен орнына едәуір жақын маңда орналасқан.

- ҚМГ БӨ «Алтын Жүрек» ұлттық марапатының «Жыл ұйымы» аталымы бойынша лауреат атанды.

- ҚМГ БӨ Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдерінің 91 компаниясының ішінен «Барлау және Өндіру» санаты бойынша 47 орын алды және Platts ақпараттық агенттігінің жалпы рейтингінде «Әлемдік 250 ірі энергетикалық компаниялары» ішінде 101 орынға ие болды.

- Standard&Poors (S&P) халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ БӨ «ГАММА-6» деңгейінде ГАММА корпоративтік басқару рейтингін растады.

- ҚМГ БӨ «Эксперт-100-Қазақстан» рейтингінде «Бірігу және сіңіру рыногындағы ең белсенді ойыншы» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

- Директорлар кеңесі ҚР Үкіметінің және ҚМГ БӨ ресми болжамдарына сәйкес Brent маркалы мұнайдың бағасын барреліне 65 АҚШ доллардан есептей отырып, ҚМГ БӨ 2011 жылғы бюджетін бекітті. 2011 жылғы күрделі шығыстар 99,1 млрд. теңге (661 млн. АҚШ доллары) көлемінде болады деп жоспарлануда, бұл 2010 жылғы сол мақсаттарға болжанған шығыстарынан 15%-ға артық. Күрделі салымдардың өсуі қолданыстағы бұрғылау ұңғымалар санының 213-тен 239-ға дейін көбеюімен және геологиялық барлауға бөлінген күрделі шығыстардың, ҚМГ БӨ 2010 жылғы бюджетімен салыстырғанда, 4 млрд. теңгеден (27 млн. АҚШ доллары) 8 млрд. теңгеге дейін (55 млн. АҚШ доллары) өсуімен байланысты. Тұзасты ұңғымаларын бұрғылауға бөлінетін шығыстар қосымша қарастырылатын болады.

- Директорлар кеңесі ҚМГ БӨ 2010-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті. Бекітілген Стратегияға сәйкес, Компанияның негізгі әлеуеттері деп өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру, геологиялық барлау, Каспийдегі теңіз мұнайын өндіру жобасына қатысу, сондай-ақ Қазақстан және одан тыс аумақтарда жаңа кен орындарын игеру есебінен өндірістік базаны кеңейту жұмыстары көрсетілді.

- Standard&Poors халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ БӨ ұзақ мерзімді несиелік рейтингін «BB+» деңгейінде, «Тұрақты» болжамда растады.

- «Қазгермұнай», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» (ПКИ) компанияларындағы үлесті есептегенде, 2010 жылы 13 285 мың тонна мұнай өндірілді (тәулігіне 270 мың баррель), бұл 2009 жылмен салыстырғанда, 1 788 мың тоннаға немесе 16%-ға артық. Өндірудің өсуі, негізінен, 2009 жылдың желтоқсан айында «ПетроҚазақстан Инк.» 33% үлесін сатып алумен байланысты. «Өзенмұнайгаз» ӨФ басқа, барлық өндірістік филиалдар мен қауымдасқан мекемелер 2010 жылғы өндірістік жоспарды орындады.

- 2010 жылғы таза пайда 235 млрд. теңгені (1 591 млн. АҚШ доллары) және акцияға тиетін 3 232 теңгені құрады (бір ЖДҚ-ға 3,66 АҚШ долларынан). Операциялық пайда 187 млрд. теңгені құрады (1 267 млн. АҚШ доллары).

## ҚМГ БӨ ҚЫЗМЕТІН ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ БАҒАЛАУЫ



2010 жылы ҚМГ БӨ қызметінің түрлі бағыттары бойынша тиімділігі тек қазақстандық қана емес, шетелдік сарапшылар тарапынан да жоғары бағаға ие болды.

ҚМГ БӨ Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдерінің 91 компаниясының ішінен «Барлау және Өндіру» аталамында 47 орын алды және Platts ақпараттық агенттігінің жалпы рейтингінде «Әлемдік 250 ірі энергетикалық компаниялары» ішінде 101 орынға ие болды. ҚМГ БӨ - осы рейтингке кірген ең алғашқы қазақстандық компания.

Бұқаралық компаниялар қызметінің активтері, түсімдері, пайдалары мен инвестицияларының өтімділігіне кешенді талдауы нәтижесі бойынша қаржылық көрсеткіштері Platts рейтингі негізінде жатыр. Компания тізіміне қосылу үшін үш миллиард АҚШ долларынан аса жиынтық құндағы активтері болуы тиіс.

2010 жылдың қараша айында Standard&Poor's халықаралық рейтингт агенттігі (S&P) ҚМГ БӨ «GAMMA-6» деңгейінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін дәлелдеді.



Корпоративтік басқарудың негізгі қуатты тараптарының ішінде ҚМГ БӨ S&P есебінде ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлар негізгі акционердің ықпалы мен миноритарлық акционерлердің мүддесі арасындағы тепе-теңдікті тиімді қолдау тәжірибесіне, сондай-ақ менеджментті жан-жақты бақылау тәжірибесіне ие деп көрсетілді.

S&P ҚМГ БӨ, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Самұрық-Қазынаның ҚМГ БӨ, ҚМГ ҰК ірі акционерлері арқылы елеулі ықпалы, ҚМГ БӨ және ҚМГ өзара міндеттемелер заңды түрде әрі ашық бекітілген деп атап көрсетті. Бас компанияның өзінің тікелей құқығын ҚМГ БӨ мүдесіндегі активтер мен лицензияларды меңгеруге қатысты пайдалану міндеттемелері соңғы жылдары толық көлемде орындалды.

ҚМГ БӨ ашықтығының деңгейін S&P жоғары бағалаған, компанияда инвесторлармен байланыс жөніндегі жұмыстар белсенді жүргізіледі, үш тілді веб-сайттағы ақпарат жиі жаңартылып отырады. ҚХЕС жөніндегі қаржылық есеп тоқсан сайын және уақтылы жарияланады. Аудиторлық үрдістің ашықтығы мен тиімділігінің жалпы деңгейі де жоғары бағаланады. Тәуекелдерді басқару процедуралары сәтті енгізілуде және тиімді қағидаттарға негізделген. Акционерлерге кең көлемді құқық бөлінген, акционерлердің жиналыстарын дайындау және өткізу процедуралары тұтастай алғанда тиімді деп бағаланады.

Ақша құралдарын басқару көзқарасы тұрғысынан алғанда S&P рейтинг агенттігінің корпоративтік басқару рейтингі қызметі ҚМГ БӨ облигациялар сатып алуын 1,5 млрд АҚШ доллары көлемінде оң бағалады, себебі ҚМГ БӨ шетелдік валюталардағы міндеттемелер бойынша несиелік рейтингі BB+/Тұрақты/-- (ҚМГ БӨ GAMMA корпоративтік басқару рейтингі бойынша есеп шығарылған сәттен бастап), бұл ҚМГ БӨ өз депозиттерін орналастыратын қазақстандық банктердің рейтингінен үш сатыға жоғары екендігін көрсетеді. Ал 2010 жылдың желтоқсан айында S&P ҚМГ БӨ ұзақ мерзімді несиелік рейтингін «BB+» деңгейінде, «Тұрақты» болжамда дәлелдеді.

Бұған қоса, 2010 жылы Компания «Эксперт-100-Қазақстан» рейтингінде «Бірігу және сіңіру рыногындағы ең белсенді ойыншы» номинация бойынша жеңімпаз атанды. ҚМГ БӨ өзінің даму стратегиясын белсенді іске асырушы деп танылды.

«Эксперт-100-Қазақстан» жобасын «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігі мен «Эксперт Қазақстан» журналы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырады. Жобаның мақсаты – Қазақстанның ұлттық экономикасының көшбасшысын айқындау, озық тәжірибені насихаттау, республика экономикасының негізгі даму тенденцияларын талдау, экономикалық саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды өңдеу.

ҚМГ БӨ әлеуметтік жобаларды іске асыру тұрғысынан да атап көрсетілді. 2010 жылдың қазан айында ҚМГ БӨ қайырымдылық, демеушілік көмек және өз қызметінің аймақтарында ауқымды әлеуметтік саясат жүргізгені үшін «Жыл ұйымы» аталымы бойынша «Алтын жүрек» марапатын жеңіп алды.

«Алтын жүрек» ұлттық қоғамдық сыйы қоғамның дамуына қайырымды тұрғыдан ықпал еткен қайырымдылық, әлеуметтік-маңызды қызмет саласында жүрген азаматтар, мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбектерінің қоғамдық танымын белгілеу үшін жыл сайын табысталады.



ҚМГ БӨ басымдықты акциялар листингі туралы шешімін биржалық сарапшылар жақсы қабылдады, себебі «мұндай қағаздар халықтың отандық қор рыногына тиімді тартылуына ықпал етеді». Сарапшылар 2010 жылдың наурыз айынан бастап жылдың соңына дейін KASE биржасындағы барлық сауда көлемі нақты ҚМГ БӨ басымдықты акцияларына қатысты инвесторлардың мүддесімен қамтамасыз етілді деп атап көрсетті.

S&P сарапшылары басымдықты акциялардың листингі және осы акцияларды сатып алу бағдарламасын орындауды бастау ҚМГ БӨ басымдықты акциялары иелерінің жағдайында едәуір жақсартты деп есептейді.


Бұған қарамастан, жыл бойы биржалық сарапшылар ҚМГ БӨ акцияларын өз сегментінде ұзақ мерзімді инвестициялар үшін аса қызықты акциялар ретінде бағалады.

Сарапшылар келешектегі сатуларының өсуі үшін негіз қалайтын Компанияның позитивті іргелі көрсеткіштерін атап көрсетті. Барлық мұнай компаниялары сияқты, ҚМГ БӨ компаниясы да елеулі тәуекелдер жағдайында жұмыс істейді. Тәуекелдердің бір бөлігі саланың ерекшелігін білдірсе, екінші бөлігі дамушы рыноктарды қаржыландыру ерекшеліктерін білдіруімен байланысты. Бірақ сарапшылар ҚМГ БӨ активтері, ағымдағы жетістіктері, мүмкіндіктері, корпоративтік басқару жүйесі – мұның бәрі елеулі акционерлік құн жасау әлеуетін құрайды деп есептейді.



### ҚМГ БӨ АКЦИЯЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ОРТАША БАҒА

- 1 ЖДҚ үшін АҚШ доллары
- Brent сұрыпты мұнайдың 1 баррелі үшін АҚШ доллары



Дереккөз: Bloomberg




МҰНАЙ ӨНДІРУ

13,3 МЛН.  
ТОННА

3

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



### МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ

ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК ЖШС, «ССЕЛ» («Қаражанбасмұнай») және «ПетроҚазақстан Инк.» үлесін қосқанда, 2010 жылы 13 285 мың тонна мұнай өндірді (тәулігіне 270 мың баррель), бұл 2009 жылмен салыстырғанда, 1 788 мың тонна немесе 16%-ға артық. Пайданың өсуі, негізінен алғанда, 2009 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда «ПетроҚазақстан Инк.» 33% үлесін сатып алумен байланысты. 2010 жылғы өндірістік жоспарларды «Өзенмұнайгаз» ӨФ басқа, барлық өндірістік филиалдар мен қауымдасқан кәсіпорындар асыра орындады.

«Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары 2010 жылы 8 766 мың тонна мұнай өндірді (тәулігіне 177 мың баррель), бұл 2009 жылмен салыстырғанда, 196 мың тоннаға немесе 2%-ға төмен, 2009 жылы 8 962 мың тонна (тәулігіне 181 мың баррель) өндірілген. Бұл ретте «Ембімұнайгаз» филиалы тапсырылған жоспарды 1%-ға асыра орындады, ал «Өзенмұнайгаз» филиалы 1%-ға кем орындады. «Өзенмұнайгаз» филиалында өндірудің төмендеуі, негізінен алғанда, 4-8 наурыз

аралығында орын алған наразылық акциясы кезінде «Өзенмұнайгаз» филиалында ұңғымалар қорының қызмет көрсету режимінің бұзылуына және мұнай кәсіпшілігі құрал-жабдықтарына уақтылы жөндеу жүргізілмеуіне, сондай-ақ 2010 жылдың шілде-қыркүйек айларында ауа-райының қолайсыздығына байланысты кен орындарында электр қуаты шектеу және апатты сөндірумен байланысты болды.

ҚМГ БӨ қауымдасқан кәсіпорындарының өндіруіндегі жалпы үлесі 2010 жылы 4 519 мың тоннаны (тәулігіне 93 мың баррель) құрады.

2011 жылы «Өзенмұнайгаз» ПФ және «Ембімұнайгаз» ПФ 9 100 мың тонна (тәулігіне 183 мың баррель) деңгейінде жоспарланды. Бұл көлемнің 1 900 мың тоннасы Атырау МӨЗ одан әрі қайта өңдеу үшін ішкі рынокқа жеткізілетін болады.

### 2010 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ӨМГ ЖӘНЕ ЕМГ ЖӨНІНДЕГІ ДЕРЕКТЕР

	ӨМГ ӨФ	ЕМГ ӨФ	Барлығы
Кен орындарының саны	2	39	41
Өндіруші ұңғымалардың саны	3 632	2 252	5 884
Тоғытпалы ұңғымалардың саны	1 180	443	1 617
2Р категориялы мұнай қорлары, млн. баррель	1 259	447	1 707
2010 жылы өндірілген мұнай, тәулігіне мың баррель	119	57	177
Қордың еселігі	29	22	26

2010 жылы «Қазгермұнай» БК», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» ЖШС компанияларының мұнайын есептегенде, 8 643 мың тонна мұнай сатылды (тәулігіне 174 мың баррель), оның ішінде экспортталғаны – 6 860 мың тонна мұнай (тәулігіне 138 мың баррель). 2010 жылы «Каспий құбыржол консорциумы» бағыты аса тиімді болды.

2010 жылы ҚМГ БӨ тиесілі «Қазгермұнай» БК», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларының сату көлемінен тиген үлес экспортқа шығарылған 3 801 тонна (тәулігіне 78 мың баррель)

мұнайды қосқанда, 5 004 мың тонна мұнайды құрады (тәулігіне 103 мың баррель).

**«ҚАЗГЕРМУНАЙ» БК» ЖШС**  
**ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (100%)<sup>1</sup>**

	2009	2010
Мұнай өндіру, мың тонна	3 202	3 102
Түсім, млн. теңгемен	178 167	226 277
Сатудың орташа бағасы, теңге/тонна	56 695	72 757
Күрделі шығыстар, млн. теңгемен	20 273	12 110
Жұмысшылар саны	590	681

**ССЕЛ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (100%)<sup>2</sup>**


	2009	2010
Мұнай өндіру, мың тонна	1 867	1 941
Түсім, млн. теңгемен	102 285	136 813
Сатудың орташа бағасы, теңге/тонна	54 492	71 160
Күрделі шығыстар, млн. теңгемен	17 421	15 821
Жұмысшылар саны	2 166	2 231

**«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.»**  
**ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (100%)<sup>3</sup>**

	2009	2010
Мұнай өндіру, мың тонна	6 280	6 053
Түсім, млн. теңгемен	426 243	504 260
Сатудың орташа бағасы, теңге/тонна	60 139	77 746
Күрделі шығыстар, млн. теңгемен	49 102	60 499
Жұмысшылар саны <sup>4</sup>	3 088	3 105


**2010 ЖЫЛДАҒЫ**  
**МҰНАЙ ӨНДІРУ**  
**13,29 МЛН. ТОННА**

- ӨМГ 5,97
- ЕМГ 2,80
- ПҚИ 33% 2,00
- ҚГМ 50% 1,55
- ССЕЛ 50% 0,97



**2010 ЖЫЛДАҒЫ**  
**БАҒЫТТАР БОЙЫНША**  
**ТОПТАСТЫРЫЛҒАН САТУ**  
**13,65 МЛН. ТОННА**

- ӨАС 4,31
- Ішкі рынок 2,99
- КҚК 2,55
- Басқа 2,03
- Қазақстан - Қытай 1,77



**МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ**

Gaffney, Cline & Associates (GCA) тәуелсіз компанияларының есебіне сәйкес, 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ БӨ жалпы мұнай қоры «Қазгермұнай», «ССЕЛ» және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы «дәлелденген және болжамды» санаты бойынша (2P) үлесін қоспағанда, 232 млн. тоннаны құрады (1 707 млн. баррель).

Қорды толтыру коэффициенті 73% пайызды құрады. Бұл көрсеткіш қордың 6,4 млн. тоннаға өсуін (47 млн. баррель) бір жылдық шамамен 8,8 млн. тонна (65 млн. баррель) өндіруге қатынасы ретінде есептелген. Қордың еселігі 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша 26 жылды құрады.

«Дәлелденген» санаты бойынша (1P) қор 88 млн. тоннаны (646 млн. баррель), ал «дәлелденген және болжамды және ықтимал» (3P) қоры 270 млн. тоннаны құрады (1 989 млн. баррель).

<sup>1</sup> 31.01.2011 ж. жағдай бойынша.

<sup>2</sup> 07.02.2011 ж. жағдай бойынша. «Қаражанбасмұнай» АҚ жөніндегі деректер «АТС» ЖШС және «ТМС» ЖШС кірмеген қаржылық есебінен алынды.

<sup>3</sup> 15.01.2011 ж. жағдай бойынша.


<sup>4</sup> «ПетроҚазақстан Инк.» жұмысшыларының санына «ПетроҚазақстан Құмкел Ресорсиз» АҚ, «Торғай-Петролеум» АҚ және «Қазгермұнай» БК ЖШС қызметкерлері қосылады және бұл КРІ есебінде тіркеледі.

БК-ДАН АЛЫНҒАН ДИВИДЕНДТЕР

МЛРД.  
ТЕҢГЕ

94,4 642

ҚҰРАДЫ  
МЛН. АҚШ  
ДОЛЛАРЫ



4

КОМПАНИЯНЫҢ  
ДАМУЫ

## КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ



2006 жылы қабылданған Даму стратегиясының қызмет көрсету мерзімі аяқталған соң, сондай-ақ Компанияның одан әрі даму әлеуеттеріне ықпал ететін жаңа факторлар аясында, Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы мәжілісінде ҚМГ БӨ 2010-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.


ҚМГ БӨ өзінің қайта қарастырылған стратегиясын іске асыруда бірнеше әлеуеттерін айқындады. ҚМГ БӨ қызметінің сөзсіз әлеуеті - өз қызметкерлерінің еңбегінің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және техника қауіпсіздігінің әлемдік стандарттарының деңгейіндегі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану. ҚМГ БӨ адамзат капиталының дамуы компанияның даму және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің жылжымалы факторы ретінде қарастырады.

Компанияның ұзақ мерзімді өсуінің негізі ретіндегі геологиялық барлау ҚМГ БӨ ресурстық базасының өсуі тұрғысынан мақсатқа қол жеткізудегі әлеуетті қызметі болып саналады.

ҚМГ БӨ негізгі мақсаты Компанияның акционерлік құнының өсуі болып табылады. ҚМГ БӨ қорды және көмірсутегі шикізаттарын өсіру, қолданыстағы

### ҚМГ БӨ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРЫ (ӨМГ ЖӘНЕ ЕМГ) МЛРД. ТЕҢГЕ

KZT/USD, орташа бағам:  
2006 - 126,09; 2007 - 122,55;  
2008 - 120,29; 2009 - 147,50;  
2010 - 147,35





активтерді арттыру және бизнестің жаңа бағыттарын дамыту арқылы құнның өсіміне қол жеткізуге талпынып келеді.

Өндіруді және көмірсутегі қорларын өсіруді қамтамасыз ету үшін Компания өзінің қолданыстағы кен орындарын қолдау, Компанияның қолданыстағы кен орындарындағы өндіру коэффициентін арттыру және ҚР және Қазақстан аумағынан тысқары келешекті геологиялық барлау алаңдарына барлау жүргізу және қолданыстағы кен орындарына барлауға дейінгі әрекеттер жүргізу жөніндегі жұмыстар іске асырылатын болады. Бұған қоса, Компания Қазақстаннан да, шетелдерден де таңдап алынған әлеуетті аймақтарда жаңа активтер сатып алуға және активтер портфелін теңіз жобалары және газ активтерімен кеңейтуге ниет білдіріп отыр.


Қолданыстағы активтердің пайдалылығы шығыстарды тиімді басқару, бизнес-процестер мен технологиялық процестерді арттыру, соның ішінде оларды автоматтандыру, жаңа технологиялар енгізу және активтер құрылымын оңтайландыру және бизнесті басқару моделін жетілдіру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Жаңа стратегияға сәйкес, бизнестің жаңа бағыттары барлау және өндіру мен сервистік қызмет көрсету саласындағы озық мұнайгаз компанияларымен ұзақ

мерзімді серіктестік келісімдер орнату, жоғары білікті мамандар даярлау және дамыту, өз техникалық және технологиялық сараптаманы дамыту, сондай-ақ теңіз жобаларын, газ бизнесі мен халықаралық активтерді, соның ішінде ірі халықаралық ірі мұнайгаз компанияларымен серіктестіктегі басқару тәжірибесін дамыту арқылы қамтамасыз етіледі.

Компанияның әлеуеті, құралдардың тиімді салымының мүмкіндіктері барысында, Қазақстандағы инвестициялар болып саналады. Бұған қоса, ҚР тысқары жерлердегі барлау мен өндіру активтеріне инвестициялары ҚМГ БӨ стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. ҚМГ БӨ таяу шетелдердегі өз бизнесін географиясын кеңейтудің әлеуетті елдері әрі жақсы үкіметаралық қарым-қатынастар мен мұнай операцияларын өткізу жағдайлары ұқсас деп Ресей, Түркменстан және Өзбекстан елдерін таниды. ҚМГ БӨ барлау блоктары мен өндірудің өсімі елеулі болатындай жерлердегі жобаларды сатып алу, одан соң, мүмкіндігінше, төменгі лифтинг-шығыстармен қолданыстағы өндіруші активтерді сатып алуды көздейді.

Компания мүддесінің алыс шетелдердегі географиясы Ирак, Вьетнам, Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, және Солтүстік пен Баренцев теңізінің игерілмеген аудандарына жайылған.





ҚМГ БӨ халықаралық жобаларды басқарудағы тәжірибесі әлі де жеткіліксіз. Осыған орай, бастапқы кезеңде алыс шетелдердің рыногына кіру стратегиясы халықаралық мұнайгаз компанияларымен серіктестік орнатуға құрылады. Стратегиялық альянстардың мақсаттылығы халықаралық жобаларды басқару тәжірибесін алу қажеттілігіне, сондай-ақ қазіргі технологияларға қол жеткізуге негізделген. Бұдан кейін ҚМГ БӨ Қазақстаннан тыс елдерде көмірсутегі өндіру жөніндегі халықаралық жобаларды өз бетінше дамытуға ұмтылатын болады.

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

### ҚҰРЛЫҚ

Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ геологиялық барлау жобаларының портфелі үш жобаны қамтиды: Лиман, Р-9 және Тайсойған. Осы аталған нысандарда Компания геологиялық деректерге талдау жасайды, барлау ұңғымаларын бұрғылайды және екі өлшемді және үш өлшемді сейсмикалық барлау жүргізеді. Геологиялық барлау жұмыстарына<sup>1</sup> жұмсалған шығыстар 2010

жылы 5,0 млрд. теңгені құрады (33 млн. АҚШ доллары). 2011 жылы геологиялық барлау бюджеті 17,6 млрд. теңгені құрайды (117 млн. АҚШ доллары).

2010 жылдың қазан айында барлау блоктарының бірі – Лиманда – мұнай шоғыры ашылды. Ол Новобогатинск тұз күмбезінің оңтүстік баурайында орналасқан және «Ембімұнайгаз» ӨФ мұнай кен орнынан өндірілетін Новобогатинск Оңтүстік-Шығыс жерінде, Атырау қаласынан 70 км. болатын жақын маңда орналасқан.

Мұнайдың фонтандық ағысы орта триас шөгінділерінен 1 200 метрден аса тереңдіктен алынды. Ұңғыманың геофизикалық зерттеулерінің қорытындысы бойынша ұңғыма қимасында пайдалану колоннасында зерттеу үшін ұсынылған триас шөгінділерінде 3 өнімді қабат бөліп көрсетілді. Компанияның жұмыс бағдарламасымен 2011 жылы 165 кв. км көлемінде 3Д сейсмикалық зерттеу жүргізу, сондай-ақ табылған шөгінділердің геологиялық түзілісін жан-жақты зерттеу мақсатында екі барлау ұңғымаларын бұрғылау, сонымен бірге байқауға пайдалануға тез енгізу үшін олардың өнеркәсіптік маңыздылығын бағалау көзделіп отыр.

ҚМГ БӨ жақты кен орнын пайдаланушылардың да, Қызмет Көрсету туралы Келісімшартқа сәйкес ҚМГ ҰК көмегімен де, Қазақстанның құрлығында барлау және өндіруге келісімшарттар орнатуда белсенді жұмыс атқарады. Қазіргі уақытта Компания Батыс Қазақстанның кейбір аумақтары және Қазақстанның басқа да аудандарының құрлығы бойынша келешегі бар нысандарды анықтау мақсатында геологиялық деректерге талдау жүргізеді.

2010 жылы ҚМГ БӨ Eastern Gate Management Ltd. Компаниясымен «НБК» ЖШС («НБК») және «Халық Көмір» ЖШС 100% сатып алу және «СапаБарлау Сервис» ЖШС («СБС») 100% туралы келісімі жабылды.

НБК үлесін 100% сатып алу бағасы 35 млн. АҚШ доллары және СБС үлесін 100% сатып алу бағасы 30 млн. АҚШ долларын құрады. Келісімдер ҚМГ БӨ өз қолма-қол ақшасының есебінен қаржыландырылды.

НБК 2027 жылға дейін әрекет ету мерзіміне дейін және тараптардың келісімі бойынша одан әрі ұзарту құқығымен барлау және өндіру келісімшарты негізінде «Батыс Новобогатинск» кен орнын игеруді

<sup>1</sup> Барлауға және 3Д сейсмикалық зерттеуге жұмсалған шығыстарды қосқанда.




жүзеге асырады. Бұл учаске «Ембімұнайгаз» ӨФ аумағымен қиылысады және оның мұнайды дайындау, сақтау және тасымалдау жөніндегі ағымдық инфрақұрылымын толық пайдаланады. Қазіргі уақытта кен орны байқауға пайдалану кезеңінде болып табылады. Бұдан әрі ҚМГ БӨ синергетикалық тиімділікке қол жеткізу және барлау мен өндіруді бірігіп игеруді жүргізу мақсатында НБК активтерін «Ембімұнайгаз» ӨФ активтерімен шоғырландыруды жоспарлап отыр.

СБС өз қызметін барлауға жасалған келісімшарт негізінде, келісімшарттың 2012 жылдың соңына дейін әрекет ету мерзімі бойынша қызмет етеді. Осы лицензиялық жер учаскесі, ҚМГ БӨ геологотехникалық қызметінің пікірі бойынша, тұзасты құрылымдарының елеулі барлау әлеуетіне ие, осыған байланысты келешекте Компания терең тұзасты ұңғымасын бұрғылауды жүзеге асыруды жоспарлау үстінде.

Бұл активтер «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС активтеріне жақын орналасқан. Олардың географиялық тұрғыдан ыңғайлы орналасуы да қосымша басымдылықтар береді.

### 2010 ЖЫЛДАҒЫ 2P САНАТТАҒЫ МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ 293,0 МЛН. ТОННА

- ӨМГ 170,4
- ЕМГ 61,7
- ССЕЛ 50% 33,6
- ПҚИ 33% 15,5
- ҚГМ 50% 11,8



Gaffney, Cline & Associates есептеріне сәйкес:

- ӨМГ, ЕМГ, ҚГМ 31.12.2010 ж.
- ПҚИ 31.03.2009 ж.

Miller and Lents есептеріне сәйкес:

- ССЕЛ 30.11.2010 ж.

Келешекте Компания ҚМГ БӨ арқылы қосымша барлау блоктарын өткізуді көздеп отыр: Темір, Теріскен, Қаратон-Сарқамыс, Өзен-Қарамандыбас кен орындарына тиесілі аумақтар, сондай-ақ геологиялық барлау жобаларының портфелін 10-11 жобаға дейін жеткізіп, үшінші тұлғалардан 2-3 геологиялық барлау активтерін тікелей сатып алу жолын табуды көздеп отыр.

## ТЕҢІЗ

Жоғарыда атап өтілгендей, ҚМГ БӨ «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның 50% акцияларын сатып алу жөнінде мемлекеттік органдармен мәмілелердің келісілуін күтуде. ММГ ҚМГ БӨ -ге Каспий теңізінің қазақстан-дық сектордағы бедеріне екі теңіздік келешегі бар геологиялық барлау активтеріне қол жеткізуге жол ашар еді.

ҚМГ БӨ Каспий теңізіне шығумен байланысты Компанияның стратегиялық ынтасына сәйкес өз портфелінде теңіз активтерінің үлесін арттыруды көздеп отыр.

## БИЗНЕС ГЕОГРАФИЯСЫН КЕҢЕЙТУ

ҚМГ БӨ халықаралық рынокқа шығу мүмкіндіктерін белсенді түрде қарастырады. 2008 жылдан бастап Компания, дербес те, консорциумдардың құрамында да, түрлі елдердегі мұнайгаз кен орындарын барлауға және игеруге қатысты лицензиялық раундтарға қатысты.

2010 жылдың тамыз айында ҚМГ БӨ өзінің геологиялық барлау портфелін алғашқы шетелдік жобамен толықтырды. ҚМГ БӨ мен Би Джи Групп Солтүстік теңіздің Британиялық секторындағы «White Bear» келешекті жобасын бірігіп барлау туралы келісімшартқа қол қойды. ҚМГ БӨ жобадағы үлесі 35%-ды құрайды.

P1722 лицензиялық аумағындағы «White Bear» құрылымы Би Джи Групп – «Эверест» және «Армада» өнімді блоктарына жақын орналасқан. Би Джи қалған қарызды өтеуді өзіне қалдырады және шұғыл басшылықты серіктестер атынан жалғастырады. 2011 жылы келісімшарттық міндеттемелермен қарастырылған бір барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр.

Үлесті беру 2008 жылы қол қойылған талаптар мен ережелерге сәйкес іске асырылды. ҚМГ БӨ осы жобаға қатысуының қаржылық тәуекелдері, жоба аясындағы бұрғылау шығыстары мен басқа да міндеттемелерді қосқанда, көмірсутегіі тапқанға дейінгі кезеңде шамамен 25-30 млн. АҚШ долларында бағаланады.

Осы жобаны экономикалық бағалау барысында ҚМГ БӨ осындай жобалармен байланысты капитал құны мен тәуекелдердің деңгейін ескеретін Компаниядағы қабылданған өтімділік өлшемдерінен шығады.

Осы жобаға қатысу нәтижесінде Компания Каспий қайраңын барлау және өндіру саласындағы жобаларға қатысуды келесі кеңейткенге дейін орташа мерзімді және ұзақ мерзімді келешегін дамыту үшін ҚМГ БӨ аса маңызды болып саналатын теңіз барлауындағы Би Джи тобынан тәжірибеге, білім мен технологияларға қол жеткізеді.

2010 жылдың қазан айында Компания Ирак мұнай Министрлігінің лицензиясы және келісімшарттар Басқармасымен ұйымдастырылған үшінші лицензиялық раунд шеңберінде Korea Gas Corporation (KOGAS) бірігіп, Ирак Республикасының Аккас газ кен орнын игеру жөніндегі тендерді жеңіп алды. Байқау ұсынысы платоға өндіру деңгейін күніне 400 млн куб. фут газ көлемінде қарастырады және сыйақы ставкасын мұнай баламасының барреліне 5,5 АҚШ доллары көлемінде белгілейді.

Үшінші лицензиялық раундтың талаптарына сәйкес, 25% актив Ирактың мемлекеттік компаниясына, ал қалған бөлігі ҚМГ БӨ және KOGAS аралығында теңбетең бөлінетін болады (37,5% те 37,5%).


Аккас кен орны Сирия шекарасымен қатар, Ирактың батыс бөлігіндегі Анвар провинциясында орналасқан. Ирактың Мұнай министрлігінің деректері бойынша кен орнының қоры шамамен - 5,6 трлн. ст. куб. фут газ.

Аккас жобасы ҚМГ БӨ шетелдік портфелін кеңейтумен қатар, оның алғашқы ірі газ активі болып саналады, бұл Компанияның жаңа бағыт – газ бизнесін дамытуға деген ниетін қолдайды.

### ҚМГ БӨ 2P САНАТТЫ МҰНАЙ ҚОРЛАРЫНЫҢ ӨСІМІ МЛН. ТОННА

- ҚМГ БӨ
- ҚГМ 50%
- ССЕЛ 50%
- ПҚИ 33%
- Барлығы

Gaffney, Cline & Associates және Miller and Lents тәуелсіз аудиторларының есептеріне сәйкес



Ирак - кез келген мұнайгаз компаниясы үшін аса тартымды ел, өйткені ол елеулі газ қорымен және өнімнің өзіндік құнының төмен болуымен ерекшеленеді. Мәміленің сараптамалық талдауы оның бірқатар басымдылықтармен қатар ұзақ мерзімді келешекте де, орташа мерзімді келешекте де елеулі пайда әкелетіндігін көрсетті.

ҚМГ БӨ активтері портфеліндегі халықаралық жобалардың үлесін кеңейту арқылы ҚМГ БӨ KMG EP Overseas халықаралық жобаларын басқару жөніндегі мамандандырылған компания құруды көздеп отыр.

## ЖАҢА АКТИВТЕР САТЫП АЛУ

ҚМГ БӨ Қазақстан аумағында активтер сатып алуды Компанияның құрлықтағы орташа келешектегі негізгі даму бағытының бірі ретінде қарастырады.

ҚМГ ҰК өзара қарым-қатынасты және оның қазақстандық заңнамаларға сәйкес Қазақстандағы активтерді сатып алуға қатысты тікелей құқығын пайдалану ҚМГ БӨ Қазақстанда экономикалық тартымды жағдайларда сатып алу мәмілелерін сәтті орнатуға мүмкіндік береді. Осы уақытқа дейін іске асырылған мәмілелер осындай стратегияның жоғары тиімділігін байқатады.

2010 жылдың шілде айында ҚМГ БӨ ҚМГ ҰК-ның келісімі бойынша «Қазақойл Ақтөбе» (ҚОА) ЖШС-нің 50% үлесін, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-нің (ҚТМ) 51% үлесін және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның (ММГ) 100% акциясына ие Mangistau Investments B.V 50% үлесін сатып алу жөнінде мәлімдеді. Мемлекеттік органдармен мәмілелердің келісілуі күтілуде. Алдынала баға бойынша, осы мәміленің нәтижесінде ҚМГ БӨ топтастырылған өнімінің өсуі 27%-дан аса, ал 2P санатты дәлелденген және болжамды қордың өсуі 406 млн. баррельді құрайды (18,5%).

Осы аталған үш активті сатып алу бағасы 750 млн. АҚШ долларын құрады, олардың 350 млн. АҚШ доллары ҚОА қатысу үлесінің 50%-н, 70 млн. АҚШ доллары – ҚТМ қатысу үлесінің 51%-н және 330 млн. АҚШ доллары – Mangistau Investments B.V қатысу үлесінің 50%-н құрайды. Мәмілелердің қаржыландырылуы ҚМГ БӨ өз ақша құралдарының есебінен қамтамасыз етіледі. Сатып алынатын үлестерге сәйкес таза пайданың жалпы сомасы 1 499 млн. АҚШ долларын құрайды, оның 116 млн. АҚШ доллары - ҚОА, 53 млн. АҚШ доллары - ҚТМ және 1 330 млн. АҚШ доллары - MIBV топтастырылған берешегіне жатады.

Мәмілені аяқтау үшін реттеуші органдардан рұқсат алуды және де Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ҚОА және ҚТМ қалған акционерлерінің өзінің тиісті құқығынан жазбаша бас тартуын қосқанда бірқатар талаптарды орындау қажет.

# ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒЫНДАР

4,1

млрд.  
теңге

28

млн.  
ақш доллары



5

ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖАУАПКЕРШІЛІК

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



Әлеуметтік жауапкершілік ҚМГ БӨ қызметіндегі елеулі бағыттардың бірі болып саналады. Компанияның осы саладағы қызметі қауіпсіз әрі оңтайлы еңбек талаптарын қалыптастыруға, жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз етуге, қызметкерлердің үздіксіз кәсіби өсуіне, Компания қызметіндегі аймақтардың тұрақты дамуына ықпал етуге бағытталған.

ҚМГ БӨ әлеуметтік саясатты дербес те, біріккен жергілікті және аймақтық билік орындарымен де қатаң түрде әзірленген бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырады. Компания жыл сайын өндірістік қызмет жүргізетін аймақ тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға және барлық әлеуметтік жобалардың уақтылы және толық көлемде атқарылуына елеулі қаржы бөледі.

### МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚМГ БӨ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ

ҚМГ БӨ өзінің келісімшарттық міндеттемелерінің шеңберінде Жаңаөзен қаласы және Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасына сәйкес, 2008 жылдан бастап жыл сайын 900 млн. теңге бөледі (6,1 млн. АҚШ доллары), олар Жаңаөзеннің коммуналдық-тұрғын үй шаруашылығын дамытуға және қаланың инфрақұрылымын дамытуға бағытталады.

Бұған қоса, ҚМГ БӨ және Маңғыстау облысының әкімдігі аймақтың әлеуметтік жобаларын қосымша қаржыландыру туралы Меморандум орнатты. Меморандумға сәйкес, келісімшарттық міндеттемелерде қарастырылған қаржыға қосымша 2010 жылы Компания қаланың мұқтаждықтарына орай 970 миллион теңгеден (6,6 млн. АҚШ доллары) артық

қаржы бөлді. Осы қаржыға Жаңаөзенде бір мың әлеуметтік жұмыс орындары ашылды, 200 пәтерлік коммуналдық тұрғын үй құрылысы салынауда. Төңірекшің елді мекеніндегі қосалқы шаруашылық 500 гектарға дейін кеңейтілді, 63 аула алаңдары жабдықталды, қала мектептерінің аумағында жасанды жабуы бар 10 спорт алаңқайы орнатылды. Сондай-ақ осы құралдардың есебінен жергілікті Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің коммуналдық қызметтері төленеді.

Компания Сенек ауылын Түйе-Су және Сауысқан кен орындарынан ауыз сумен қамтамасыз етуге қатысты қаржылай көмек көрсету міндетін өз жауапкершілігіне алды.

Мүгедек балалар, көп балалы және әл-ауқаты төмен отбасылар, еңбек және соғыс ардагерлері, жалғызбасты қарттар да назардан тыс қалмайды. Мүгедек балаларға арналған бокс және спорт клубы жөніндегі балалар мен жасөспірімдер федерациясына қолдау көрсетілді. 2010 жылы барлығы демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге Маңғыстау облысына ҚМГ БӨ таза пайдасының есебінен 37 миллион теңге бағыттады (0,25 млн. АҚШ доллары).

Бұған қоса, 2010 мен 2012 жылдар кезеңі аралығында Жаңаөзен қаласында 50 стационарлық орыны бар емдеу-медициналық орталығы салынатын болады. 2010 жылы «Көндірілі» демалыс орталығын қайта кәсібилендіру мақсатында медициналық-сауықтыру орталығының құрылысы, ал Каспий теңізі жағалауында жалпы құны 570 млн. теңгеге (3,9 млн. АҚШ доллар) 250 орындық балалар емдеу орталығы басталды. Бұл мұнайшылар мен олардың отбасы мүшелеріне қайта қалыпқа келтіру ем шаралары мен сауықтыру іс-шараларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚМГ БӨ қамқорлығындағы жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бағдарламасының шеңберінде 3 мыңға жуық адам бар. ҚМГ БӨ - өзінің жұмыс істемейтін зейнеткерлерін демалыс санаторийлеріне жолдама түрінде, Республикалық және аймақтық мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарына жылдық тегін жазылу түрінде материалдық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қазақстандық аз ғана компаниялардың бірі. Компания сондай-ақ Қазақстан

мен таяу шетелдердегі балаларға арналған санаторийлер мен лагерьлерде мұнайшылардың балаларын жаздық демалысқа жіберуді қаржыландыру жауапкершілігін де өз мойнына алды.

Компания аймақтағы спортты дамытуға және салауатты өмір салтына басым назар аударады. Жаңаөзен қаласында жалпы құны 2 млрд. теңгеден асатын көп қызметті дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Спорт кешенінде бокс, дзюдо, айкидо, баскетбол, волейбол, футбол, көркем гимнастикаға арналған залдар қарастырылған. Мұнда 25-метрлік жүзу бассейні, 50-метрлік тир, ауыр атлетика залы бар. Жаңаөзенде сондай-ақ ҚМГ БӨ құрылысын қаржыландырған үш мың орындық стадион да халық игілігіне қызмет атқаруда.

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

2010 жылы ҚМГ БӨ кен орнын пайдалану келісім-шарттары бойынша міндеттемелердің шеңберінде Атырау облысының 2010-2014 жылдарға арналған Әлеуметтік даму бағдарламасында қарастырылған жобаларын қаржыландуға 276,5 млн. теңге (1,9 млн. АҚШ доллары) аударды.

Бұған қоса 2010 жылы ҚМГ БӨ мен Атырау облысы әкімдігі аралығындағы аймақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау жөніндегі Әлеуметтік серіктестік бағдарламасына сәйкес, Компания Мақат, Қызылқоға, Жылыой және Махамбет аудандарының әлеуметтік жобаларына 970 млн. теңге бөлді (6,6 млн. АҚШ доллары). Мысалы, Комсомол, Қошқар, Бек-Бике ауыл тұрғындарын қайта қоныстандыру жүзеге асырылды, осы мақсатқа 750 млн. теңге (5,1 млн. АҚШ доллары) жұмсалды. Мақат ауданында өкпе ауруымен науқастанғандарға арналған реабилитациялық орталық ашылса, Қызылқоға ауданындағы Миялы ауылында 2011 жылы пайдалануға берілетін дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жобалануы мен құрылысы басталды.



Будан басқа, ҚМГ БӨ Мақат ауданының Байшонас және Ескене ауылдарының коммуналдық мекемелерін жанар-жағар майымен қамтамасыз етуді жалғастырады.

ҚМГ БӨ жыл сайын «Ақ-Бота» балалар үйіне, мүгедек балалар үйіне, мүгедек аналар Қоғамына, мүгедектер мен зағип жандар Қоғамына, Атырау қаласының әл-ауқаты төмен және көп балалы отбасыларына, спорттық мекемелерге демеушілік және қайырымдылық көмек, сондай-ақ ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне материалдық көмек көрсетеді. 2010 жылы осы мақсаттарға шамамен 125 млн. теңге (0,8 млн. АҚШ доллары) бағытталды.

## «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС ЖОБАЛАРЫ

«Қазгермұнай» БК» ЖШС әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігінің бірі – бұл облыс әкімдігімен әлеуметтік-экономикалық даму Меморандумына қол қоюы.

2010 жылдың мамыр айында «Қазгермұнай» «Игілік» корпоративтік қорына аймақтың экономикасы мен әлеуметтік аясын дамыту үшін 2 млн. АҚШ доллары көлеміндегі соманы бөлді.

Бұған қоса, компания облыс әкімдігінің келісімі бойынша жыл ішінде білім беру, денсаулық сақтау, спортты дамыту салаларына әлеуметтік қолдау ретінде, мәдени мұралар нысандарын қолдауға, барлық топтағы мүгедектерге, мүмкіндігі шектеулі балаларға, Қызылорда облысы халқының әл-ауқаты төмен топтарына демеушілік көмек ретінде 1 млн. АҚШ долларын бөлді. Жалпы өткен жылы облыс халқының әлеуметтік мұқтаждығына 600 млн. теңгеден аса (4,1 млн. АҚШ доллары) қаржы бөлінді.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС бүгінгі таңда қаланың қажеттілігін 2010 жылы облыс әкімдігімен келісілген текше метрі 20 теңге мөлшерінде белгіленген бағамен жеткізілетін құрғақ газбен 100% қамтамасыз ететін облыстағы жалғыз компания болып саналады.

Қол жеткізген жетістіктері үшін «Қазгермұнай» БК» ЖШС «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» номинациясы бойынша «Парыз 2010» Республикалық байқауының лауреаты атанды.

## «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ЖОБАЛАРЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ негізінен халықтың әл-ауқаты төмен топтарының мәселелерін шешуге, білім беру саласына және аймақтың инфрақұрылымын дамытуға бағытталған Маңғыстау облысының әлеуметтік-маңызды жобаларын белсенді түрде қолдайды.

2010 жылы Ақтау-Қаламқас жолын жөндеуге және құрылысына және Форт-Шевченко қаласы, Баутино, Аташ селоларының әл-ауқаты төмен және әлеуметтік әлсіз топтарының үйлерін газдандыруға бағытталған демеушілік көмек ретінде шамамен 300 млн. теңге бөлінді (2 млн. АҚШ доллары). Бұған қоса, ҰОС ардагерлеріне, Қазақстан бокс федерациясының спортшыларына көмек көрсетіліп, сондай-ақ аймақтағы ауқымды спорттық және мәдени іс-шаралар қаржыландырылды.

## «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.» ЖОБАЛАРЫ

«ПетроҚазақстан» бірінші кезекте халықтың әлеуметтік қамсыздандырылмаған топтарына көмек көрсетуге; білікті мамандарды қолдауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға; бұқаралық спортты қолдауға; экологиялық және білім беру жобаларын қолдауға бағытталған бағдарламаларға қолдау көрсетуге ұмтылады. Осы жұмысты тұрақты негізде жүргізу мақсатында Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Компания бірқатар ауылдарды газдандыруға, телефон орнатуға, ауыз су және электр қуатымен қамтамасыз етуге қаржылай көмек көрсетеді, мәдениет пен спортты дамытуға үлес қосады.



2000 жылдан бастап Қызылорда облысында «ПетроҚазақстан» компаниясының қолдауы шеңберінде «Жастардың жетістіктері» Аймақтық орталығы» Қоғамдық қоры жұмыс істейді. Бұл қордың негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын экономика заңдарымен таныстыру, оларға кәсіпкерліктің тәжірибелік дағдыларын үйрету болып табылады. Қор қызметінің қаржылық қолдауы 37 мың мектеп оқушысына нарықтық қатынастар заңдарын игеруге мүмкіндік берді. Бұған қоса, орталықта облыстың 120 мұғалімі оқу оқып, сертификаттар алды.

«ПетроҚазақстан» компаниясы бірнеше жыл бойы облыстың бірқатар орта мектептерінің, сондай-ақ №4 Сайрам балалар үйінің демеушісі болып келеді. Компанияның қаржылық қолдауы барысында Шымкентте аймақта жалғыз балет мектебі жұмыс істейді, мұнда 250-ге жуық бала оқиды, олардың 38-і Сайрам ауданының №4 балалар үйінің және «Көмеш Бұлақ» балалар үйінің тәрбиеленушілері.

Түрлі спорттық мекемелерге қолдау көрсетумен қатар, «ПетроҚазақстан» Джиу-Джитсу Ұлттық федерациясының демеушісі болып табылды. Федерацияның спортшылары халықаралық деңгейдегі жарыстарға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындар алып, Қазақстанның атын жақсы қырынан танытып келеді.

Алматыда компания «Мейірімділік Ерікті Қорына» белсенді қолдау көрсетеді, «Балаларға өмір сыйла» қоры акциясын іске асырудың тұрақты серіктесі болып табылады. Бұл Қазақстандағы жазылмайтын ауруға душар болған балаларға көрсетілетін көмек.





## ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTY

ҚМГ БӨ басшылығы Компания жұмысшыларының мүддесіне жауап беретін сенімді еңбек жағдайын жасауды өнімділікті арттырудың ең маңызды аспектілерінің бірі деп санайды.

ҚМГ БӨ «Өзенмұнайгаз» (ӨМГ) өндірістік филиалының құрылымдық бөлімдерінің 2009-2012 жылдарға арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту Бағдарламасын әзірледі. 2010 жылы осы аталған мақсаттарға 1 млрд. 600 млн. теңге (10,9 млн. АҚШ доллары) бөлінді. Бұл құралдар құрылымдық бөлімдерге жаңа асхана, шаруашылық-тұрмыстық блоктарының құрылысына, топтық қондырғыларда жұмыс істейтін операторларға арналған модульдік блоктар сатып алуға және орнатуға бағытталған. Медициналық бөлімшелердің құрылысы жүзеге асырылуда, жедел жәрдем машиналары және ыстық тамақ тасуға арналған арнайы машиналар сатып алынды, қызметкерлерді тасымалдауға арналған автобустер паркі жаңартылды.

Компания жыл сайын «Ембімұнайгаз» (ЕМГ) өндірістік филиалының құрылымдық бөлімдерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға қаржы бөледі. 2009-2010 жылдарға арналған

шығыстар бюджетіне сәйкес шамамен 700 млн. теңге (4,7 млн. АҚШ доллары) мұнай кен орындарындағы асханалар мен қолданыстағы жатақханаларды жөндеуге және жаңадан салуға, тұрмыстық жабдықтарды ауыстыруға, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін реконструкциялауға бөлінген.

## КАДРЛАР САЯСАТЫ

Компания өзінің ұзақ мерзімді өсімінің қамтамасыз етілуінің негізгі факторын кадр әлеуетін дамытуда деп біледі.

Адамзат капиталына салынған инвестициялар Компанияның стратегиялық әлеуеті болып табылады. ҚМГ БӨ қызметкерлердің кәсіби дамуына, сондай-ақ олардың кәсіби таланттарын және шығармашылық бастамаларын ашуға ықпал ететін болады. Өз кезегінде ҚМГ БӨ қызметкерлерден Компанияны дамытуға үлес қосуларын арттыруды күтеді.

Компанияның кадрлар саясаты адамзат ресурстарын оңтайлы тарату, мекеменің пайда табуымен байланысты еңбекті ынталандырудың оңтайлы кестесін жасау және де адамдарды сыйлауға негізделген моральдық-психологиялық ахуал жасау мақсатында ҚМГ БӨ стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін есепке алғанда мамандардың қажеттіліктерін айқындауға бағытталған.

ҚМГ БӨ қызметкерлерінің біліктілігі тек жұмысқа қабылданған сәтте ғана бағаланбайды. Мерзімді түрде Компания жұмысшылары аттестациялаудан өтеді, бұл әрбір жұмысшының кәсібилік деңгейін нақты анықтауға; оның күшін өз жұмысының және тұтастай алғанда Компанияның жұмысының тиімділігін толық шамада бағалауға; менеджердің есепті кезеңдегі жұмысының тиімділігін және Компанияның мақсаттарын іске асырудағы оның үлесін толық көлемде бағалауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Компанияда Қазақстанның мұнайгаз саласында көп жылдық тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар, сондай-ақ шетелде білім алып жатқан әрі шетелдік компанияларда тәжірибе жинақтаған жас мамандар жұмыс істейді. Мұның барысында

жұмысшылардың біліктілігін арттырудың қажет екендігі дау туғызбайды. Қызметкерлерге жұмыстың жаңа әдістерін оқытпай, жаңа техникалар мен технологияларды пайдаланбай, жұмыс дағдылары мен білім-біліктерін жақсартпайынша жоғары өндірістік және экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкін емес.

2010 жыл бойы семинар, тренинг, сертификациялық бағдарламалар, конференцияларға қатысу арқылы Компанияның 4 500 аса жұмысшыларының біліктілік деңгейін көтерді.

Компанияның жұмысшыларын, инженерлік-техникалық қызметкерлер құрамын оқыту мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Жыл бойында жұмысшылар мемлекеттік қорғаныс және төтенше жағдай, еңбек және өнеркәсіптік қауіпсіздікті, бұрқаққа қарсы қауіпсіздікті қорғау, қауіпті жүктерді және т.б. тасымалдау курстарынан өтті.

Корпоративтік басқару, Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында 2010 жылы орталық аппарат пен филиалдардың менеджментіне арналған бірқатар корпоративтік тренингтер өткізілді.

Есепті жыл ішінде оқуға 500 млн. теңгеден аса (3,4 млн. АҚШ доллары) қаржы жұмсалды.

Компания ҚМГ БӨ даму стратегиясын түсіндіру жұмыстарына, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларына көп көңіл бөледі. 2010 жыл ішінде Компанияның профиліді блоктарының жұмыс топтары еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізді, мұнда еңбек ақыны орта есеппен 25%-ға арттыруды қарастыратын еңбек ақының жаңа жүйесі ұсынылды. Өндірістік филиалдардың кәсіподақтарымен бірігіп, жұмысшылар мен жұмыс берушінің еңбек қатынастарының деңгейін, қызметкерлерге арналған кепілдемелер мен жеңілдіктерін, еңбек ақының формасы мен көлемін, өтемақы мен материалдық көмек төлеу, жұмыс уақытының нормасы мен демалыс уақытын анықтайтын 2011-2013 жылдарға арналған ұжымдық шарт жасалды.


Компания басшылығы еңбек ұжымдарының өкілдерімен жүйелі түрде кездесулер, жиналыстар өткізеді, мұнда кәсіподақ төрағалары және өндірістік филиалдардың еңбек ұжымдарының бейресми көшбасшыларының қатысуымен қызметкерлерді дамыту, жұмыс жағдайын және кадрлар саясатының басқа да мәселелері талқыланады.

Белсенді түсіндіру жұмыстарын, әлеуметтік-кадрлар жұмысының өзекті мәселелерін талқылау мақсатында Компания «Мұнайлы мекен» корпоративтік газетін шығарады, бұл газетті ҚМГ БӨ барлық жұмысшылары алады.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІКТЕР ШЫҒЫНДАРЫ МЛРД. ТЕҢГЕ

- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы
- Басқа

KZT/USD, орташа бағам:  
2007 - 122,55; 2008 - 120,29;  
2009 - 147,50; 2010 - 147,35





ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ  
ШАРАЛАРЫ

6,6 МЛРД. ТЕҢГЕ  
44,7 МЛН.  
АҚШ ДОЛЛАРЫ

6

ЕҢБЕК ЖӘНЕ  
ҚОРШАҒАН  
ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

# ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



## ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ

ҚМГ БӨ еңбекті қорғау басқару элементтерінің негізгілерінің бірі болып саналады. Компания қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелердің бірінші басшыларының өндірістік үдерісті жүзеге асыру барысында еңбек және табиғи заңнамалардың нормалары мен талаптарын сақтауға қатысты жеке жауапкершілігі белгіленген. Өткізілетін іс-шаралар еңбек жағдайын жақсартуға, апаттарды ескертуге, олардың салдарын таратпауға және жоюға дайындықпен қамтамасыз етуге, үшінші тұлғалар және қоршаған ортаға келтірілген шығыстардың кепілді өтелуіне бағытталған. Барлық іске асырылатын іс-шаралар қаржы құралдарымен бекітілген және жылдан жылға жүз пайыздық көлемде орындалады.

Компанияда тұрақты қызмет істейтін комиссия еңбек және қоршаған ортаны қорғау жағдайын тексеріп, талдау жүргізеді, құрал-жабдықтардың, қорғаныс құралдары мен өндірістік ортаның қауіпсіздік ережелерінің талаптарына, қауіпсіздік нормаларына және халықаралық стандарттарға сәйкестік дәрежесі бағаланады.

Кәсіби науқастануын емдеу және төмендету мақсатында ҚМГ БӨ өндірістік филиалдары мен орталық аппаратының қызметкерлері жыл сайын медициналық тексеруден, жүргізушілер мен басқа да қызметкерлер ауысымды медициналық куәландырудан өткізіледі.

Мұнай компанияларының өндірістік нысандары қауіпті нысандар қатарына жатады, осыған орай, ҚМГ БӨ қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен байланысты жағдайлардың пайда болу тәуекелін төмендету мақсатында белсенді жұмыстар атқарады. Соңғы жылдардың талдауы өндірістік жарақат алудың азайғандығын көрсетеді,

бұған қарамастан, жазатайым жағдайлар мәселесі әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. 2010 жылы Компанияның өндірістік нысандарында қауіпті өндірістік факторлардың әсерімен байланысты 3 жазатайым оқиға орын алды.

Жазатайым оқиғалардың саны 2010 жылы Компания құрылған 2004 жылмен салыстырғанда, 4 есе төмендеді. Осыған сәйкес, жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті 4 есеге азайды.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқаратын міндеттері келесі: озық технологияларды пайдалану арқылы қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету; қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы сақтау; Сапаны Бақылау жүйесін (ISO 14001) енгізуді, Қоршаған Орта Жағдайын Басқару жүйесін енгізуді қолдау; өндіріс қалдықтарын жою, ластанған жерлерді жабу.

Компанияның қызметі экология, еңбек және денсаулық қорғау салаларындағы еңбек пен денсаулықты қорғаудың қолданыстағы талаптарын және мұнай кен орындары жасаудың адал халықаралық тәжірибесінде қолданылатын әдістер мен тәжірибеге сәйкес талаптарды орындау арқылы жүзеге асырылады.

2010 жылы Компания табиғи қорғау іс-шараларын іске асыруға 6,6 млрд. теңге (44,7 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде қаржы бөлді.

Бұл қаржы түзілуінің өзіндік тарихи кезеңі бар ластанған жерлерді жабуға, өндірістің жинақталған қалдықтарын жоюға, Каспий теңізі акваториясының ластануын ескерту, сондай-ақ қоршаған орта жағдайына экологиялық мониторингтік бақылаулар жүргізуге бағытталған.


Экологиялық заңнамалардың нормаларын сақтау мақсатында, Компания ағымдағы жылы Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінен экологиялық рұқсаттар алды, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орындалуы міндетті болып саналатын іс-шаралардың жоспарлары келісілді.

Бұған қоса, экологиялық бақылау Бағдарламасы жасалды және Қоршаған ортаны қорғау Министрлігімен, оның негізінде кен орындарының табиғи экожүйесінің жағдайын тұрақты қадағалау жүзеге асырылады.

Компания жыл сайын өзінің өндірістік нысандарында қоршаған ортаның компоненттеріне экологиялық мониторинг жүргізеді. Бұл мақсаттар үшін Компания талдау жүргізуге қатысты қажетті рұқсат құжаттамаларға, лицензиялар мен аккредитацияланған зертханалары бар мамандандырылған мекемелерді тартады.

### КОМПАНИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАРЫ МЛРД. ТЕҢГЕ

KZT/USD, орташа бағам:  
2007 - 122,55; 2008 - 120,29;  
2009 - 147,50; 2010 - 147,35







Жыл сайын тарихи мазутталған жерлерді жою жөніндегі іс-шараларды инвестициялау прогрессивті қарқынмен артып келеді. Компания биотехнологиялар мен техникалық рекультивацияларды пайдалану арқылы мазутталған топырақты қайта өңдеу, ластанған жерлерді тазалау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады. Бұл мақсаттар үшін Компания қажетті рұқсат құжаттамаларға, лицензиялары мен қажетті жабдықтары және кәсіби мамандары бар мамандандырылған мекемелерді тартады.

2010 жылы мазутталған топырақты қайта өңдеу көлемі 120 000 тоннаны, биотехнологияларды тазаланған жер – 106,4 га, техникалық рекультивацияны пайдану арқылы тазаланған жер – 0,816 га құрады.

## ІЛЕСПЕ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ілеспе газды пайдаланудың бекітілген Бағдарламасының шеңберінде 2005 жылдан 2010 жылға дейін «Ембімұнайгаз» ӨФ 8 нысанындағы жұмыстар аяқталды, және 2011 жылдан бастап «Өзенмұнайгаз» ӨФ нысандарындағы сияқты осы нысандарда ілеспе газды толық пайдалану жүзеге асырыла бастайды.

Өндірілетін ілеспе газды аса оңтайлы пайдалану мақсатында оны өндірістік филиалдардың мұқтажына сай пайдалану көлемі арттырылды. Қабылданған шаралар газды алауға жағуды төмендетуге және ілеспе газды 65%-ға дейін пайдалануды арттыруға мүмкіндік берді.

ІМГ тазалаудың жоғары тереңдігін және күкіртсутегін қарапайым күкіртке қайта түзудің жоғары дәрежесі кен орындарының Прорва тобындағы ілеспе мұнай газының (ІМГ) күкіртін тазалау технологиясын көп кезеңді таңдауы жүзеге асырылды.

2011 жылы кен орындарының Прорва тобының газын тасымалдау жобасын іске асырудың екі нұсқасы қарастырылатын болады. Бұл - ЦПС Прорва газ құбырының құрылысы – ұзындығы 75 шақырым, УПГ «Толқынмұнайгаз» ЖШС (Боранкөл ГҚЖ) немесе ЦПС Прорва газ құбырының құрылысы – ұзындығы 110 шақырым келетін МГ САЦ (Тірек).

Газды толық пайдалану қажеттілігін ескере отырып, ҚМГ БӨ 2014 жылға дейін ілеспе газды УПГ «Толқынмұнайгаз» ЖШС немесе МГ САЦ жүйесіне тасымалдауға болатын Прорва тобы кен орындарында табиғи газ өндіруді ұйымдастыруды жоспарлап отыр.



**КОРПОРАТИВТІК  
БАСҚАРУ ТУРАЛЫ  
АҚПАРАТ**

**7**

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

## БІРЛЕСКЕН КОДЕКСТІ САҚТАУ

Жылдық есептің осы тарауы Ұлыбританияның Қаржылық қызметтері жөніндегі Басқарманың ашып көрсету және ашықтық ережесіне (FSA's Disclosure and Transparency Rules) DTR 7.2 сәйкес жасалынды (Корпоративтік басқару жөніндегі ереже).

ЖДҚ-тары Ұлыбританияның Листингтік агенттігінің Ресми Тізіміне енгізілген шетелдік компания ретінде Компания Ұлыбританияның Корпоративтік Басқару Кодексін немесе Бірлескен кодекс деп аталатын алдыңғы нұсқасын сақтауға міндетті емес. Бірақ, DTR 7.2 сәйкес, Компания өзінің жылдық есебінде сақталуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпарат сияқты, өзінің қазақстандық корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы ақпарат беруге міндетті. Бұған қосымша Компания өз қолданыс тәжірибесіндегі корпоративтік басқарудың Бірлескен кодексте сипатталған тәжірибеден айырмашылығы туралы ақпарат береді. Мұның барысында, директорлар корпоративтік басқарудың маңыздылығын мойындай отырып, Компаниядағы корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын мойындайды.

Компания корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері жөніндегі Ұлыбританиядағы тәуелсіз реттеуші – Қаржылық есеп жөніндегі кеңеспен (Financial Reporting Council)– 2010 жылдың 29 маусымынан кешікпей басталатын кезеңдер үшін, Ұлыбританиядағы сыйақылық листингті меңгерген компаниялардың есебіне қолданылатын корпоративтік басқару Кодексінің 2010 жылдың мамыр айында қабылданғанын атап өтті. Осылайша, Компания Ұлыбританияның корпоративтік басқару Кодексінің 2011 жылғы есепте сәйкес сәйкестігі туралы ақпарат ұсынады.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Қазақстанда корпоративтік басқарудың ең үздік практикасы қазақстандық корпоративтік басқару кодексінде баяндалған. Корпоративтік Басқарудың қазақстандық кодексі Корпоративтік Басқару саласындағы бар халықаралық тәжірибе мен 2002 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жанындағы Бағалы Қағаздар Рыногы

мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің шешімімен бекітілген қазақстандық акционерлік қоғамдардың Корпоративтік Басқарудың принциптерін қолдануы жөніндегі ұсынымды ескере отырып жасалған. Кодексті 2005 жылдың наурызында Қазақстанның Қаржыгерлер Ассоциациясының Кеңесі және 2005 жылдың ақпанында Эмитенттер Кеңесі мақұлдаған.

2010 жыл ағымында Компания корпоративтік басқарудың қазақстандық Кодексінің ережелерін барлық елеулі аспектілерде сақтады.

Компания корпоративтік басқарудың қазақстандық Кодексін өзінің корпоративтік басқару Кодексі ретінде, Бірлескен кодексінің ережелері енгізілген өзгерістерімен қабылдады. Компания қабылдаған өзгерістер ҚМГ БӨ корпоративтік басқару жөніндегі қосымша міндеттемелерін белгілейді. Компания осы қосымша өзгерістер Компаниямен қабылданған корпоративтік басқарудың режимдерін елеулі түрде нығайтады деп есептейді. ҚМГ БӨ сондай-ақ Ұлыбританиялық корпоративтік басқарудың Бірлескен кодекстің басқа ережелерін назарға алады және келешекте корпоративтік басқарудағы өзінің стандарттарын жетілдіруге ұмтылатын болады.

Компанияның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қосымша корпоративтік басқару кодексін қосымша ережелері (нақты айтқанда Қазақстандық корпоративтік басқару Кодексі):

- Корпоративтік басқарудың қосымша принциптері енгізілді:

Қоғамның тәуелсіз қызметінің принципі.  
Жауапкершілік принципі.

- Кейбір принциптер түрлі ережелермен толықтырылды, атап айтқанда:

Әлеуметтік саясат принциптері.

Компания акционерлерімен өзара қатынас құрылымы туралы ереже.

Директорлар кеңесі Төрағасы мен CEO бас директор арасында өкілеттікті бөлу.

Директорлар кеңесі Төрағасының міндеттерін сипаттайтын ережелер.

Тәуелсіз директорлардың саны аз болуы туралы талаптар.

Тәуелсіз директорлардың «тәуелсіздігінің» бекітілу талаптары мен принциптерін реттейтін.

Бірлескен Кодекс талаптарына сәйкес қосымша ережелер.

Компания директорлары үшін біліктілікті арттыру және ақпаратқа қолжетімділік туралы ережелер.

Директорлардың сыйақыларының принциптерін реттейтін ережелер.

Ішкі ақпаратты қорғау туралы ережелер.

Компанияның корпоративтік басқару Кодексінің қазіргі редакциясы мен корпоративтік басқару ережелерінің сипаттамасын ҚМГ БӨ сайтында оқуға болады.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ МЕН БІРЛЕСКЕН КОДЕКСТІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Төменде Компанияның Корпоративтік басқару кодексі мен Бірлескен кодекстің ережелерінің арасындағы негізгі айырмашылықтар сипатталған.

- Бірлескен кодекс атқарушы емес директорлардың Директорлар кеңесінің төрағасы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін кемінде жылына бір рет және басқа жағдайларда қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесі төрағасының қатысуынсыз мәжіліс өткізуді қарастырады. ҚМГ БӨ корпоративтік басқару кодексінде бұл талап қойылмаған.

2010 жылы төрағаның қатысуынсыз тәуелсіз директорлардың сегіз мәжілісі өткізілді, онда мына мәселелер талқыланды: Компанияның даму стратегиясының жаңа редакциясын өзірлеу, Қазақстан Республикасы және одан тысқары мемлекеттердегі мұнайгаз активтерін сатып алу жөніндегі жобалар, Компанияның өзінің мажоритарлық акционерлерімен өзара байланысы, Компанияның ақша құралдарын басқару және ақша құралдарын басқару жөніндегі Саясатты сақтау, ішкі аудит және сыртқы бақылау мәселелері, Директорлар кеңесіне және Басқармаға тағайындаулар және сабақтастық саясаты.

Директорлар кеңесі төрағасы қызметін бағалау арнайы жүргізілген жоқ. Директорлар кеңесінің 2010 жылғы қызметін тәуелсіз консультант бағалады. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы аса толық мәлімет осы есептің 55-ші бетінде берілген.

- Бірлескен кодекстің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесінің төрағасы қызметке тағайындалғаннан кейін Бірлескен кодексте тұжырымдалған тәуелсіздік өлшемдерін қанағаттандыруы тиіс.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде Директорлар кеңесінің төрағасын тағайындауға қатысты ереже енгізілген жоқ, және директорлардың пікірі бойынша, Директорлар кеңесінің төрағасы Бірлескен кодекстің тиісті ережесінде баяндалған тәуелсіздік өлшемдерін немесе Компанияның корпоративтік басқару Кодексінің тиісті ережелерін қанағаттандырмас еді.

Аудит жөніндегі комитет туралы Ереже Директорлар кеңесі төрағасы Бірлескен кодексте мұндай мүмкіндік қарастырылғандығына қарамастан, Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болмауы тиіс екендігін көздейді. Бұл айырмашылық Директорлар кеңесінің төрағасы ірі акционердің өкілі екендігі туралы жағдайға сүйене отырып, Аудит жөніндегі комитет туралы Ережеде арнайы көзделген.

- Бірлескен кодекс Директордың кеңесінің төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы атқарушы емес директорлар, оның үстіне, кеңестің белгілеуі бойынша тәуелсіз атқарушы емес директорлар болуы тиіс екендігін көздейді. Бұған қарағанда, Компанияның Корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз атқарушы емес директорлар болуы қажет екендігін көздейді.

2010 жылдың наурыз айында Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамы сайланған мерзім аяқталды. Мұның барысында, тәуелсіз директор Кристофер Маккензи 2010 жылдың 26 наурызында өткен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында Компанияның Директорлар кеңесінің қайта сайлауына өз кандидатурасын ұсынбау туралы шешім қабылдады. Мәжіліс қорытындысы бойынша тәуелсіз үш директордың ішінен екеуі қайта сайланды, олар: Пол Мандука және Эдвард Уолш. Компания Жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің саны уақытша вакансиялардың болмауына қарай сегіз адамнан төмен болмауы тиіс, мұның үстіне Кеңестің үштен бірінен көбін тәуелсіз директорлар құрауы керек. Осылайша, тәуелсіз директордың бір қызметі жаңа тәуелсіз директор тағайындағанға дейін уақытша ваканттық орын болды. Осыған орай, 2010 жылдың 25 мамырында Директорлар кеңесі акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында жартысынан көбін тәуелсіз директорлар құрайтын Тағайындаулар жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша Филип Дэйер Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде тағайындалды.

Компания Жарғысына сәйкес, қызығушылықпен жасалған мәмілелерді қосқанда, бірқатар негізгі мәселелер тәуелсіз директорлардың басым көпшілігімен мақұлданып талап етеді. Компания Жарғысымен корпоративтік веб-сайт арқылы танысуға болады.

- Бірлескен кодекс, Кеңес тәуелсіз атқарушы емес директорлардың бірін аға тәуелсіз атқарушы емес директор ретінде сайлауы қажет екендігін де айтады.

Директорлар кеңесі қазіргі уақыттағы бар акционерлік құрылымды ескере отырып, аға тәуелсіз атқарушы емес директорды тағайындаған жоқ. Аға тәуелсіз атқарушы емес директордың болуы талабы ауық-ауық қайта қаралатын болады.

## ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Компанияны Корпоративтік Басқару Кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық есебі мен қаржылық есептілігінің дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады.

Ұлыбританияның Листингтік Агенттігінің Ашып көрсету және Ашықтық ережесіне (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) сәйкес осы Жылдық есепте (12-15 бетінде) көрсетілген Компания директорларының өз қолданыстарындағы ақпараттарға сүйене отырып, былай дәлелдейді:

- ҚХС сәйкес дайындалған, еншілес компаниялармен балансы тұтас қосылған Компанияның активтерін, міндеттемелерін, қаржылық жағдайын және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін шынайы да дұрыс көрсететін қаржылық есептілік; және
- басшылықтың Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижелері мен оның еншілес кәсіпорындармен топтастырылған нәтижелері бойынша есебі олар бетпе-бет түйісетін маңызды тәуекелдер мен дүдәмалдықтарды сипаттау мәселелерін қамтиды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі құрамында 8 мүше болды, олар:

Аты-жөні	Лауазымы
Асқар Балжанов	Директорлар кеңесінің төрағасы
Кенжебек Ибрашев	Директорлар кеңесінің мүшесі (бас директор)
Ержан Жанғауылов	Директорлар кеңесінің мүшесі
Төлеген Бозжанов	Директорлар кеңесінің мүшесі
Әсия Сырғабекова	Директорлар кеңесінің мүшесі
Филип Дэйер	Тәуелсіз директор
Пол Мандука	Тәуелсіз директор
Эдвард Уолш	Тәуелсіз директор

Өкілеттілік мерзімінің аяқталуына байланысты, Директорлар кеңесі ҚМГ БӨ Жарғысының 12.2 бабының 2 тармағына сәйкес, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын 2010 жылдың 26 наурызында шақыртуға шешім қабылдады, мұнда келесі өзгерістер қабылданды:

- Директорлар кеңесінің төрағасы Қайыргелді Қабылдин және Компанияның тәуелсіз директоры Кристофер Маккензи өз кандидатураларын Компанияның Директорлар Кеңесіне ұсынбауды шешті.
- Ірі акционер ҚМГ ҰК-ның Директорлар кеңесіне кандидатуралар ұсыну туралы ұсынысына сәйкес, Әсия Сырғабекова ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.

- ҚМГ БӨ Жарғысының 12.16 бабына сәйкес, Директорлар кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан оның мүшелерінің ба-сым дауыс санымен сайланады. Осыған орай, 2010 жылдың 30 наурызы күні Директорлар кеңесінің шешімімен Асқар Балжанов Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайланды.

- 2010 жылғы 25 мамырдағы акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес, Филип Дэйер Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Корпоративтік басқару Кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар фактісін белгіледі және Филип Дэйер, Пол Мандука және Эдвард Уолш сипаты жағынан да және шешім қабылдау барысында да тәуелсіз болып табылады деп санайды. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешіміне елеулі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қандай да бір қатынастар немесе жағдайлар жоқ деп бекітті.

## БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ

2010 жылы Компанияның Басқарма құрамына бас директор мен оның орынбасарларын қосқанда, жоғары звено жетекшілері кірді.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма мүшелері:

Жетекшінің аты-жөні	Компаниядағы қызметі
Кенжебек Ибрашев	Бас директор және басқарма төрағасы
Владимир Мирошников	Бас директордың бірінші орынбасары – Ақтау қаласындағы жедел басқару тобының жетекшісі
Жаннета Бекежанова	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Асқар Әубәкіров	Бас директордың корпоративтік даму және активтерді басқару жөніндегі орынбасары
Тарас Хитуов	Қызметкерлер және әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор
Киікбай Ешманов	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры
Жұмабек Жамауов	«Ембімұнайгаз» ӨФ директоры

2010-2011 ж.ж. ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма құрамына келесі өзгерістер енгізілді:

- 2010 жылы 26 қаңтарда Басқарма мүшелері Дауылбай Абылханов пен Қайролла Ережеповтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды. Басқарма мүшесі етіп Бағытқали Бисекен сайланды («ӨМГ» ӨФ директоры).
- 2010 жылы 30 наурызда Басқарма мүшесі Бағытқали Бисекеннің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды. Осыған орай, Киікбай Ешманов Басқарма мүшесі етіп сайланды және «ӨМГ» ӨФ директоры етіп тағайындалды.
- 2010 жылы 21 қыркүйекте Тарас Хитуов Басқарма мүшесі болып сайланды.
- 2010 жылы 13 желтоқсанда Басқарма мүшесі Ізтұрған Баймұхановтың («ЕМГ» ӨФ директоры) өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды. Басқарма мүшесі болып Жұмабек Жамауов сайланды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Компанияның Директорлар кеңесі, Басқармасы және Бас директорының арасындағы өкілеттіктерді бөлу 12 және 13 тармақтарда Компанияның Жарғысымен белгіленеді.

Директорлар кеңесі акционерлердің алдында Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін жауапкершілікте болады және бекітілген шешім қабылдау жүйесіне сәйкес іс-әрекет етеді. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды функциясы Компанияның стратегиялық даму бағыты мен саясатын айқындау, мұнайгаз активтерін ықтимал сатып алулар туралы шешім қабылдау және қаржылық сипаттағы басқа да елеулі мәселелер болып табылады.

Басқарма, өз кезегінде, аталған функцияларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін және Компанияның ағымдағы операциялық қызметі үшін жауапкершілікте

болады. Басқарма Компанияның мақсаттарына қол жеткізу бойынша істелген жұмыстардың жай-күйі үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

Директорлар кеңесі мәжілісін тұрақты негізде және қажеттілігіне қарай өткізеді.

2010 жылы Директорлар кеңесі 21 мәжіліс өткізді, оның ішінде 7 мәжіліс - қатысып отырып дауыс беру жолымен және 14 мәжіліс сырттай дауыс беру жолымен өтті.

Жыл бойында Директорлар кеңесі келесі мәселелерді қарастырды:

- Компанияның 2010-2020 ж.ж. арналған даму Стратегиясын бекіту.
- Компанияның мұнайгаз активтерін сатып алуы: «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-нен 51% қатысу үлесі; «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-нен 50% қатысу үлесі; «Mangistau Investments B.V.» 50% қатысу үлесі; «НБК» ЖШС-нен 100% қатысу үлесі; «СапаБарлауСервис» ЖШС-нен 100% қатысу үлесі; Ural Group Limited 50% қатысу үлесі; Маңғыстау және Атырау облыстарындағы көмірсутегі шикізаттарын барлауды жүргізу келісімшарты бойынша кен орнын пайдалануға 100% құқық.
- Компанияның Солтүстік теңіз жобасына, Ирак Республикасындағы үшінші лицензиялық раундқа қатысуы.
- Компанияның «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары кен орындарының келешек даму жоспарын қарау.
- ҚМГ ҰК облигацияларын сатып алу.
- Компанияның артықшылықты акцияларын кері сатып алу бағдарламасы.
- Ақша құралдарын басқару саясатын сақтау мәселелері.
- Компанияның өткен жылғы топтастырылған қаржылық есебін алдын-ала бекіту.
- Аффилирленген тұлғалармен – ҚМГ ҰК еншілес мекемелерімен өзара қатынас мәселелері.

- Директорлар кеңесі мен Басқарманың 2009 жылғы жұмысы туралы есеп.
- Директорлар кеңесінің 2009 жылғы жұмысын бағалау жөніндегі есеп.
- Ішкі аудит қызметінің жоспары мен есебін, Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарының орындалу барысын қарау.
- Компанияның мәмілелерді қызығушылықпен орнатуы.
- Еншілес компаниялардың жоғарғы органдарының құзіретіне жататын мәселелер.
- Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау.
- Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру.
- Еңбек ұжымдарының мәселелері.
- Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі жетекшілерінің және Компанияның корпоративтік хатшысының қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (КПД) қорытынды нәтижелілігі.
- Басқарма мүшелерін сайлау.
- Опционды бағдарламаға сәйкес опциондар беру.
- Басқарма мүшелерінің сыйақыларын анықтау.
- Ішкі аудит қызметінің және корпоративтік хатшының кадрлық мәселелері.

2010 жылы Директорлар кеңесімен келесі құжаттар бекітілді:

2010 жылы өткізілген мәжілістердің саны	ДК	АК	ТК	СК	СЖК
Қайыргелді Қабылдин	7	-	-	-	-
Асқар Балжанов	21		3	1	1
Кенжебек Ибрашев	21	2	2	8	2
Әсия Сырғабекова	13	-	-	-	-
Төлеген Бозжанов	16	-	-	-	-
Ержан Жанғауылов	18	-	-	-	-
Кристофер Маккензи	7	-	-	-	-
Пол Мандука	21	6	3	8	2
Филип Дэйер	11	3	2	6	2
Эдвард Уолш	21	6	3	8	2

Басқарма атқарушы орган болып саналады және Компанияның ағымдағы қызметін басқаруды іске асырады. 2010 жылы Компания Басқармасының жүйелі негізде және қажеттілікке сай 46 мәжілісі өткізілді.

2010 жылы Компания басқармасы Компанияның операциялық қызметіне тиесілі келесі аса маңызды мәселелерді қарастырды:

- Бірқатар қазақстандық мұнайгаз компанияларының кен орындарын иелену құқығының 100% және қатысу үлесін сатып алу жөніндегі мәмілелер мақұлданды.

- 2010-2020 жылдарға арналған Компанияның даму стратегиясы.
- Компанияның «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары кен орындарының келешек даму жоспары.
- Шығыстарды басқару саясаты.
- Шығыстарды басқару бағдарламасы.
- Жұмыскерлерлерге еңбекақы төлеу ережесі.
- Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге толықтырулар мен өзгертулер.
- Ақша құралдарын басқару саясатына өзгерістер және Бюджеттеу туралы ереже.
- «Бөлек салық есебінің мақсаты үшін жалпы шығыстарды бөлу тәртібі» есеп саясатына қосымша.
- Компания филиалдары туралы ереже.

Директорлар кеңесі сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысына Компанияның Жарғысын қарастырып, өзгерістер енгізу туралы ұсыным жасады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРДІҢ МӘЖІЛІСТЕРІНЕ ҚАТЫСУЫ

- Қоғамның Ирак Республикасында газконденсатты кен орындарын өңдеуге лицензиялық раундтарға қатысуы мақұлданды, бұл Компанияға осы тендерді жеңіп алуға және халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік берді.
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ даму стратегиясы бекітілді.
- 2011 жылға арналған өндірістік бағдарлама бекітілді.
- «Өзенмұнайгаз» ӨФ және «Ембімұнайгаз» ӨФ 2010-2020 ж.ж. кезеңдегі келешек даму жоспары мақұлданды.
- Компанияның артықшылықты акцияларын кері сатып алу бағдарламасы жүргізілді.



- Компанияның шығыстарын басқару бағдарламасы мақұлданды.
- «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өндірістік қызметкерлерінің еңбек ақы жаңа жүйесінің негізгі параметрлері мақұлданды.
- Компанияның 2010-2014 ж.ж. арналған бизнес жоспары бекітілді.
- Компанияның ішкі қызметін ИСУ стандарттарына сәйкес реттейтін процедураларды бекітілді.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Компанияның лауазымды адамдарының тікелей құзіретіне жатпайтын Компанияның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Компанияның Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін бағалауды сыртқы тәуелсіз консалтингтік компания жүргізді.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2010 ж. жұмыстарына кешенді бағалаудан өткізілді. Зерттеуде Директорлар кеңесінің 12 ай ішіндегі күн тәртібі және жиналыстарының хаттамалары, нақты сауалнамаларына талдау жасалды, сондай-ақ жоғары звеноның директорлары және жетекшілерімен жеке сұхбат жүргізілді. Зерттеу шеңберінде Кеңестің әлеуетті міндеттерді атқаруы, Кеңес құрамының кәсіби біліктілік пен тәуелсіздік көзқарасы тұрғысынан тепе-теңдігі, Кеңестің Компания басшылығымен өзара қарым-қатынасы, Директорлар кеңесі қызметінің негізгі үдерістерінің сапасы бағаланды.

Board Solutions есебінде Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы Кеңесті басқаруын тиісті деңгейде жүргізеді, Кеңестің басқару стандарттары мен жұмысының тиімділігі жалпыға ортақ қабылданған бизнес тәжірибелеріне сәйкеседі деген қорытынды жасалды.

Кеңестің қызметін жақсарту және оңтайландыру бағыттары анықталды және олар Кеңес жиналысында талқыланды. Ұсынымдарға Кеңеске берілетін ақпараттар сапасын жетілдіруді жалғастыру, сондай-ақ бизнес сауалдарға басымырақ, ал әкімшілік сауалдарға азырақ уақыт бөлу мақсатында күн тәртібін қайта қарастыру мәселелері кірді. Сондай-ақ тәуекелдерді бағалау және басқару үдерістерін жақсартуға қатысты, Кеңес және Компанияның жоғары басшылығы деңгейінде сабақтастықты жоспарлауға қатысты бірқатар комментарийлер жасалды.

## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

### АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ

2010 жылы аталған Комитеттің құрамына тек тәуелсіз директорлар ғана кірді, атап айтқанда: Пол Мандука (Комитет төрағасы), Кристофер Маккензи (2010 жылдың 26 наурызына дейін), Филип Дэйер (2010 жылдың 29 шілдесінен) және Эдвард Уолш. Аудит жөніндегі Комитетке үш жылға дейінгі мерзімде тағайындалады, ол, Аудит жөніндегі комитет мүшелері тәуелсіз болып қалады деген талаппен Директорлар кеңесінің шешімімен үш жылдан екі қосымша кезеңнен асырылмай ұзартылуы мүмкін.

## МӘЖІЛІСТЕРДІҢ САНЫ

2010 жыл ішінде Аудит жөніндегі комитет бес мәжіліс өткізді. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы Комитеттің мәжілісін өткізудің кезеңділігі мен мерзімдері туралы шешім қабылдайды. Мәжілістердің саны Комитеттің міндеттерін орындау жөніндегі талаптарға сәйкес айқындалады. Сонымен бірге жыл ішінде Компанияның қаржылық есептілігі мен аудит өткізуін дайындау процестері циклінің негізгі даталарына дәл келуі тиіс (ішкі және сыртқы аудиторлардың аудиторлық жоспарлары дайын болғанда және аралық қаржылық есептер, алдын-ала мәлімдеу және жылдық есеп аяқталуға жақын қалғанда) кемінде 4 мәжіліс өткізілуі тиіс.

## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Аудит жөніндегі комитет басқаларымен қатар Компанияның қаржылық ақпаратын, тәуекелдерді басқару жүйесінің мониторингі мен ішкі бақылау жүйесін және Компанияның аудиторларын бұл процеске тартуды қамтитын кез келген есептер үшін жауапкершілікте болады. Ол, сондай-ақ Компанияның ішкі бақылау процедурасының сақталуын қадағалайтын Компанияның Ішкі аудит қызметінен ақпараттар алады. Атап айтқанда, Комитет заңнама талаптарының, ішкі стандарттардың, Ұлыбританияның Листингтік Агенттігі (UKLA) мен Қазақстанның бағалы қағаздар қор биржасының (KASE) қолданымды ережелерінің сақталуы мәселелерімен, ішкі аудиттің тиімді жүйесін қамтамасыз етумен шұғылданады. Директорлар кеңесі жылдық қаржылық есепті алдын-ала мақұлдау үшін жауапкершілікте болады.

Аудит жөніндегі комитет сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі ірі мәмілелерді мерзімді тексеріп отырады және Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетке жолдауы мүмкін кез келген мәселелерді қарайды.

Жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысында Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы арқылы Аудит жөніндегі комитет қызметінің нәтижелерін баяндайды және Аудит жөніндегі комитеттің қызметімен байланысты сұрақтарға жауап береді.

## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

- Қаржылық есептілік.

Қаржылық есептілікті ХЕҚС-на сәйкес дайындау мәселелері қарастырылған. Қазақстандық және Лондондық қор биржаларында ашу үшін тоқсандық және жылдық қаржылық есептілік бекітілген.

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі тиімділігін бағалау жүргізілді. Аудит жөніндегі комитеттің өзін-өзі бағалауы жүргізілді.

- Ішкі аудит.

Ішкі аудит қызметінің жоспары үш жылға қарастырылған және мақұлданған. Ішкі аудит тиімділігін бағалау жүргізілді. Аудит жөніндегі комитеттің 2009 жылғы жұмысы туралы есебі қарастырылды және мақұлданды.

- Сыртқы аудит.

2011-2013 жылдардағы кезеңге сыртқы аудитор тағайындау туралы ұсынымдар енгізілді.

- Басқа сұрақтар.

Компанияның орташа шұғыл келешектегі ақша құралдары қозғалысының болжамына қатысты мәселелер қарастырылған. Ақша құралдарын басқару Саясатын сақтау мәселелері қарастырылған.

## СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

### СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ МҮШЕЛЕРІ

2010 жылы көрсетілген комитеттің құрамына тек тәуелсіз директорлар ғана кіреді. Оның мүшелері болып Кристофер Макензи (Комитеттің төрағасы, 2010 жылдың 26 наурызына дейін), Филип Дэйер (Комитеттің төрағасы, 2010 жылдың 29 маусымынан бастап), Пол Мандука және Эдвард Уолш табылады. Комитет мүшелерінің өкілеттігі мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттіктерінің мерзімімен сәйкес келеді.

### СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Сыйақылар жөніндегі комитет Компанияда жұмыс істейтін Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Бас директорға, Басқарманың мүшелеріне және Компанияның өзге де

қызметкерлеріне Компания қолданысындағы жүйенің мониторингі, оның ішінде басқа компаниялармен салыстырғандағы сыйақы беру саясатына талдау жүргізу үшін жауапкершілікте болады.

Сыйақылар жөніндегі комитет, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Бас директорға және Компания Басқармасының мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындаудың принциптері мен өлшемдері бойынша және Компанияның опциондық жоспарлары мен Компания органдарының мүшелері мен Компанияның өзге де қызметкерлерін ынталандырудың басқа да ұзақ мерзімді бағдарламаларының шарттарын мақұлдау бойынша ұсынымдар әзірлеу және оларды Директорлар кеңесіне ұсыну үшін жауапкершілікте болады.

Сыйақылар жөніндегі комитет Компанияның сыйақы беру саласындағы саясаты мен Компанияда жұмыс істейтін сыйақы беру жүйесінің Компанияны дамыту стратегиясымен және оның қаржылық жағдайымен, сондай-ақ еңбек рыногындағы ахуалмен үйлесімділігін қадағалауды жүзеге асырады.

Сыйақылар жөніндегі комитет Қазақстан Республикасы заңнамасының, Листингтік Ережелердің және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар беруге қатысты ақпараттардың тиісінше ашылуының қамтамасыз етілуін қадағалауды жүзеге асырады.

Одан басқа, Сыйақылар жөніндегі комитет Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен тәртібін белгілеу бөлігінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің алдында өзінің жұмысы туралы ұдайы есеп беріп отырады және, бұған қоса, жыл сайын Директорлар кеңесіне ақпараттар ұсына отырып Комитеттің Сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережені сақтауына талдау жүргізеді.

### СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2010 жыл ішінде Сыйақылар жөніндегі Комитет жеті мәжіліс өткізді. Комитеттің мәжілісі қажетіне қарай, бірақ кез келген жағдайда 6 айда бір реттен сирек емес, өткізіледі. Комитеттің мәжілісі Комитет төрағасының немесе Комитеттің кез келген мүшесінің бастамашылығы бойынша немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша шақырылады.

2010 жылы Сыйақылар жөніндегі комитет төмендегі мәселелерді қарастырды:

- Компанияның жетекшілері мен қызметкерлеріне опциндар беру.

- Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі жұмысшыларының, Корпоративтік хатшының КРІ сыйақы беру және бекіту.
- Басқарма мүшелерінің 2009 жылғы КРІ жөніндегі жұмыстарын қарау.

- 2008 және 2009 жылдарға жылдық сыйақы (бонус) төлеу.
- Шетелдік қызметкерлер айналысатын лауазымдық ұстанымдардың сабақтастығы.

2010 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Басқарманың мүшелеріне төленген сыйақылардың жалпы сомасы мына кестеде көрсетілген:

Аты-жөні	Жылдық 000 \$ US	Тікелей қатысқаны 000 \$ US	Тәуелсіз директорлардың мәжілісі 000 \$ US	Комитетті басқару 000 \$ US	Барлығы 2010 (салықтарды шегергенде) 000 \$ US	Барлығы 2010 (салықтарды қосқанда) 000 KZT
Кристофер Маккензи	25	10	10	4	49	7 968
Пол Мандука	138	70	20	25	253	41 478
Эдвард Уолш	138	70	20	15	243	39 840
Филип Дэйер	90	50	10	8	158	25 911
<b>Барлығы</b>	<b>392</b>	<b>200</b>	<b>60</b>	<b>52</b>	<b>704</b>	<b>115 197</b>

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақы алмайды, бірақ осындай тағайындаумен байланысты шығыстарды өтеу құқығына ие.

Басқарма мүшелеріне бір жыл ішінде бөлінген сыйақының жалпы сомасы 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін келесі кестеде берілген:

Аты-жөні	Лауазымы	Жалақысы 000 KZT	Жыл ішіндегі басқа да төлемдер 000 KZT	Жиыны 2010 000 KZT	Жиыны 2009 000 KZT	Жиыны 2010 000 \$ US	Жиыны 2009 000 \$ US
Кенжебек Ибрашев	Бас директор	32 408	24 860	57 268	18 098	389	123
Асқар Балжанов	Бас директор	1 145	4 346	5 491	47 891	37	325
Владимир Мирошников	Өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары – Ақтау қаласындағы шұғыл басқару тобының жетекшісі	28 238	38 324	66 562	25 610	452	174
Жаннетта Бекежанова	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	15 830	29 854	45 684	17 716	310	120
Асқар Әубәкіров	Бас директордың корпоративтік даму және активтерді басқару жөніндегі орынбасары	20 847	9 308	30 155	1 770	205	12
Қайролла Ережепов	Қызметкерлер және ақпараттық саясат жөніндегі басқарушы директор	334	15 234	15 568	12 406	106	84
Тарас Хитуов	Қызметкерлер және әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор	6 683	245	6 928	0	47	0
Жұмабек Жамауов	«Ембімұнайгаз» ӨФ директоры	1 663	0	1 663	0	11	0
Бағытқали Бисекен <sup>1</sup>	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры	4 560	51 280	55 840	30 485	379	207
Киікбай Ешманов	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры	10 203	1 944	12 147	0	82	0
Ізтүрган Баймуханов	«Ембімұнайгаз» ӨФ директоры	14 097	12 315	26 412	9 783	179	66
Қайырбек Елеусінов	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры	0	1 348	1 348	18 527	9	126
Дауылбай Абылханов	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры	0	0	0	10 200	0	69
Мурат Құрбанбаев	«Өзенмұнайгаз» ӨФ директоры	0	0	0	4 445	0	30
<b>Сыйақылардың жалпы сомасы</b>		<b>136 009</b>	<b>189 058</b>	<b>325 066</b>	<b>196 930</b>	<b>2 206</b>	<b>1 335</b>

<sup>1</sup> 2010 жылы Бағытқали Бисекен Атырау қаласынан баланстық құнынан 15%-на пәтер сатып алу құқығы берілді. Жоғарыда аталған сатып алудан Бағытқали Бисекеннің алған табысының жалпы сомасы 40,132 мың теңге құрады

Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелері Компанияның опциондық бағдарламасына сәйкес Компанияның ЖДҚ-лы опциондарына ұсынылды.

Төменгі кестеде ұсынылған, бірақ орындалмаған ЖДҚ-ға опциондар көрсетілген:

Аты-жөні	Берілген күні	Опциондар берілген ЖДҚ-ның саны	Опционды орындау бағасы	Толысу күні
Қайыргелді Қабылдин	-	-	-	-
Асқар Балжанов	4 желтоқсан 2007 ж. 2 желтоқсан 2008 ж.	15 300 23 576	US\$26,47 US\$13,00	4 желтоқсан 2010 ж. 2 желтоқсан 2011 ж.
Әсия Сырғабекова	-	-	-	-
Ержан Жанғауылов	-	-	-	-
Төлеген Бозжанов	-	-	-	-
Кристофер Маккензи	-	-	-	-
Пол Мандука	-	-	-	-
Эдвард Уолш	-	-	-	-
Филип Дэйер	-	-	-	-
Кенжебек Ибрашев	1 маусым 2009 ж. 1 қаңтар 2010 ж. 20 шілде 2010 ж.	20 327 18 034 17 813	US\$21,80 US\$24,90 US\$19,05	1 маусым 2012 ж. 1 қаңтар 2013 ж. 20 шілде 2013 ж.
Владимир Мирошников	4 қазан 2006 ж. 4 желтоқсан 2007 ж. 2 желтоқсан 2008 ж. 20 шілде 2010 ж.	22 563 12 240 18 861 14 250	US\$14,64 US\$26,47 US\$13,00 US\$19,05	Тұтастай 4 қазан 2009 ж. толысты 4 желтоқсан 2010 ж. 2 желтоқсан 2011 ж. 20 шілде 2013 ж.
Жаннета Бекежанова	4 қазан 2006 ж. 4 желтоқсан 2007 ж. 2 желтоқсан 2008 ж. 20 шілде 2010 ж.	19 508 10 880 16 765 12 667	US\$14,64 US\$26,47 US\$13,00 US\$19,05	Тұтастай 4 қазан 2009 ж. толысты 4 желтоқсан 2010 ж. 2 желтоқсан 2011 ж. 20 шілде 2013 ж.
Асқар Әубәкіров	1 желтоқсан 2009 ж. 20 шілде 2010 ж.	5 978 11 875	US\$25,00 US\$19,05	1 желтоқсан 2012 ж. 20 шілде 2013 ж.
Қайролла Ережепов	4 қазан 2006 ж. 4 желтоқсан 2007 ж. 2 желтоқсан 2008 ж.	14 684 4 604 8 513	US\$14,64 US\$26,47 US\$13,00	Тұтастай 4 қазан 2009 ж. толысты 4 желтоқсан 2010 ж. 2 желтоқсан 2011 ж.
Ізтұрған Баймуханов	29 маусым 2010 ж. 20 шілде 2010 ж.	9 480 9 500	US\$19,09 US\$19,05	29 маусым 2013 ж. 20 шілде 2013 ж.
Тарас Хитуов	19 қазан 2010 ж.	9 835	US\$18,05	19 қазан 2013 ж.
Бағытқали Бисекен	18 мамыр 2007 ж. 4 желтоқсан 2007 ж. 2 желтоқсан 2008 ж. 29 маусым 2010 ж.	16 968 6 347 11 736 8 623	US\$20,00 US\$26,47 US\$13,00 US\$19,09	Тұтастай 18 мамыр 2010 ж. толысты 4 желтоқсан 2010 ж. 2 желтоқсан 2011 ж. 29 маусым 2013 ж.
Киікбай Ешманов	4 желтоқсан 2007 ж. 2 желтоқсан 2008 ж. 29 маусым 2010 ж. 20 шілде 2010 ж.	1 038 1 781 9 480 9 500	US\$26,47 US\$13,00 US\$19,09 US\$19,05	4 желтоқсан 2010 ж. 2 желтоқсан 2011 ж. 29 маусым 2013 ж. 20 маусым 2013 ж.
Жұмабек Жамауов	1 ақпан 2011 ж.	7 845	US\$21,50	1 ақпан 2014 ж.

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2010 жылы Тағайындаулар жөніндегі комитеттің құрамына кіргендер: Қайыргелді Қабылдин (Комитет Төрағасы, 2010 жылдың 26 наурызына дейін), Асқар Балжанов (Комитет Төрағасы, 2010 жылдың 30 наурызынан бастап), Кристофер Маккензи (2010 жылдың 26 наурызына дейін), Эдвард Уолш, Пол Мандука және Филип Дэйер (2010 жылдың 29 маусымынан бастап).

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компанияның органдарындағы лауазымдарды атқару үшін мамандарды іріктеу кезінде Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ Компанияның лауазымды адамдары мен органдарының мүшелері ауысқан жағдайда сабақтастықты қамтамасыз ету, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері, Бас директоры, Басқармасының мүшелері және корпоративтік хатшысы лауазымына үміткерлерді іріктеудің өлшемдерін айқындау болып табылады.

Тағайындау жөніндегі комитет Директорлар кеңесі мен Басқарманың құрамындағы өзгерістермен, өкілеттіктің аяқталуымен және корпоративтік хатшы қызметіне тағайындаумен, зейнеткерлікке шығу мен қосымша тағайындаулар мен орнын ауыстырушы директорларды тағайындаумен байланысты мәселелерді қарастырады.

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2010 жыл ішінде Комитет екі мәжіліс өткізді, онда төмендегі мәселелер қарастырылды:

- Тәуелсіз директорды тағайындау туралы акционерлердің жалпы жиналысына ұсынымдар енгізу.
- Сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасын және Аудит және тағайындаулар жөніндегі комитет мүшелерін тағайындау.
- Басқарма төрағасын тағайындау.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2010 жылы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет құрамына кіргендер: Эдвард Уолш (Комитет төрағасы), Асқар Балжанов (2010 жылдың 26 наурызына дейін), Төлеген Бозжанов (2010 жылдың 30 наурызынан бастап), Кенжебек Ибрашев.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компания қызметінің басымдықты бағыттары мен оны дамытудың стратегияларын пысықтау мәселелері бойынша Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу және беру болып табылады.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2010 жыл ішінде Комитет екі мәжіліс өткізді, мұнда келесі мәселелер қарастырылды:

- Компанияның даму стратегиясы.
- «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары кен орындарының дамуының келешекті жоспарлары.
- Компанияның мұнайгаз активтерін сатып алуы: «Қазақ-түрікмұнай» ЖШС-нен 51% қатысу үлесі; «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-нен 50% қатысу үлесі; «Mangistau Investments B.V.» 50% қатысу үлесі; «НБК» ЖШС-нен 100% қатысу үлесі; «СапаБарлауСервис» ЖШС-нен 100% қатысу үлесі; Ural Group Limited 50% қатысу үлесі; Маңғыстау және Атырау облыстарындағы көмірсутегі шикізаттарын барлауды жүргізу келісімшарты бойынша кен орнын пайдалануға 100% құқық.
- Компанияның Солтүстік теңіз жобасына қатысуы.
- Компанияның Ирак Республикасындағы үшінші лицензиялық раундқа қатысуы.
- Қазақстан Республикасы және шет елдерден сатып алынуы мүмкін жобалар.
- Шығыстарды басқару жөніндегі саясат.

## ДИРЕКТОРЛАР МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

2010 жылғы 31 желтоқсанда Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерімен берілген ақпаратқа сәйкес, Директорлар және Басқарма мүшелерінің қарапайым, артықшылықты акцияларындағы және Компанияның ЖДҚ-ғы үлестері:

Аты-жөні	Қарапайым акциялардың саны	ЖДҚ саны	Басымдықты акциялардың саны
Қайыргелді Қабылдин	-	-	-
Асқар Балжанов	-	49 102	-
Кенжебек Ибрашев	-	-	-
Ержан Жанғауылов	-	8 681	-
Төлеген Бозжанов	-	-	-
Кристофер Маккензи	-	6 996	-
Пол Мандука	-	6 828	-
Эдвард Уолш	-	6 828	-
Филип Дэйер	-	-	-
Өсия Сырғабекова	-	-	-
Владимир Мирошников	1 163	9 494	-
Жаннета Бекежанова	-	-	2 203
Асқар Әубәкіров	-	-	34
Тарас Хитуов	-	-	-
Киікбай Ешманов	-	-	-
Жұмабек Жамауов	-	-	-

## НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖДҚ-НЫ ҰСТАУШЫЛАР

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, төменде 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акцияларға иелік ететін, жалпы саны туралы мәлімдеу қажет деп табылатын, Компанияның бағалы қағаздарын ұстаушылардың

тізімі берілген. Бұл талап ЖДҚ-ны ұстанушыларға таратылмайды, бірақ Компания 2009 жылғы 31 қыркүйекте Қытай Халық Республикасының China Investment Corporation (CIC) мемлекеттік инвестициялық қоры Компанияның ЖДҚ формасындағы Компания акциясының 11%-ға жуығын сатып алу жөнінде мәлімдегені туралы ақпаратты көрсету қажет деп санайды.

Акционер	Қарапайым акциялар саны	Басымдықты акциялар саны	Барлығы орналастырылған акциялар
Шығарылған акциялардың саны <sup>1</sup>	70 220 935	4 136 107	74 357 042
«ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ иелігінде	43 087 006	-	43 087 006
Шығарылған акционерлік капиталынан түсетін пайыз	61,36%	0,00%	57,95%

<sup>1</sup> 3 373 907 қазынашылық акцияларды өосқанда.



## ДИРЕКТОРЛАРМЕН ОРНАТЫЛҒАН ШАРТТАР, ДИРЕКТОРЛАР ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАТТАР ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК КЕЛІСІМШАРТТАРЫ

### ДИРЕКТОРЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР

Директорлар кеңесінің өкілеттігінің мерзімі өтуіне байланысты, 2010 жылдың 26 наурызында келесі үш жылға Компанияның Директорлар кеңесінің жаңа құрамы тағайындалды.

Қайыргелді Қабылдин 2010 жылдың 26 наурызына дейін Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Асқар Балжанов 2010 жылдың 26 наурызында Директорлар кеңесінің мүшелігіне қайта сайланды. 2010 жылы 30 наурызда Директорлар кеңесі Асқар Балжановты Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы етіп тағайындады.

Кенжебек Ибрашев Директорлар кеңесінің мүшесі және Компанияның бас директоры, Басқарма төрағасы болды. Ол 2010 жылдың 26 наурызында акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің мүшелігіне қайта сайланды.

Ержан Жанғауылов Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі болды. Ол 2010 жылдың 26 наурызынан бастап Директорлар кеңесінің мүшелігіне қайта сайланды.

2009 жылы Төлеген Бозжанов Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі болды. Ол 2010 жылдың 26 наурызынан бастап Директорлар кеңесінің мүшелігіне қайта сайланды.

2010 жылы өкілеттік мерзімі өткен соң, Кристофер Маккензи ҚМГ БӨ Директорлар кеңесіне өз кандидатурасын ұсынбауға шешім қабылдады.

Пол Мандука 2010 жылы 26 наурызда Компанияның тәуелсіз директоры болып қайта тағайындалды.

Эдвард Волш 2010 жылы 26 наурызда Компанияның тәуелсіз директоры болып қайта тағайындалды.

Филип Дэйер 2010 жылы 25 мамырда Компанияның тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

### БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ШАРТТАРЫ

Басқарманың барлық мүшелері Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес, Компаниямен ол бойынша оларға әдетте іссапарлар кезіндегі жазатайым жағдайлардан сақтандыру берілетін және Компанияның істері бойынша сапарлар

кезінде шеккен шығыстары өтелетін еңбек шарттарын жасасты. Жоғарыда айтылғанды қоспағанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе Басқарма мүшелерінің Компаниямен ешқандай еңбек шарттары жоқ және оларды жасасу көзделмейді.

### ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі бар. Бұл жүйе Компанияның өзінің бизнес мақсаттарына қол жеткізуімен байланысты елеулі тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару мақсатында, акционерлердің Компаниядағы инвестициялардың сақталуын есепке ала отырып, әзірленген.

Директорлар Компания қызметінде 2010 жылы ұшырасқан елеулі тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестерін атқарғанын растайды. Оның үстіне, Директорлар ішкі бақылау жүйесін жасау және тиімділігін қарастыру барысында тәуекелдерді ескеретін әдісті пайдаланды.

Топтың ішкі бақылау жүйесіне кіретін негізгі элементтер төмендегідей:

- Компанияның қаржылық, операциялық, әкімшілік саясат, ақша қаражаттарын басқару жөніндегі саясат және өзге де процедуралар сияқты ішкі құжаттамалары;
- Операциялық, қаржылық қызмет және Компаниядағы техника қауіпсіздігі талаптарын сақтаумен байланысты жұмыстардың ұдайы мониторингі.

Компанияның ішкі Аудиті Директорлар кеңесіне Компаниядағы ішкі бақылау жүйесінің қаншалықты дұрыс әзірленгендігі және тиімді қызмет атқаратындығы туралы дұрыс мәліметтер ұсынады. Компанияның ішкі Аудитінің есебінде дизайнды және ішкі бақылау жүйесі жұмыстарын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар қамтылады. Компанияның ішкі Аудиті Басшылықтың ұсынымдарды орындауын қадағалайды және ол жөнінде Аудит жөніндегі комитетке есеп беріп отырады.

Бұған қосымша, қаржылық тәуекелдер жөніндегі ақпарат қаржылық жағдай Талдауында және қаржы-шаруашылық қызмет жөніндегі есептіліктің 66-шы бетінен бастап табылуы мүмкін, Компания тәуекелдерінің профилі жөніндегі жалпы ақпаратты Тәуекелдер факторлары тарауының 79-шы бетінен және қоршаған ортаны қоғау, және де техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар туралы ақпараттарды 46-шы беттегі «Еңбек және қоршаған ортаны қорғау» тарауынан табуға болады.

Тәуекелдерді басқаруға қатысты Басқарма Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет құрды және де оның қызметі туралы нақты ақпарат төменде берілген.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2010 жылы Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет өз қызметін бас директор Кенжебек Ибрашевтың төрағалық етуімен жүзеге асырды. Комитет құрамына бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары – Ақтау қаласындағы шұғыл басқару тобының жетекшісі, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, бас директордың корпоративтік даму және активтерді басқару жөніндегі орынбасары, басқарушы директор – қаржы бақылаушы, экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор, ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директор, қызметкерлер және әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор, техника қауіпсіздігі, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор және корпоративтік хатшы кірді. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі Комитет мәжілістеріне бақылаушы ретінде қатысты.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты – Компаниядағы тәуекелдерді басқару жөніндегі мәселелерді шұғыл қарастыру, тәуекелдерді басқару, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі мониторингі және Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне бизнес-процестердің тиімділігі деңгейін арттыру және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсынымдарын өңдеу мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдау үшін Басқармаға ұсынымдар әзірлеу.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет туралы Ереженің 2009 жылы Басқармамен бекітілген жаңа редакциясында Комитеттің, ішінара стратегиялық жоспарлау және инвестициялық жобаларды талдау салаларына қатысты атқаратын функцияларының аясы кеңейтілді.

2010 жыл ішінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі Комитет бес мәжіліс өткізді, мұнда келесі мәселелер қаралды:

- Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімнің жұмысын және тәуекелдерді басқару жүйесін дамытудың 2010-2011 ж.ж. жылдық жоспары.
- Компанияның тәуекелдер портфелін идентификациялау және бағалау туралы есеп.
- Компанияның құқықтық қауіпсіздік бағдарламасы.
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру, GAMMA рейтингі.
- Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі ұйымдастырушылық құрылым туралы мәселе.
- Компанияның негізгі тәуекелдері.

- Келісімшарттар орнату үрдістерін автоматтандыру және Компаниядағы дау-дамайлы жұмыстардың мәліметтерін есепке алу.
- Кейбір тірек тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар.
- Негізгі қызметтер бойынша сабақтастық туралы.
- Компанияның еркін ақша ағымдарын басқару жөніндегі мәселелерді талқылау;
- СВА ұсынымын орындау туралы;
- 2010 жылға арналған Корпоративтік сақтандыру бағдарламасы;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің шұғыл қызметі үрдісінде 2010 жылғы туындаған ағымдағы жағдайларын қарау.

## ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ САЛЫҚ САЛУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Мына төмендегі шолу осы құжат датасына әр қайсысы мүмкін кері күшке ие бола отырып өзгеруі мүмкін болатын Ұлыбританияның заңнамасы мен Ұлыбританияның мемлекеттік басқармасының салықтық және кедендік алымдар жөніндегі практикасына негізделген. Егер басқадай нұсқаулар болмаса, осы шолу салықтық мақсаттарда Ұлыбританияның (1) резиденттері болып табылатын; (2) кез келген басқа заң құзыретінде салық салу мақсатында резидент болып табылмайтын; және (3) Қазақстан Республикасында акцияларға немесе ЖДҚ-ға иелік етуге байланысты тұрақты мекемесі жоқ («Ұлыбританиялық Ұстаушылар») акцияларды немесе ЖДҚ-ды дербес бенефициарлық ұстаушыларға арналған Ұлыбританияның салық салуының кейбір салдарына ғана қатысты.

Одан басқа, осы шолуда (1) акцияларымен ЖДҚ-ға негізгі капитал ретінде иелік ететін және салықтық салдар қарастырылмайтын, Ұлыбританиялық Ұстаушылардың кейбір басқа санаттарына, мысалы, диллерлерге қатысы бар Ұлыбританиялық Ұстаушылар үшін тек салықтық салдар ғана қарастырылады; (2) Ұлыбританиялық Ұстаушылардың Компанияның дауыс беруші акцияларының 10 немесе одан астам пайызын тікелей жанама бақылауына жол беріледі; (3) ЖДҚ ұстаушысының базалық акциялары мен мұндай акциялар бойынша дивидендтерге бенефициарлық құқығы болуына жол беріледі; және (4) Компаниямен байланысы бар сақтандыру компанияларын, инвестициялық компанияларды немесе зейнетақы қорларын білдіретін Ұлыбританиялық Ұстаушылар үшін салықтық салдар қарастырылмайды.

Осы талдау жалпы басшылық болып табылады және заңгерлік және салықтық мәселелер бойынша консультация ретінде арналмаған және оны нақты Ұлыбританиялық Ұстаушылар осы ретінде қарастырмауы тиіс. Тиісінше, әлеуетті инвесторлардың жалпы салықтық салдарға, оның ішінде олардың нақты жағдайында Ұлыбританияның заңнамасы мен Ұлыбританияның мемлекеттік басқармасының салықтық және кедендік алымдар жөніндегі практикасына сәйкес акцияларды немесе ЖДҚ-ны сатып алудың, иелік етудің және иеліктен шығарудың салдарына қатысты салықтық мәселелер бойынша өздерінің консульттарынан кеңес алғаны жөн.

## ТӨЛЕУ КӨЗІНЕН ТАБЫС САЛЫҒЫ

ЖДҚ бойынша алынатын кірістің Ұлыбританияда көзі болмаған жағдайда, мұндай кіріске Ұлыбританияда төлем көзінен салық салынбауы тиіс. Акциялар бойынша дивидентті төлеуге Ұлыбританияда төлем көзінен салық салынбайтын болады.

## ДИВИДЕНДТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ

Акциялар немесе ЖДҚ бойынша дивиденд алушы Ұлыбританиялық Ұстаушы (жағдайға қарай), қазақстандық табыс көзінен салыққа есептелген қандай да болмасын соманың болуы ескеріле отырып, қазақстандық төлем көзінен салықтар есептелгенге дейін төленген дивидендтің жалпы сомасына қатысты Ұлыбританияда табыс салығын немесе корпоративтік салық төлеуге міндетті болуы мүмкін. Ұлыбританияның резиденті болып табылатын және онда тұратын жеке тұлға болып табылатын Ұлыбританиялық Ұстаушы акциялар немесе ЖДҚ бойынша төленген дивидендке Ұлыбританияның табыс салығын төлейтін болады. Ұлыбританияның резиденті болып табылатын, бірақ онда тұрмайтын жеке тұлға болып табылатын Ұлыбританиялық Ұстаушы дивиденд Ұлыбританияға аударылған немесе аударылған болып есептелетін, сондай-ақ алынған дивиденттің тоғыздан біріне тең өтелмейтін салық кредитіне құқығы бар шамада акциялар немесе ЖДҚ бойынша төленген дивидендке Ұлыбританияның табыс салығын төлейтін болады.

2009 жылдың 1 шілдесінен бастап, Ұлыбританиядан келген Ұлыбританияның резиденті болып табылатын акция Ұстанушы салықтан төлеуден бұлтаруға қарсы белгілі бір ережелерге жататын жағдайларды қоспағанда, акциялар немесе ЖДҚ бойынша төленген дивидентке корпоративтік салық төлемейтін болады.

## ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ НЕМЕСЕ ШАРТТЫ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚ САЛУ

Ұлыбританиялық Ұстаушының акциялардағы немесе ЖДҚ-дағы үлестерін иеліктен шығаруы Ұлыбританиядағы Ұлыбританиялық Ұстаушының жағдайына қатысты және салық төлеуден босатуға жататын салық салынатын кірісіне салық салу мақсатында салық салынатын кіріске немесе рұқсат етілген есептен шығаруға әкелуі мүмкін. Жеке тұлға болып табылатын және Ұлыбританияда тұратын Ұлыбританиялық Ұстаушы акциялардағы немесе ЖДҚ-дағы үлестерді иеліктен шығаруы кезінде салық салынатын кіріске арналған капиталдың өсуіне Ұлыбританияда салық төлеуге міндетті. Жеке тұлға болып табылатын Ұлыбританияда тұрмайтын Ұлыбританиялық Ұстаушы акциялардағы немесе ЖДҚ-дағы үлестерді иеліктен шығару кезінде алынған салық салынатын кіріс Ұлыбританияға аударылған немесе аударылған болып есептелетін шамада капиталдың өсуіне Ұлыбританияда салық төлейтін болады. Атап айтқанда, Лондонның қор биржасында ЖДҚ-мен мәмілелер тиісінше Ұлыбританияның капиталдың өсуіне арналған салығы салынатын пайданы аударуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Жеке тұлға – салықтық мақсатта бес жылдан аз уақыт ішінде резидент болуын тоқтатқан немесе Ұлыбританияда тұрмайтын және осы кезеңнің ішінде мұндай акцияларды немесе ЖДҚ-ны иеліктен шығаратын акцияларды немесе ЖДҚ-ны ұстаушы Ұлыбританияға қайтып оралған жағдайда иеліктен шығару кезінде оның Ұлыбританияның резиденті болмағанына және онда тұрмағанына қарамастан Ұлыбританияның капиталдың өсіміне арналған салығын төлеуге міндетті болуы мүмкін.

Заңды тұлға болып табылатын Ұлыбританиялық Ұстаушы акцияларды немесе ЖДҚ-ны сатудан түскен кез келген салық салынатын кіріске Ұлыбританияның корпоративтік салығын төлейді.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН САЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Акциялар мен ЖДҚ бойынша дивиденттер төлеуге қазақстандық табыс көзіне салық салынады. Ұлыбританиялық Ұстаушыда Ұлыбританиядағы мұндай соманы есепке алуды есептеу тәртібіне сәйкес мұндай төлемдерден осындай төлеулерге арналған табыс салығының немесе корпоративтік салықтың есебіне ұсталған табыс көзінен қазақстандық салықтың есептеуіне құқығы болуы тиіс. 1 шілде 2009 жылдан бастап, Ұлыбританияның резиденті болып табылатын, акцияны Ұлыбританиялық Ұстаушы төленген дивидентке корпоративтік салық төлемейді және, осылайша, кез келген қазақстандық салықтан шегеруді талап ете алмайды.

## ГЕРБТІК АЛЫМ ЖӘНЕ ГЕРБТІК АЛЫМҒА БАЛАМДЫ САЛЫҚ («ГАБС»)

Бір немесе бірнеше акцияларды немесе ЖДҚ-ны беру туралы мәмілені ресімдейтін немесе уағдаластықты қамтитын құжат (i) Ұлыбританияда қол қойылмаған немесе (ii) ол Ұлыбританиядағы қандайда бір меншіктілікке немесе Ұлыбританияда жасалған немесе жасалатын әрекетке (Ұлыбританиядағы банк шоттарға төлемдерге қатысуды қамтуы мүмкін) қатысты емес жағдайда мұндай құжатқа мәлімделген құнға арналған гербтік алым салынбауы тиіс.

Тіпті егер бір немесе бірнеше акцияларды немесе ЖДҚ-ны беру туралы мәмілені ресімдейтін немесе уағдаластықты қамтитын құжатқа (i) Ұлыбританияда қол қойылса да және (немесе) (ii) ол Ұлыбританиядағы қандай да бір меншіктілікке немесе Ұлыбританияда жасалған және жасалатын

әрекетке қатысты болса да практика жүзінде, егер мұндай құжат Ұлыбританияда қандай да бір мақсат үшін талап етілмесе Ұлыбританияда мұндай құжатқа жарияланған құнға арналған гербтік алым төлеу қажеттілігі болмауы тиіс. Егер Ұлыбританияда жарияланған құнға арналған гербтік алымды төлеу қажеттігі пайда болса, онда қажеттілік пайыздар мен айыппұлдар төлеуде ғана болуы мүмкін.

ЖДҚ құны фунт-стерлингпен көрсетілмеген бағалы қағаздарға жататын болғандықтан «ұсынушыға арналған құжатқа» гербтік алым ЖДҚ шығаруға да, ЖДҚ арқылы берілетін бағалы қағаздарды беруге де төленбеуі тиіс.

Акциялар (i) Ұлыбританиядағы тізілімге тіркелмеген немесе (ii) Ұлыбританияда тіркелген компания шығарған акциялармен бірікпейтін жағдайда акцияларды немесе ЖДҚ-ны беру туралы шартқа ГАБС салынбауы тиіс.

**ҚАРЖЫЛЫҚ-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫ  
ЖАҒДАЙЫ МЕН  
НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ**

**8**

# ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Осы құжат Компанияның қаржы-экономикалық қызметінің нәтижелері мен оның қаржы жағдайындағы тенденциялар мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмектесуге арналған. Осы шолу Компанияның топтастырылған қаржы есептеріне негізделген және оны топтастырылған қаржы есептері мен қосымша ескертулермен бірге оқыған дұрыс. Барлық қаржы ақпараттары және олардың талқылауы ХЕКҚ сәйкес дайындалған қаржылық есептерге негізделген.

## ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» Акционерлік Қоғамы (осында және бұдан өрі «Компания» немесе ҚМГ БӨ») жаңа активтер сатып алу, көмірсутекті шикізаттарды барлау, өндіру, өңдеу, қайта өңдеу және экспорттаумен айналысады. Мұнайгаз нысандарының негізгі қызметі Батыс Қазақстанның Каспий маңы және Маңғыстау бассейндерінде жүзеге асырылады. Компанияның тікелей негізгі акционері Қазақстанның мұнайгаз саласында мемлекет мүддесін білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (ҚМГ ҰК) болып есептеледі. Компания 41 мұнай және газ кен орындарын, соның ішінде «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында (ӨМГ) – 2 кен орнын, ал «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалында («ЕМГ») – 39 кен орнын игереді. Бұған қоса, Компания мұнай және табиғи газ өндіру жөніндегі «Қазгермұнай» БК ЖШС және CCEL бірлесіп бақыланатын компанияларының 50% үлесіне, сондай-ақ «ПетроҚазақстан Инк.» 33% үлесіне ие.

Компанияның үлестік қатысуын ескергенде («Қазгермұнай» БК ЖШС-нен 50% үлес, CCEL 50% үлес және ПетроҚазақ-

стан Инк.-тен 33% үлес) Компанияның және онымен қауымдасқан кәсіпорындардың мұнай өндіруі 2010 жылы тәулігіне 13 285 мың тонна немесе 270 мың баррельді құрады (ӨМГ ӨФ және ЕМГ ӨФ – тәулігіне 177 мың баррель, «Қазгермұнай» БК ЖШС – тәулігіне 33 мың баррель, CCEL – тәулігіне 18 мың баррель, ПетроҚазақстан Инк - тәулігіне 42 мың баррель<sup>1</sup>).

Жоғарыда көрсетілген қауымдасқан кәсіпорындар «Қауымдасқан компаниялар және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың қаржылық және операциялық қызметіне шолу» тарауында жан-жақты қарастырылады. Қаржылық-экономикалық қызметтің қаржы жағдайы мен нәтижелерінің осы талдауы егер өзгесі көрсетілмесе, Компанияның тек негізгі активтері туралы ғана қозғайды.

## БИЗНЕС ЖҮРГІЗУДІҢ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ БОЛЖАМ

Компанияның есепті кезеңдегі қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі факторларға: мұнайға арналған бағаның динамикасы, валюталық бағамдардың, атап айтқанда, теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамының ауытқуы және елдегі инфляция қарқыны жатады.

## 2010 ЖЫЛҒЫ РЫНОҚҚА ШОЛУ

Brent сортты мұнайға арналған баға орташа алғанда 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда, баррель үшін 17,51 АҚШ долларына артып, 79,18 АҚШ долларын құрады.

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(АҚШ доллары /баррель)			%	(АҚШ доллары /баррель)		%
Brent (DTD)	86,46	75,69	74,53	16%	79,18	61,67	28%

Компанияның табысының, қаржылық активтері мен займдарының басым бөлігі АҚШ долларына, ал операциялық шығыстарының басым бөлігі – теңгеге деноминацияланған. Валюталық бағамның толқуларының

нәтижелерге әсері Компанияның қызметі Компанияның валюталық позициясынан, сондай-ақ осындай толқулардың көлемі мен бағытына байланысты болады.

<sup>1</sup> 2010 жылғы 12 айға «Торгай Петролеум» АҚ операциялық нәтижелеріндегі 50% үлесін қосқанда.



Тұтынушылық баға индексі бойынша («ТБИ») теңге/АҚШ доллары айырбас бағамы мен елдегі дағдарыс қарқыны көрсетілген мерзімдер бойынша төмендегідей қалыптасты:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
Орташа айырбас бағамы, 1 АҚШ долларына теңгемен	147,49	147,41	149,77	-2%	147,35	147,50	-0,1%
ТБИ	2,6%	0,8%	1,4%	86%	7,8%	6,2%	26%
Орташа айырбас бағамы, 1 АҚШ долларына теңгемен баланс датасында	147,40	147,47	148,36	-1%	147,40	148,36	-1%

Көзі: Қазақстан Ұлттық Банкі

Теңге бағамы АҚШ долларына қатысты 2009 жылы орташа есеппен 147,50 теңге/доллардан 2010 жылы орташа есеппен 147,35 теңге/долларға дейін орнықты. 2010 жылғы инфляция деңгейі 2009 жылғы 6,2% салыстырғанда 7,8%-ды құрады.

## 2010 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Компания 2010 жылға көзделген мұнай өндіру жөніндегі жоспарға дерлік қол жеткізді, яғни 8 781 мың тоннаға қарсы 8 766 мың тонна мұнай өндірді. 2010 жылғы мұнай өндіру 2009 жылғы балама көрсеткіштен 2% төмен.

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
ӨМГ ӨФ	1 492,15	1 523,00	1 543,43	-3%	5 965,75	6 250,81	-5%
ЕМГ ӨФ	718,14	716,92	670,70	7%	2 800,01	2 711,34	3%
<b>Барлығы</b>	<b>2 210,29</b>	<b>2 239,92</b>	<b>2 214,13</b>	<b>-0,2%</b>	<b>8 765,76</b>	<b>8 962,15</b>	<b>-2%</b>

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұңғымаларды пайдалану қоры 5 884 өндіруші және 1 623 тоғытпалы ұңғымаларды қамтыды.

Компания қарамағындағы кен орындарының негізгі бөлігі жоғары сулылық және мұнай өндіру деңгейінің жалпы төмендеуімен сипатталатын өңдеудің соңғы сатысында болып табылады. Компания мұнай өндіру жөніндегі көзделген жоспарына қол жеткізу үшін пайдалану ұңғымасына қатысты жұмыстар, ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу және мұнай өндіруді арттыру жөніндегі іс-шараларын атқарды.

Есепті кезеңде бұрғылаудан пайдалануға 215 мұнай ұңғымалары енгізілді, 2009 жылғы осы кезеңмен тұстас мерзімімен салыстырғанда 120 ұңғымаға артық. Мұның барысында жаңа ұңғымалар енгізу нәтижесінде өндірілген мұнай көлемі 2009 жылғы 133,44 мың тоннамен салыстырғанда 2010 жылы 206,99 мың тоннаға көтерілді. Есепті кезеңде 1234 ұңғыма күрделі жөндеуден өткізілді, бұл қосымша 674,14 мың тонна мұнай өндіруге ықпал етті. Компания қабаттардың мұнай беруін арттырудың (ҚМА) үздік технологияларын, оның ішінде қабатты сумен жаруды және ағынды ауытқытушы полимерлік құрамдарды пайдалануды қолдануда. 2010 жылы ҚМА 295 ұңғымалық-операцияларды жүзеге асыру есебінен 327,94 мың тонна мұнай өндірілді.

2010 жылы Компания Лиман, Р-9 және Тайсойған барлау блоктарында геологиялық барлау жұмыстарын, С.Нұржанов, Шығыс Мақат, Батыс Прорва, Жаңаталап кен орындарында барлауға дейінгі жұмыстар атқарды.

2010 жылы ағымында Р-9 блогы бойынша 400 шаршы шақырым көлемінде 3D және 40 шаршы метр көлемінде 2D-МОГТ сейсмикалық далалық барлау жұмыстары Қызылқұдық және Жантай аумақтарында аяқталды. Өңдеу нәтижелері бойынша 2011-2012 жж. іздестіру-барлау бұрғылауды орналастыру үшін блоктың тұз үсті және тұз асты бөліктерінде перспективалық құрылымдар бойынша ұсынымдар алынды.

Лиман блогы бойынша алынған жағымды нәтиже – Оңтүстік-Шығыс Новобогат алаңында жаңа шоғырының ашылуы – кен орны табылған аумақта бағалау жұмыстарын өткізу үшін барлау мерзімін тағы да үш жылға ұзартуды рәсімдеуге мүмкіндік берді. Қолданыстағы келісімшарттың талаптары бойынша Лиман блогының аумағы бағалау учаскесін қоспағанда, мемлекетке толық қайтаруға тиесілі.

Тайсойған блогы бойынша есепті кезеңде қорды есептеу, авторлық қадағалау және Уаз бен Қондыбай кен орындарының сынақ ретінде пайдаланылу мерзімін 2012 жылдың 9-қаңтарына дейін ұзарту жұмыстары жүргізілді.

С. Нұржанов кен орнында есепті кезеңде 2010 жыл ішінде жалпы ұзындығы 9000 м болатын №507, №508, №700 барлау ұңғымаларына бұрғылау жұмыстары жүргізілді. Мұнда валанжин шөгінділерінің өнеркәсіптік өнімділігі орнатылды.

Батыс Прорва, С. Нұржанов, Шығыс Мақат кен орындары бойынша барлауға дейінгі жобалар Барлау және өндіру жөніндегі ұлттық комиссияда және Геология комитетінде келісілді. Жалпы жобалық тереңдік 5000м. құрады.

Кенбай кен орнында далалық сейсмикалық барлау жұмыстары мен Шығыс Молдабек және Солтүстік Қотырмас учаскелерінде 128 шаршы шақырым көлемінде 3D-МОГТ деректерінің өңдеу және пайымдау жұмыстары аяқталды.

Жаңаталап кен орнында далалық сейсмикалық барлау жұмыстары, Жаңаталап, Балғымбаев, Қарашығанақ учаскесі және Солтүстік Мартыши құрылымында 300 шаршы шақырым көлемінде 3D-МОГТ деректерін өңдеу және пайымдау жұмыстары аяқталды.

## 2011 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛЫҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Бекітілген жоспарларды қайта қарастыру нәтижесінде 2011 жылғы мұнай өндіру 9,1 млн. тонна деңгейінде қалыптасады деп күтілуде, бұл 2010 жылы өндірілген мұнаймен салыстырғанда, 334 мың тонна немесе 4%-ға артық. Өндірудің осы аталған көлемін қамтамасыз ету үшін 2011 жылы 185 өндіруші, 54 тоғытпалы ұңғымаларды бұрғылау, сондай-ақ қолданыстағы ұңғымалардағы іс-шараларды атқару, соның ішінде қабаттардың мұнай беруін арттыру, ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізу, ұңғымалардың оқпан маңы аймағына әсер ету және өндіруші ұңғымаларды әрекетсіздіктен шығаруды енгізу жоспарланып отыр.

2011 жылы Компания мұнай мен газдың барланған қорының геологиялық құрылымы мен молаюын әрі қарай нақтылау мақсатында перспективалық блоктарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, Р-9 блогында Оңтүстік Қамыскөл, Солтүстік Қамыскөл, Оңтүстік-Шығыс Қызылқала, Солтүстік Масабай және Есболай құрылымдарындағы бес тұз үсті ұңғымаларын бұрғылау, және де жоғары палеозой жыныстарының құрылымын талдауды жалғастыру көзделу үстінде.

Оңтүстік-Шығыс Новобогатинск перспективалық құрылымында барлау ұңғымаларын бұрғылау жалғасын табады және 165 шаршы шақырым алаңда трехмерная сейсмикалық барлау өткізілетін болады.

Тайсойған блогында кен орнын сынақ ретінде пайдалану жобасына сәйкес Қондыбай кен орнының үш ұңғымасын бұрғылау жоспарлануда. Сонымен қатар зерттеу нысандарының көлемді үлгісін жасау және келешек барлау жұмыстарын жоспарлау үшін Уаз кен орнында 68 шаршы шақырым және Қондыбай кен орнында 82 шаршы шақырым көлемде 3D-МОГТ сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Шығыс Бажыр құрылымындағы орташа триас жыныстардың мұнайгаздылығының келешегін анықтау мақсатында барлау ұңғымаларын бұрғылауды бастау жұмыстары көзделініп отыр.

С. Нұржанов кен орнында 2011 жылы жобалық тереңдігі 3500 метрді алып жатқан №509 ұңғыма бұрғыланатын болады. Кен орны кесімдерінің жоғарғы бөлігін барлауға және төменгі бор валанжиндік көкжиектің мұнайгаздылығын бағалауға тарту мақсатында С. Нұржанов кен орнының валанжиндік көкжиегін барлау жобасына сәйкес 2011 жылы жобалық тереңдігі 2000 метрді қамтитын 2-ші іздестіру-барлау ұңғымаларын бұрғылау көзделді.

Шығыс Мақат кен орнында 2010 жылы орнатылған №101 ұңғыманың триасындағы өнімділік қалыңдығының геологиялық құрылымын нақтылау және әлеуетін анықтау мақсатында 2011 жылы тереңдігі 1 500 метр барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр.

Батыс Прорва кен орнында триас және юралық шөгінділердің мұнайгаздылығының геологиялық құрылымын нақтылау және оның келешегін анықтау мақсатында, кен орнының барлауға дейінгі жобасына сәйкес, жаңа ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары өз жалғасын табады. 3D-МОГТ сейсмикалық мәліметтерін пайымдау нәтижелері бойынша блоктың жарық тектоникасы нақтыланғандығын мен бұрғылаудың әлі де қол жетпеген жаңа бөліктері табылғандығын атап айтқан жөн.

2011 жылы келісімшарттық міндеттемелерге сәйкес, Шығыс Жарқамыс барлау блогында ауқымды геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары басталады.

Компанияның 2011 жылғы күрделі шығыстары 106,4 млрд. теңге деңгейінде болады деп күтілуде. Компанияның 2011 жылғы бюджеті мұнай бағасындағы, теңгенің айырбас бағамындағы өзгерістердің, инфляция және басқа да факторлардағы өзгерістердің көрінуіне орай мерзімді түрде қайта қарастырылатын болады.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

АҚШ долларындағы сомалар кірістер мен шығыстар туралы топтастырылған есептер және ақша құралдарының қозғалысы туралы топтастырылған есептер мен кезең

соңындағы топтастырылған баланстардың бағамы бойынша оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша ауыстырылды. «Бизнес жүргізудің шарттары және болжам» тарауын қараңыз.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)				%	(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)	
							%
Кірістер	164 212 857	148 424 375	137 838 565	19%	609 242 398	485 493 479	25%
Операциялық шығыстар	119 326 557	110 056 257	90 113 109	32%	422 493 059	330 605 629	28%
Операциялық шығыстар (баррельге теңгемен) <sup>1,2</sup>	5 291	5 219	4 242	25%	4 937	4 123	20%
Операциялық шығыстар (баррельге АҚШ долларымен) <sup>1,2</sup>	35,87	35,40	28,32	27%	33,51	27,95	20%
Операциялық кіріс (шығыс)	44 886 300	38 368 118	47 725 456	-6%	186 749 339	154 887 850	21%
Таза кіріс <sup>3</sup>	77 693 561	56 774 223	29 151 097	167%	234 501 890	209 726 900	12%
Мұнай өндіруге жұмсалған және басқа шығыстар <sup>1,4</sup>	37 964 599	36 550 792	30 140 501	26%	131 544 149	105 691 438	24%
Мұнай өндіруге жұмсалған және басқа шығыстар (баррельге АҚШ долларымен) <sup>1,4</sup>	15,82	15,04	12,35	28%	13,84	10,86	27%
Күрделі шығыстар	34 834 011	25 398 401	17 817 479	96%	86 679 884	42 844 814	102%

## ТАСЫМАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

Компания өндірілетін мұнайды төменгі кестеде көрсетілгендей, үш негізгі бағыт бойынша жеткізеді:

Каспий Құбыр желісі Консорциумы (бұдан әрі – КҚК), «ҚазТрансОйл» АҚ-на тиесілі (Қазақстан Республикасында) Өзен-Атырау-Самара (бұдан әрі – ӨАС) және ішкі рынокқа экспорттау:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	2010	2009
<b>ӨАС арқылы экспорттау</b>					
Мұнай көлемі (миллион тонна)	1,0	1,1	1,2	4,3	4,9
Мұнай сатудың жалпы көлемінен %	48%	49%	55%	50%	56%
Мұнай сатудан түскен жалпы түсімнен %	56%	57%	67%	58%	66%
<b>КҚК арқылы экспорттау</b>					
Мұнай көлемі (миллион тонна)	0,7	0,6	0,4	2,5	2,0
Мұнай сатудың жалпы көлемінен %	31%	29%	19%	29%	22%
Мұнай сатудан түскен жалпы түсімнен %	38%	35%	25%	35%	25%
<b>Өзгесі</b>					
Мұнай көлемі (миллион тонна)	0,4	0,5	0,6	1,8	2,0
Мұнай сатудың жалпы көлемінен %	21%	22%	27%	21%	21%
Мұнай сатудан түскен жалпы түсімнен %	7%	8%	8%	7%	8%

<sup>1</sup> Бір тонна мұнай үшін 7,36 баррельден аударылды.

<sup>2</sup> Кедендік баж және рента салығы жөніндегі шығыстарды шегергендегі операциялық шығыстар.

<sup>3</sup> Кезеңдегі таза пайда.

<sup>4</sup> Мұнай өндіруге жұмсалған және тағы басқа шығыстар операциялық шығыстардың келесі баптарының сомасын білдіреді (2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың топтастырылған қаржылық есебінде ұсынылған (Компанияның вебсайтына қара): жұмысшыларға сыйақы беру, материалдар мен қорлар, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі қызметтер, электр қуаты және тағы басқа шығыстар. Мұнда сонымен бірге газ өндіру және қайта өңдеумен, мұнайды қайта өңдеумен байланысты шығыстар және мұнай өндірумен тікелей байланысы жоқ және 2010 жылдың 31 желтоқсанында және тиісінше 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдерде (2010 жылдың 31 желтоқсанында және тиісінше 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған тоқсандар үшін 2,61 және 1,58 АҚШ доллары) баррельге қатысты шығыстарды шамамен 1,91 және 1,55 АҚШ долларына арттырған жалпы өкімшілік шығыстар кіреді.

Жоғарыда көрсетілген экспорттық бағыттардың салыстырмалы түрде алғандағы пайдалылығы Компания тиейтін мұнайдың сапасына, халықаралық рыноктағы негізгі бағаға және қолданылатын құбыр желісі тарифтеріне қатысты болады. Атап айтқанда, КҚК сапа банкі бойынша шығыстарға қарамастан мұнай бағасының неғұрлым жоғары болуы шартымен неғұрлым жоғары сапалы мұнайды тасымалдау үшін тиімдірек бағыт болып табылады.

Құбыр желілері бойынша мұнай жеткізу көлемі Қазақстан Республикасының мұнай және газ министрлігімен (осында және бұдан әрі – МГМ) келісілетіндігін атап айтуымыз орынды, сондықтан да Компанияның сол немесе өзге құбыр желілері бойынша мұнай беру мүмкіндігі шектеулі.

## КІРІСТЕР

Келесі кестеде 2010 жылғы 3 тоқсан, 2010 жылғы мен 2009 жылғы 4 тоқсан және 2010 жылғы және 2009 жылғы 4 тоқсандағы мұнай және мұнай өнімдерін сату көлемі және сату бағасы жөніндегі деректер келтірілген:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)			%	(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)		%
<b>Мұнайды экспорттық сату</b>							
<b>ӨАС құбыр желісі</b>							
Сату	89 561 927	83 369 774	91 632 184	-2%	345 485 101	313 121 601	10%
Көлем (мың тоннамен)	1 032	1 064	1 180	-13%	4 314	4 947	-13%
Орташа баға (тонна үшін теңгемен)	86 748	78 329	77 654	12%	80 086	63 293	27%
Орташа баға (АҚШ доллары/баррель) <sup>1</sup>	81,35	73,50	71,71	13%	75,17	59,35	27%
<b>КҚК құбыр желісі</b>							
Сату	60 452 326	50 560 145	33 565 242	80%	211 081 198	123 693 779	72%
Көлемі (мың тоннамен)	672	633	408	65%	2 546	1 999	27%
Орташа бағасы (тонна үшін теңгемен)	89 965	79 875	82 258	9%	82 893	61 389	35%
Орташа бағасы (АҚШ доллары/баррель) <sup>1</sup>	84,37	74,95	75,96	11%	77,81	57,57	35%
<b>Барлығы мұнай экспорты</b>	<b>150 014 253</b>	<b>133 929 918</b>	<b>125 197 426</b>	<b>20%</b>	<b>556 566 299</b>	<b>435 815 380</b>	<b>28%</b>
<b>Ішкі рынокқа мұнай сату</b>							
Ішкі рынокқа мұнай сату	10 932 163	11 185 692	11 205 243	-2%	40 707 699	36 861 944	10%
Көлем (мың тоннамен)	443	489	576	-23%	1 783	1 959	-9%
Орташа баға(тонна үшін теңгемен)	24 665	22 874	19 442	27%	22 830	18 818	21%
Орташа баға (АҚШ доллары/баррель) <sup>1</sup>	23,13	21,46	17,95	29%	21,43	17,65	21%
<b>Барлығы ішкі рынокқа сатылған мұнай</b>	<b>10 932 163</b>	<b>11 185 692</b>	<b>11 205 243</b>	<b>-2%</b>	<b>40 707 699</b>	<b>36 861 944</b>	<b>10%</b>
<b>Мұнайдың сомалық сатулары</b>							
Мұнай сату	160 946 416	145 115 610	136 402 668	18%	597 273 998	472 677 324	26%
Көлем (мың тоннамен)	2 148	2 186	2 164	-1%	8 643	8 905	-3%
Орташа баға(тонна үшін теңгемен)	74 942	66 374	63 021	19%	69 101	53 082	30%
Орташа баға (АҚШ доллары/баррель) <sup>1</sup>	70,28	62,28	58,20	21%	64,86	49,78	30%
Өзге де сатулар	3 266 441	3 308 765	1 435 899	127%	11 968 400	12 816 155	-7%
<b>Барлығы кіріс</b>	<b>164 212 856</b>	<b>148 424 375</b>	<b>137 838 567</b>	<b>19%</b>	<b>609 242 398</b>	<b>485 493 479</b>	<b>25%</b>

<sup>1</sup> Қаржылық есептілік бойынша бағада бір тонна мұнай үшін 7,23 баррель коэффициент есепке алынады.

## 2010 ЖЫЛҒЫ МҰНАЙ САТУ

2010 жылы мұнай сатудан түскен түсім 2009 жылмен салыстырғанда негізінен сатудың орташа бағасының 30%-ға арту және мұнай сату көлемінің 3%-ға немесе 261 мың тоннаға қысқару есебінен 26%-ға өсті және ол 597 млрд. теңгені құрады. Мұнай сатудың жалпы көлемінің төмендеуі негізінен 2009 жылмен салыстырғанда мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.

## ЭКСПОРТ – ӨАС ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ

ӨАС құбыр желісі бойынша экспортқа шығарылған мұнай сатудан түскен пайда 10%-ға артты және 345 млрд. теңгені құрады. Түсімнің артуы мұнай сатудың орташа бағасының тоннасына 27%-дан 80 086 теңгеге дейін көтерілуіне тікелей байланысты және ішінара құбыр желісі бойынша мұнай жеткізу көлемінің 13%-ға немесе 633 мың тоннаға төмендеуімен түзетілген.

ӨАС құбыр желісі бойынша экспортқа сатудан түскен пайда 2010 жылғы 4 тоқсанда 2009 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда, сату көлемінің 13%-ға немесе 148 мың тоннаға төмендеуіне байланысты 2%-ға төмендеді. Бұл ықпал ішінара сатудың орташа бағасының тоннасына 12%-дан 86 748 теңгеге арту есебінен түзетілген.

Осы бағыттағы сату көлемінің 2010 жылы қысқаруы, негізінен алғанда, 2010 жыл ішінде ӨМГ ӨФ жұмысшыларының арасында болған ереуілдерге орай, Өзен кен орнындағы мұнай өндіру көлемінің 2009 жылмен салыстырғанда 5%-ға немесе 292 мың тоннаға төмендеуіне негізделген.

## ЭКСПОРТ – КҚК ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ

КҚК құбыр желісі бойынша мұнай сатудан түскен пайда 2009 жылмен салыстырғанда, 2010 жылы 72%-ға, 211 млрд. теңгеге дейін артты. Бұл пайданың артқан себебі сатудың орташа бағасының 35%-ға тоннасына 82 893 теңгеге дейін өсуіне және КҚК арқылы экспорттау көлемінің 27%-ға өсуімен тікелей байланысты.

КҚК құбыр желісі бойынша мұнай сатудан түскен пайда 2010 жылғы 4 тоқсанда, 2009 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда, 80%-ға артты, бұл сатудың орташа бағасының 9%-ға 89 965 теңгеге дейін артуымен және сату көлемінің 65%-ға немесе 264 мың тоннаға артуына байланысты болды.

## ҚР ІШКІ РЫНОГЫНДА САТУ

2010 жылы ішкі рынокта мұнай сатудан түскен түсім 41 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты, бұл орташа сату бағасының 21%-ға өсуіне байланысты, 2009 жылмен салыстырғанда 10%-ға артты.

2010 жылдың 4-ші тоқсанында түсім 2009 жылдың 4-ші тоқсанымен салыстырғанда, сату көлемінің 23%-ға немесе 133 мың тоннаға төмендеуіне байланысты 2%-ға 11 млрд. теңгеге дейін азайды. Осыған орай сатудың ішкі рыноктағы орташа бағасы 27%-ға артты.

Төменгі кестеде 2010 жыл мен 2009 жылдың 31 желтоқсанында және 2010 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған кезеңдерде жұмсалған келіктік және басқа да

шығыстарды есепке алғанда мұнай сатуды жүзеге асыру бағасы туралы деректер келтірілген.

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(АҚШ доллары/баррель)		%		(АҚШ доллары/баррель)		%
<b>ӨАС</b>							
Жарияланатын нарықтық баға <sup>1</sup>	86,46	75,69	74,53	16%	79,18	61,67	28%
Сату бағасы	81,53	73,69	71,76	14%	75,35	59,26	27%
Баррельдеу коэффициенті жөніндегі сыйақы	-0,17	-0,20	-0,05	240%	-0,18	0,09	-300%
<b>Сатылған баға<sup>2</sup></b>	<b>81,36</b>	<b>73,49</b>	<b>71,71</b>	<b>13%</b>	<b>75,17</b>	<b>59,35</b>	<b>27%</b>
Экспорттық кедендік баж – Ренталық салық	17,70	12,40	11,49	54%	13,82	7,94	74%
Келіктік шығыстар	7,17	7,17	7,38	-3%	7,32	7,32	0%
Сатулар бойынша комиссия	0,06	0,06	0,06	0%	0,07	0,06	17%
<b>Нәтбек</b>	<b>56,43</b>	<b>53,86</b>	<b>52,78</b>	<b>7%</b>	<b>53,96</b>	<b>44,03</b>	<b>23%</b>
<b>КҚК</b>							
Жарияланатын нарықтық баға <sup>1</sup>	86,46	75,69	74,53	16%	79,18	61,67	28%
Сату бағасы	85,28	75,95	73,61	16%	78,70	58,32	35%
Сапа банкі	-7,75	-7,14	-4,03	92%	-6,98	-5,68	23%
Баррельдеу коэффициенті жөніндегі сыйақы	6,84	6,14	6,39	7%	6,09	4,93	24%
<b>Сатылған баға<sup>2</sup></b>	<b>84,37</b>	<b>74,95</b>	<b>75,97</b>	<b>11%</b>	<b>77,81</b>	<b>57,57</b>	<b>35%</b>
Экспорттық кедендік баж – Ренталық салық	17,82	12,43	11,49	55%	13,97	7,29	92%
Келіктік шығыстар	8,20	7,79	6,93	18%	7,62	7,15	7%
Сатулар бойынша комиссия	0,06	0,06	0,06	0%	0,07	0,06	17%
<b>Нәтбек</b>	<b>58,29</b>	<b>54,67</b>	<b>57,49</b>	<b>1%</b>	<b>56,15</b>	<b>43,07</b>	<b>30%</b>
<b>Ішкі рынок</b>							
Сату бағасы	23,13	21,46	17,95	29%	21,43	17,65	21%
Келіктік шығыстар	1,92	1,46	1,22	57%	1,58	1,30	22%
<b>Нәтбек</b>	<b>21,21</b>	<b>20,00</b>	<b>16,73</b>	<b>27%</b>	<b>19,85</b>	<b>16,35</b>	<b>21%</b>
<b>Орташа есеппен</b>							
Сату бағасы	71,00	62,95	58,03	22%	65,50	50,06	31%
Сапа банкі	-2,43	-2,07	-0,76	220%	-2,06	-1,28	61%
Баррельдеу коэффициенті жөніндегі сыйақы	1,71	1,39	0,93	84%	1,41	0,99	42%
<b>Сатылған баға<sup>2</sup></b>	<b>70,28</b>	<b>62,27</b>	<b>58,20</b>	<b>21%</b>	<b>64,85</b>	<b>49,77</b>	<b>30%</b>
Экспорттық кедендік баж - Ренталық салық	14,09	9,64	8,43	67%	11,01	6,05	82%
Келіктік шығыстар	6,40	6,09	5,74	11%	6,20	5,96	4%
Сатулар бойынша комиссия	0,05	0,05	0,04	25%	0,06	0,05	20%
<b>Нәтбек</b>	<b>49,74</b>	<b>46,49</b>	<b>43,99</b>	<b>13%</b>	<b>47,58</b>	<b>37,71</b>	<b>26%</b>

<sup>1</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) баға кесуі пайдаланылды.

<sup>2</sup> Қаржылық есептілік бойынша бағада бір тонна мұнай үшін 7,23 баррель коэффициент есепке алынады.



Жарияланатын нарықтық баға мен ӨАС арқылы сату бағасының арасындағы айырмашылық, негізінен алғанда, сапа банкі бойынша шығыстардан, айлақтық және кедендік алымдардан, сатулар бойынша комиссиялардан тұрады. Басым жағдайда орташаландыру нәтижесі есепті кезеңдегі орташа жарияланатын баға мен іс жүзінде сатылатын мерзімдегі кесімді бағаның орташа мәніндегі айырмашылықтың есебінен туындайды, мұның барысында мұнайға қатысты әлемдік бағаның жоғары құбылмалылығына қарай бұл

айырмашылықтар елеулі болуы мүмкін. Ішкі рынокта мұнай сатудан алынған баға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның немесе еншілес компаниялардың (өндірістік өзіндік құн +3%) келісімімен анықталады.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Төменгі кестеде Компанияның операциялық шығыстарын құраушылар ұсынылып отыр:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)				(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)		
				%			%
Ренталық салық	28 222 445	22 577 325	20 980 278	35%	97 484 646	58 673 500	66%
Пайдалы қазбалар өндіруге салынатын салық	19 740 317	17 106 172	15 485 285	27%	70 932 591	55 087 266	29%
Қызметкерлерге төленетін сыйақы	18 342 854	18 543 657	12 957 292	42%	66 241 795	50 876 767	30%
Көліктік шығыстар	15 035 605	14 503 313	13 860 131	8%	57 794 777	53 793 843	7%
Ескіру, тозу және амортизация	10 197 074	8 899 214	8 099 843	26%	35 486 128	31 155 360	14%
Жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі қызметтер	8 189 528	8 391 560	5 352 486	53%	28 857 572	21 178 039	36%
Материалдар және қорлар	4 175 255	3 301 757	2 823 961	48%	12 007 713	10 135 010	18%
Электр қуаты	2 906 235	2 586 000	2 884 186	1%	10 987 439	10 429 959	5%
Басқарушылық гонорар және сатулар бойынша комиссиялар	2 071 698	2 071 169	1 908 184	9%	8 281 574	7 648 453	8%
Экспорттық кедендік баж	5 032 165	1 445 570	-	100%	6 477 735	-	100%
Басқа да салықтар	1 284 322	1 258 568	1 917 797	-33%	4 815 027	5 031 000	-4%
Әлеуметтік жобалар	1 439 694	1 038 781	537 870	168%	4 137 051	2 239 845	85%
Айыппұлдар мен өсімақылар	-2 626 333	4 390 099	-4 439 022	-41%	2 805 102	8 132 702	-66%
Негізгі құралдардың шығып қалуынан болған шығыстар	621 334	1 016 838	1 157 634	-46%	2 200 613	2 547 437	-14%
Құрғақ ұңғымаларды есептен шығару	1 103 615	-	-	100%	1 103 615	-	100%
Геологиялық және геофизикалық жұмыстары	968 648	-	390 950	148%	968 648	390 950	148%
Мұнай балансындағы өзгеріс	-1 728 626	-801 583	73 658	-2447%	-1 538 597	213 835	-820%
Өзгесі	4 350 727	3 727 818	6 122 576	-29%	13 449 630	13 071 663	3%
<b>Барлығы</b>	<b>119 326 557</b>	<b>110 056 257</b>	<b>90 113 109</b>	<b>32%</b>	<b>422 493 059</b>	<b>330 605 629</b>	<b>28%</b>

2010 жылғы операциялық шығыстар 2009 жылмен салыстырғанда 91,9 млрд. теңге немесе 28%-ға артты. Бұл өсімнің негізгі себептері: ренталық салық бойынша шығыстардың артуы, пайдалы қазбаларды өндіру салығы, жұмысшыларға сыйақы беру, көліктік шығыстар, ескіру, тозу және амортизация, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі шығыстар, экспорттық кедендік баж.

Ренталық салық жөніндегі шығыстар мұнайға қатысты әлемдік бағаның өсуіне байланысты 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 66%-ға өсті. Мысалы, Brent бағасы есепті кезеңде баррель үшін 28%-дан 79,18 долларға дейін өсті. Әлемдік бағаның өсуі салық ставкасына әсер етті, ол орташа есеппен 2009 жылғы 12%-дан 2010 жылы 16%-ға дейін артты.

ПҚӨС бойынша шығыстардың өсуі 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы сондай-ақ мұнайға қатысты әлемдік бағаның өсуіне, ішкі рынокқа сату бағасының өсуіне және сату көлемінің өсуіне байланысты болды. Бұл өзгеріс ішінара өндіру көлемінің төмендеуімен нивелирленген.

Жұмысшыларға сыйақы беру әр қызметкерге орташа шығыс 28%-ға және өндірістік қызметкерлер құрамы санының 2%-ға өсуіне байланысты, 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 30%-ға өсті. Халық санының 294 адамға өсуі өндірістік қажеттілікке орай қызметкерлер құрамын жинаумен негізделген. Орташа еңбекақының өсу себептері: инфляцияға байланысты базалық тарифтердің 9%-ға түзетілді, 2010 жылдың 1 маусымынан бастап жаңа еңбекке ақы төлеу жүйесінің енгізілуіне орай базалық

тарифтің 60%-ға өсуі. Бұл өсім ішінара Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес өндірістік қызметкерлер құрамының 80%-дан 33%-ға төмендеуіне орай (еңбекақының ауыспалы бөлігі 25%-дан аспауы тиіс) және ӨМГ ӨФ жұмысшыларының ереуілге шығуына байланысты, 2010 жылғы наурыздың 1-і мен 18-і аралығындағы жұмыстың уақытша тоқтауына байланысты нивелирленген.

Көліктік шығыстар 7%-ға өсті, өйткені КҚК құбыр желісі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 2009 жылғы 27%-дан 1,99 мың тоннадан 2010 жылы 2,54 мың тоннаға өсті және депрессорлық кірікпелер жөніндегі тарифтер 12%-ға тоннасына 1 430 теңгеден бастап 1 600 теңгеге дейін өсті. Сондай-ақ «Транснефть» компаниясы тарифінің өсуіне байланысты РФ аумағы бойынша тасымалдау қызметтері 10%-ға өсті.

«Ескіру, тозу және амортизация» тарауы жөніндегі шығыстар 14%-ға өсті, бұл негізінен өндірістік нысандардың санының көбеюіне, сонымен бірге активтердің 2009 жылы 10,34%-дан 2010 жылы 11,38%-ға дейінгі ескіру жылдамдығының өсуіне байланысты.

Жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі шығыстар 36%-ға және материалдар мен қорлар жөніндегі шығыстар 18%-ға өсті, бұл негізінен 2009 жылғы келісімшарттарға кеш қол қойылғандығынан 2010 жылы жөндеу көлемінің арту себептеріне байланысты болды. Мысалы, КРС саны 1 206 бастап 1 234 ұңғыма, электр әсері - 143 бастап 188 ұңғыма, қабатты сумен сөгу - 120 бастап 205 ұңғыма, жеткізе ату/қайта ату - 409 бастап 418 ұңғымаға дейін өсті. Бұған қоса, материалдар жөніндегі шығыстардың өсуі таттануға, дис-слован және басқа да химреагенттерге қарсы тежегіштерге қатысты бағаның өсуіне негізделді.

Энергиямен қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар 2010 жылы тұтынудың артуына байланысты, сондай-ақ электр қуаты тарифтерінің артуына және оны тасымалдаудың 8,71 квт/сағ. бастап 14,1 теңгеге дейін өсуіне байланысты артты.

Басқарушылық гонорар ҚМГ ҰК орнатылған басқарушылық қызмет жөніндегі Келісімге сәйкес төленеді. Гонорар сома-сы 7,8% көлемінде ҚР бюджетінде қарастырылған инфля-ция деңгейін ескере отырып индекстелді.

Өткен жылы қолданылмаған экспорттық кедендік баж 2010 жылы 16 тамызда қайта енгізілді.

«Жарылқау» және «Жайық» әлеуметтік қорларын 2009 жылмен салыстырғанда 780 және 65 млн. теңгемен қаржыландыру, сондай-ақ әлеуметтік даму үшін Атырау облысының бірнеше елді мекендерінің тұрғындарын қайта қоныстандыру мақсатында Атырау қаласы әкімдігін 750 млн.теңгемен қаржыландыруға байланысты әлеуметтік жобалар жөніндегі шығыстар өсті.

Өсімақы мен айыппұлдар жөніндегі шығыстар 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда төмендеді, себебі Компания 2009 жылы 2004-2005 ж.ж. кешенді салықтық тексерудің қорытындылары бойынша есептеулер жүргізген еді. 2010

жыл ішінде Компания трансферттік бағаның құрылуы жөніндегі резервтің қалған бөлігіне шеттету жүргізілді.

Құрғақ ұңғымаларды есептен шығару жөніндегі шығыстар Лиман, Р-9 және Тайсойған жобаларын барлау жөніндегі ҚМГ БӨ бағдарламасындағы инвестицияның артуы нәтижесінде орын алды. 2010 жыл ішінде Р-9 блогындағы құрғақ барлау ұңғымалары есептен шығарылды.

Лиман және Р9 кен орындарында сейсмикалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты геологиялық және геофизикалық жұмыстар жөніндегі шығыстар өсті.

«Мұнай балансының өзгерістері» тарауындағы шығыстар 2010 жылдың соңындағы шикі мұнай қалдықтарындағы өзгерістерді көрсетеді.

Басқа шығыстардың артуының негізгі себептері 2010 жылы, негізінен алғанда, 2009 жылмен салыстырғанда мыналар: күмәнді дебиторлық берешектер бойынша қорлардың шет-тетілуі және 2009 жылы «КРІ» ЖШС-дегі инвестициялардың құнсыздануы, сондай-ақ «ЕмбіЭнергоМұнай» ЖШС компаниясының жойылуына байланысты компания активтерінің құнсыздануы.

## ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІС (ШЫҒЫС) ЖӘНЕ БАҒАМДЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚ (ТАЗА ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/ШЫҒЫСТАР)

Компания әр кезеңде қаржылық кірісті, негізінен алғанда, депозиттер бойынша пайыздардан алады, ал теңгенің құнсыздануы жағдайында пайда бағамдық айырмашылықтардан түседі. Компанияның қаржылық шығыстары әр кезеңде, негізінен алғанда, зайымдар бойынша пайыздар мен ұңғымаларды тоқтату қоры және тарихи міндеттемелер бойынша резервпен байланысты дисконт есептеуден тұрады.

2010 жылғы таза қаржылық пайда 27,08 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты, бұл 2009 жылғы көрсеткіштен 105,9 млрд. теңге төмен. Мұның төмендеу себебі негізінен 2009 жылғы ақпан айындағы теңгенің құнсыздануы нәтижесінде 89,53 млрд. теңге сомаға бағамдық айырмашылықтан пайда алынған болатын. Сондай-ақ депозиттер бойынша орташа ставканың төмендеуі нәтижесінде депозиттер бойынша пайыздық табыстың 15,26 млрд. теңгеге төмендеуі қадағаланады.

## БІРЛЕСКЕН ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСҚАН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚАТЫСУДАН ТҮСКЕН КІРІС

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға қатысудан түскен Компанияның кірісі 2009 жылғы 2,5 млрд. теңге шығыспен салыстырғанда 2010 жылы 56,6 млрд. теңгені құрады.

Мұның арту себебі негізінен Компанияның 2009 жылғы топтастырылған қаржылық көрсеткіштерінде сатып алған күннен бастап (2009 жылдың 22 желтоқсанынан 31 желтоқсанына дейін) ПетроҚазақстан Инк-ке қатысудан түскен кіріс қосылған еді, ал 2010 жылы осы активтен түскен кіріс жыл бойы есептеліп отырды. Бұған қоса, 2010 жылы мұнайға қатысты әлемдік бағаның өсуіне және ілеспе газды өртеуге қатысты айыппұлдың қысқару есебінен

«Қазгермұнай» БК» ЖШС-не қатысудан түскен кірістің өскені байқалады. 2010 жылы «Қазгермұнай» БК» ЖШС-не қатысу үлесінен түскен кіріс 22,6 млрд. теңгені және ПетроҚазақстан Инк-ке қатысу үлесінен түскен кіріс 34,08 млрд. теңгені құрады.

## ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(мың теңгемен)			%	(мың теңгемен)		%
Салық салынғанға дейінгі пайда	83 548 990	71 972 753	44 895 160	86%	291 947 153	285 472 729	2%
Салық салынғанға дейінгі пайда (БК және бірлескен компаниялардың нәтижелерін есепке алмағанда)	51 050 145	45 206 612	48 533 375	5%	213 834 120	287 940 280	-26%
Табыс салығы	5 855 429	15 198 530	15 834 063	-63%	57 445 263	75 745 829	-24%
<b>Салықтың тиімді ставкасы</b>	<b>7%</b>	<b>21%</b>	<b>35%</b>	<b>-80%</b>	<b>20%</b>	<b>27%</b>	<b>-26%</b>
<b>Салықтың тиімді ставкасы (БК және бірлескен компаниялардың нәтижелерін есепке алмағанда)</b>	<b>11%</b>	<b>34%</b>	<b>33%</b>	<b>-65%</b>	<b>27%</b>	<b>26%</b>	<b>2%</b>

Кіріс салығы бойынша шығыстар 2010 жылы негізінен амортизациялаудың қос ставкасын қолдану, ПҚӨС, ренталық салықтың, экспорттық кедендік баж салығының, сондай-ақ еңбек ақы жөніндегі шығыстардың арту есебінен қысқарып отыр. 2010 жылы ҮТС төмендеуінің нәтижесінде жойылған, 2009 жылғы жағымды бағам айырмашылығынан пайда түсуі есебінен салықтың тиімді бағасы 27%-ға дейін өсті.

## КЕЗЕҢДЕГІ ТАЗА ПАЙДА

Жоғарыда көрсетілген факторлардың нәтижесінде Компанияның 2010 жылғы таза пайдасы 2009 жылмен

салыстырғанда 12%-ға өсті және 234,5 млрд. теңгені құрады.

## ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

### «ҚАЗГЕРМҰНАЙ» БК» ЖШС

Төменде «Қазгермұнай» БК» ЖШС негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштері берілген:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
Түсім, мың АҚШ долл.	414 284	402 196	363 902	14%	1 526 749	1 172 888	30%
Операциялық шығыстар, мың АҚШ долл.	243 449	202 688	176 083	38%	811 853	736 554	10%
Кіріс салығы жөніндегі шығыстар, мың АҚШ долл.	115 189	57 166	97 207	18%	285 761	178 553	60%
Таза кіріс, мың АҚШ долл.	54 795	142 342	61 759	-11%	426 705	228 948	86%
Күрделі шығыстар, мың АҚШ долл.	41 716	24 013	73 549	-43%	74 107	99 683	-26%
Мұнай өндіру, мың тонна	748	808	817	-8%	3 102	3 202	-3%
Мұнай сату, мың тонна	727	838	775	-6%	3 073	3 037	1%
Қазақстан-қытай құбыр желісі арқылы экспорттау	367	327	355	3%	1 261	1 249	1%
Өзбекстанға экспорт	-	-	10	-100%	-	10	-100%
Ақтау арқылы экспорттау	240	286	280	-14%	1 028	1 163	-12%
Ішкі рынок	120	225	130	-8%	784	615	27%

«Қазгермұнай» БК» ЖШС өндіру көлеміндегі Компанияның үлесі (50%) 2010 жылы 1 551 мың тоннаны құрады. Қарастырылып отырған кезеңдегі күрделі шығыстар 74,1 млн. АҚШ долларынан тұрады. Бірлескен кәсіпорынға қатысудан түскен 22,6 млрд. теңге көлеміндегі кіріс Компанияның 2010 жылғы топтастырылған қаржылық есебіне енгізілді, бұл 2009 жылдың сәйкес кезеңімен

салыстырғанда, 25 млрд. теңгеге артық. 2010 жылы «Қазгермұнай» БК» ЖШС-нен дивиденд ретінде 47,8 млрд. теңге алды.

## CCEL

Төменде CCEL («Қаражанбасмұнай») негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштері берілген:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
Түсім, мың АҚШ долл.	260 656	243 820	195 934	33%	924 424	687 731	34%
Операциялық шығыстар, мың АҚШ долл.	178 574	194 547	144 353	24%	690 888	568 884	21%
Кіріс салығы жөніндегі шығыстар, мың АҚШ долл.	29 650	10 520	18 311	62%	59 555	- 5 930	-1104%
Таза кіріс, мың АҚШ долл.	52 432	38 754	33 271	58%	173 981	124 788	39%
Күрделі шығыстар, мың АҚШ долл.	33 163	37 617	28 736	15%	109 357	94 612	16%
Мұнай өндіру, мың тонна	506	514	460	10%	1 941	1 867	4%
Мұнай сату, мың тонна	492	525	430	14%	1 914	1 861	3%
Махачкала арқылы экспорт	326	350	281	16%	1 300	1 254	4%
Приморск арқылы экспорт	92	80	90	2%	314	419	-25%
Одесса арқылы экспорт	-	-	-	-	-	6	-100%
Гданск арқылы экспорт	20	40	-	-	85	-	-100%
Ішкі рынок	54	55	60	-10%	215	183	18%

Компания CCEL-ден (50% үлес) түскен 2010 жылғы қаржылық кірісті 3,1 млрд. теңге сомасында және CCEL-ден алынатын шотты 20,4 млрд. теңге сомасында мойындады. 2010 жылы CCEL-де 109,3 млн. АҚШ доллары сомасындағы

капиталдық салымдар жүзеге асырылды, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 16%-ға жоғары. 2010 жылы 29 желтоқсанда Компания 26,87 млн. АҚШ доллары көлеміндегі жыл сайынғы кепілдік төлемге ие болды.

## ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.

Төменде ПетроҚазақстан Инк.-тің негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштері берілген:

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
Түсім, мың АҚШ долл.	951 395	902 444	939 151	1%	3 422 195	2 889 584	18%
Операциялық шығыстар, мың АҚШ долл.	661 431	298 391	772 176	-14%	1 962 173	2 084 488	-6%
Кіріс салығы жөніндегі шығыстар, мың АҚШ долл.	113 671	96 725	158 888	-28%	448 617	301 929	49%
Таза кіріс, мың АҚШ долл.	176 293	507 328	8 087	2080%	1 011 405	503 167	101%
Күрделі шығыстар, мың АҚШ долл.	153 881	93 757	121 439	27%	410 582	332 870	23%
Мұнай өндіру, мың тонна <sup>1</sup>	1 516	1 311	1 621	-6%	6 053	6 280	-4%
Мұнай сату, мың тонна <sup>1</sup>	1 349	1 441	1 471	-8%	5 397	5 252	3%
Қазақстан-қытай құбыр желісі арқылы экспорттау	643	756	806	-20%	2 816	2 738	3%
Ақтау СРТ арқылы экспорттау (КГМ 50%)	120	143	137	-12%	514	582	-12%
Қазақстан-қытай құбыр желісі арқылы экспорттау (КГМ 50%)	184	161	177	3%	630	624	1%
Өзбекстан арқылы экспорттау (ТП 50%)	62	52	70	-11%	252	294	-14%
DDU экспорты КТК-К Атырау (ТП 50%)	-	-	35	-100%	-	256	-100%
Өзбекстан экспорты (ҚГМ 50%)	-	-	5	-100%	-	5	-100%
DDU экспорты Алашаңқай, ККТ ТП 50%)	211	176	152	38%	684	423	62%
Ішкі рынок	129	153	88	46%	501	331	52%
Экспорт, мұнай өнімдері, (мың тонна)	107	143	195	-45%	579	867	-33%
Ішкі рынок, мұнай өнімдері, (мың тонна)	347	472	383	-9%	1 633	1 800	-9%

2010 жылы ПетроҚазақстан Инк. мұнай өндіру көлемі 2009 жылғы 6 280 мың тоннамен салыстырғанда, 6 053 мың тоннаны құрады. Кәсіпорындарға қатысудан түскен пайда 34,08 млрд. теңге сомасында Компанияның 2010 жылғы топтастырылған қаржылық есебіне қосылды. 2010 жылы ПҚИ 46,7 млрд. теңге сомасында дивидендтер алды.

## ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ КАПИТАЛ РЕСУРСТАРЫ

### АҚША АҒЫМДАРЫНА ШОЛУ

Компанияның өтімділікке қажеттілігі, негізінен, тиісті операциялық қызметтерді қаржыландыру қажеттілігінен (айналымдық капитал), инвестицияларды қаржыландыру қажеттілігінен (күрделі шығыстар) және сатып алу есебінен өсімге қол жеткізуден пайда болады. Басшылық Компания өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін орындау үшін және инвестициялық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін өтімділіктің жеткілікті мөлшеріне ие деп есептейді.

	4 тоқсан 2010	3 тоқсан 2010	4 тоқсан 2009	4 тоқсаннан 4 тоқсанға	2010	2009	Өзгеріс
	(мың теңгемен)		%		(мың теңгемен)		%
Операциялық қызметтен түскен ақша құралдарының таза ағымы	39 321 704	35 387 225	67 322 503	-42%	115 694 318	149 151 221	-22%
Инвестициялық қызметтен түскен ақша құралдарының таза ағымы	-56 490 018	81 254 976	-98 871 879	-43%	-31 492 441	-252 701 063	-88%
Қаржылық қызметтен түскен ақша құралдарының таза ағымы	-10 550 783	-75 576 239	-835 957	1162%	-93 234 670	-73 962 333	26%

<sup>1</sup> «Торғай Петролеум» АҚ-ның 2010 жылғы 12 айлық операциялық нәтижелеріндегі 50% үлесті қосқанда.

2010 жылы операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымы 115,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 33,4 млрд. теңгеге төмен. Бұл өлшем, негізінен алғанда, ақшасыз позициялардың түзетілуінің артуымен, атап айтқанда, бірлескен және қауымдасқан компаниялардың қатысуынан, сондай-ақ кері капиталдағы өзгерістердің нәтижесінің артуымен байланысты.

2010 жылы инвестициялық қызметтен түскен ақша құралдарының таза ағымы 31,5 млрд. теңгені құрады. Негізінен ақша құралдарының ағымы өтелгенге дейін ұсталынатын 146,7 млрд. теңге сомасындағы инвестицияларды сату нәтижесінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан мекемелерден алынған 94,5 млрд. теңге сомасындағы дивидендтерден, депозиттер бойынша 33,9 млрд. теңге сомасындағы сыйақыдан құралды. Бұл әсер ҚМГ ҰК облигацияларын сатып алу, 308,2 млрд. теңге сомасында негізгі құралдар сатып алумен нивелирленген. 2009 жылы таза ағымы 252,7 млрд. теңгені құрады

және негізінен өтелгенге дейін ұсталынатын 242,8 млрд. теңге сомасындағы инвестицияларды сатып алуымен байланысты.

Қаржылық қызметте пайдалануға бағытталған таза ақша құралдарының ағымы 2010 жылы 93,2 млрд. теңгені құрады және 2009 жылғы тиісті мерзіммен салыстырғанда, 19,2 млрд. теңгеге өсті. Бұл өзгеріс, негізінен алғанда, займдар мен сыйақылар бойынша тиісінше 8,2 и 5,7 млрд. теңгеге төлемдердің арту есебінен, сондай-ақ дивидендтер бойынша төлемдердің 2,1 млрд. теңгеге артуы бойынша орын алды. 2010 жылы меншікті акциялардың сатып алу көлемі 3,1 млрд. теңгеге өсті.

## ЗАЙМДАР

Төмендегі кестеде Компанияның 2010 жылдың 31 желтоқсанында және 2010 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған кезеңдеріндегі таза ақша қаражаты жөніндегі деректері берілген:

	2010 жылғы 31 желтоқсанда	2010 жылғы 30 қыркүйекте	2009 жылғы 31 желтоқсанда	Желтоқсаннан желтоқсанға
	(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)			%
Ағымдағы бөлігі	60 194 818	59 074 330	45 650 017	32%
Өтеу мерзімі бір жылдан астам	62 286 045	62 330 689	92 023 143	-32%
<b>Барлығы займдар</b>	<b>122 480 863</b>	<b>121 405 019</b>	<b>137 673 160</b>	<b>-11%</b>
Ақша мен олардың баламасы	98 519 680	126 318 737	107 626 368	-8%
Басқа да ағымдағы қаржылық активтер	377 800 956	302 841 604	534 288 078	-29%
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер	221 825 818	221 780 996	797 931	27 700%
<b>Басқа да қаржылық активтер</b>	<b>698 146 454</b>	<b>650 941 337</b>	<b>642 712 377</b>	<b>9%</b>
<b>Ақш долларына деноминацияланған қаржылық активтер %</b>	<b>81%</b>	<b>39%</b>	<b>74%</b>	<b>7%</b>
<b>Таза ақша қаражаты</b>	<b>575 665 591</b>	<b>529 536 318</b>	<b>505 039 217</b>	<b>14%</b>

Компанияның 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы займдары 122,5 млрд. теңгені құрады, соның ішінде 114,3 млрд. теңге 2006 жылы Петроқаззақстан Инк 33% үлесін сатып алу үшін шығарылған РКІ Finance борышты бағалы қағаздарын сатып алумен байланысты.

ҚазМұнайГаз ҰК облигацияларын сатып алу АҚШ долларына деноминацияланған қаржылық активтерінің өсуінің негізгі факторлары болып табылады. 2010 жылғы 16 шілдеде Компания ҚМГ ҰК Қаржы биржасында 1,5 млрд. АҚШ доллары сомасында шығарылған субординацияланбаған, купондық, индекстелген, құнсызданбаған облигацияларын сатып алды.

### БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ

ОСЫ ҚҰЖАТТА «БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ» БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН НЕМЕСЕ ЕСЕПТЕЛЕТІН МӘЛІМДЕМЕ ҚАМТЫЛҒАН. БАСҚАЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ «САНАЙДЫ», «АЛДЫН АЛА БАҒАЛАУ БОЙЫНША», «КҮТІП ОТЫР», «БОЛЖАМ БОЙЫНША», «ҰЙҒАРЫП ОТЫР», «ЖОСПАРЛАП ОТЫР», «ҰЙҒАРДЫ», «БОЛАДЫ» НЕМЕСЕ «БОЛУЫ ТИИС» ДЕГЕН СӨЗДЕРДІ ҚОСА АЛҒАНДА БОЛАШАҚТЫ СИПАТТАУҒА АРНАЛҒАН ТЕРМИНОЛОГИЯ, НЕ, ӘР ЖАҒДАЙДА ОСЫҒАН ҰҚСАС НЕМЕСЕ ПАРА-ПАР ТЕРМИНОЛОГИЯ, НЕ ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СІЛТЕМЕЛЕР, БОЛАШАҚ ОҚИҒАНЫҢ НЕМЕСЕ НИЕТТІҢ ЖОСПАРЛАРЫ, МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ КЕЛЕШЕККЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕНІ ТҮСІНДІРУГЕ АРНАЛҒАН. БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ АТАЛҒАН МӘЛІМДЕМЕ ТАРИХИ ФАКТІЛЕР БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН БАРЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕЛЕРДІ ҚАМТИДЫ. ОЛАР НИЕТТЕР, ПІКІРЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕРДІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ СОЛАРМЕН ҚАТАР ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА, КОМПАНИЯ ЖҰМЫС ІСТЕП ОТЫРҒАН СТРАТЕГИЯЛАР МЕН САЛАЛАРДЫҢ ЖОЙЫЛЫМДЫЛЫҒЫНА, ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫНА, ӨСУІНЕ ҚАТЫСТЫ КҮТУЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕРДІ ШЕКТЕУСІЗ ҚАМТИДЫ. ӨЗ ТҮРҒЫСЫНДА БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ӨТІНІМДЕР ОЛАР БОЛУЫ МҮМКІН КЕЛЕШЕКТЕГІ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖАҒДАЯТТАРҒА ҚАТЫСТЫ БОЛҒАНДЫҚТАН ТӘУЕКЕЛМЕН ЖӘНЕ БЕЛГІСІЗДІКПЕН БАЙЛАНЫСТЫ. БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТТІҢ БОЛАШАҚ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ КЕПІЛДІГІ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ ЖӘНЕ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ІС ЖҮЗІНДЕГІ НӘТИЖЕЛЕРІ, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУЫ ЖӘНЕ КОМПАНИЯ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЕЛДЕР МЕН САЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ ОСЫ ҚҰЖАТТА СИПАТТАЛҒАН НҰСҚАЛАРДАН АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕШЕ БОЛУЫ НЕМЕСЕ ОСЫ ҚҰЖАТТА ҚАМТЫЛҒАН БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСУЫ МҮМКІН. КОМПАНИЯ ЖАҢА АҚПАРАТТАР АЛУДЫҢ, БОЛАШАҚ ОҚИҒАЛАРДЫҢ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ӨЗГЕ ДЕ ЖАҒДАЙДЫҢ НӘТИЖЕСİNДЕ БОЛСА ДА ОСЫ ҚҰЖАТТА ҚАМТЫЛҒАН САЛАҒА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БОЛМАСЫН АҚПАРАТТЫ НЕМЕСЕ БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БОЛМАСЫН МӘЛІМДЕМЕНІ ЖАҢАРТУДЫ ЖОСПАРЛАМАЙДЫ ЖӘНЕ ОЛ ЖӨНІНДЕ ӨЗІНЕ МІНДЕТТЕМЕ АЛМАЙДЫ. КОМПАНИЯ БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МҮНДАЙ МӘЛІМДЕМЕЛЕРДЕ АЙТЫЛҒАН НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛЕТІНДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕШҚАНДАЙ МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАМАЙДЫ, ЕШҚАНДАЙ РАСТАУ БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ЕШҚАНДАЙ БОЛЖАМ ЖАРИЯЛАМАЙДЫ.



## ТӘУЕКЕЛДЕР ФАКТОРЛАРЫ

Компанияның қызметі экономикалық, заңнамалық, әлеуметтік және қаржылық салалардағы көптеген тәуекелдерге бағынышты. Мүдделі адамдар шешім қабылдағанда Компанияның қаржылық және операциялық қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін тәуекелдердің ескерулері керек.

Тұрақты дамуды қамтамасыз етіп, құнын көтеру және қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілген.


Тәуекелдерді басқару жүйесі Компания басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және ұдайы дамып отыратын процесті білдіреді, сол арқылы Компания өткен, бүгінгі және болашақтағы дамуына талдау жасап, тәуекелдер портфелін жүйелі түрде басқарып, бағалап отырады.

Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі қойылған міндеттерді орындауға бақылау жасау жүйесін, атқарылған шаралардың тиімділігін бағалау процесін, тәуекелдерді талдауды ескере отырып, стратегиялық және тиімді шешімдер қабылдау жүйесін қамтиды.

Тәуекелдерді басқару процесі Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекелдерді басқару комитеті, құрылымдық бөлімшелер басшылары және Компанияның барлық қызметкерлерімен жүзеге асырылады. Тәуекелдерді басқару процесінде міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу Тәуекелдерді басқару саясатында белгіленген.

Тәуекелдерді басқару комитеті жыл сайынғы тәуекелдерді басқару және бірыңғайландыру қорытындысы бойынша (62 бет. қар.) Компанияның тәуекелдер портфелін қалыптастырды.


### САНАТТАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР ПОРТФЕЛІНІҢ ЖІКТЕМЕСІ ПАЙЫЗБЕН



- Операциялық тәуекелдер **29**
- Қаржылық тәуекелдер **20**
- Жеткізу және қызмет көрсету тәуекелдері **16**
- Заңдық тәуекелдер **12**
- Еңбек және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тәуекелдер **7**
- Ақпараттық технологиялар тәуекелдері **7**
- Стратегиялық тәуекелдер **6**
- Қызметкерлер тәуекелдері **3**

## ТӘУЕКЕЛДЕР ДЕРЕКТЕРІНЕ ТАЛДАУ ПАЙЫЗБЕН

- Ішкі 70
- Сыртқы 16
- Екеуі 14



Компанияның тәуекелдер портфелі ықпал етудің сыртқы дереккөздермен 16% және ықпал етудің ішкі дереккөздермен 70% тәуекелдерін құрайды

Ішкі тәуекелдер тұтастай Компанияның басқару аймағында және бақылауында тұрады, олар басқару жүйесі және ішкі бақылау тиімділігімен тікелей байланыста.

Сыртқы тәуекелдер Компанияның бақылау аймағынан және басқару жүйесінен тыс тұр, бірақ оларға қатысты Компания оларды азайту және ықпалын жұмсарту үшін мүмкін болатын шаралар қолдануда.

2006 жылғы 29 қыркүйекте жарияланған қарапайым акциялар мен ЖДҚ эмиссия проспектісінде тәуекелдер туралы кейбір ақпараттар, сондай-ақ маңызды қаржылық тәуекелдерді талдау жылдық тексерілген есепте бар (117 бет. қар.).

Төменде қосымша негізгі тәуекелдердің тізімі берілген.

## БАРЛАУ

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің қашанда «құрғақ» ұңғыманы бұрғылау және/немесе көмірсутегі шоғырын табу қаупі бар. Геологиялық барлау жұмыстарының қаупін сейілту мақсатында дәстүрлі сейсмикалық зерттеулерден басқа геохимиялық зерттеу, жоғары мүмкіндікті электр барлау жұмыстары, сондай-ақ, сейсмикалық және гравикалық мәліметтерді талдау жөніндегі арнайы тәсілді қамтитын кешенді геологиялық-геофизикалық талдау жұмыстары жүргізіледі.

## ӨНДІРУ

Компанияның маңызды міндеттерінің бірі көпшілігі пайдаланудың соңғы сатысында тұрған кенорындарындағы мұнай өндірудің оңтайлы деңгейін ұстап тұру болып табылады. Осы мақсатта Компания мұнай қабаттарына және ұңғымалардың оқпантип маңына әсер ету технологияларын және тәсілдерін қолданып жатыр.

Компания өндірістік процесстердің тиімділігін арттыру мақсатында түрлі деңгейдегі өндірістік қызметкерлердің әрекетін түзетіп, үйлестіру, коммуникациямен қамтамасыз ету, дер кезінде тәуекелдерді бірыңғайландырып, оларды басқару жолымен өндірістік тәуекелдерге талдау жүргізеді.

Компанияның өндірістік қызметінің негізгі тәуелділігі:

- Негізгі ұңғымалар қорының жағдайы.
- Электрмен қамтамасыз ету.
- Ауа-райы жағдайы.
- Құралдарды дер кезінде сатып алу және жеткізу.
- Жеткізілген құралдардың сапасы.
- Мердігерлер қызметінің дер кезінде орындалуы мен сапасы.
- Компания өндірістік қызметкерлерінің ереуілдері.
- Өндірістік қызметкерлердің қауіпсіздігі.
- Жоспарлаудың тиімділігі.
- Экологиялық қауіпсіздік.
- Мемлекеттік реттеушілердің талаптарын сақтау.

Сонымен қатар, Компанияның өндірістік қызметі негізгі өндірістік құрал-жабдықтардың бұзылу және апатқа ұшырау тәуекелдеріне бағынышты. Осы тәуекелдерді азайту мақсатында Компания ескерту шаралар кешенін жүргізіп, құрал-жабдықтарды жаңарту және жөндеу бағдарламасын жүзеге асырып жатыр. Негізгі өндірістік құрал-жабдықтар өрт, жарылыс, табиғи және басқа қауіптерден сақтандырылған, сондай-ақ ұңғымалардың бақылаудан шығу тәуекелдері сақтандырылған.

## ЕҢБЕКТІ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компанияның өндірістік қызметі жұмысшыларының денсаулығы мен қоршаған орта үшін көптеген қауіп-қатерге толы. Мұндай қауіп-қатерге қауіпсіздік техникасын сақтамау, өндірістегі апат, қоршаған ортаға залал келтіру, экологияны ластау және табиғи апаттарды жатқызуға болады. Осындай қатерлердің салдары өндірістегі өлім жағдайы, ауаны, суды ластау, өрт, өндірістің уақытша тоқтауы немесе тұтастай сияқты өте ауыр болуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың орын алу себептеріне байланысты оның салдары Компанияның беделіне, қаржылық және операциялық қызметіне кері әсер етуі мүмкін. Осы бағытта Компания осындай қауіп-қатерлердің алдын алу, соның ішінде қауіпсіздік пен қоршаған орта жағдайын бақылау, қауіпті факторларды анықтау және қызметкерлерді оқыту сияқты түрлі іс-шараларды дер кезінде қолға алуда. Компанияның

қолданысындағы қоршаған орта жүйесі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жүйелері енгізілген және олар ISO 14001 OHSAS 18001 халықаралық стандарттарына сәйкес қызмет атқарады. Компания жыл сайын өз қызметі мен жобаларына қатысы бар еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдерді сақтандырады.

## ШИКИ МҰНАЙ МЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНЕ БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Шикі мұнайға және мұнай өнімдеріне бағалардың өзгеруіне әлемдік экономиканың ахуалы, саяси тұрақсыздық немесе қақтығыс, мұнай шығаратын бас экспорттерлердің іс-әрекеттері, ауа райы және табиғи апаттар әсерін тигізеді. Мұнай мен мұнай өнімдеріне бағаның өзгеруі күтілетін кіріс деңгейіне, инвестициялық шешім қабылдауға және операциялық қызметке ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты, Компания жыл сайынғы бюджетті және кезеңді болжамды дайындайды, оған болашақта шикі мұнай бағасының әр деңгейіне қатысты сезімталдық талдауын қосады. Шикі мұнайдың кейбір көлемдері хеджирленеді.

## ЕРЕУІЛДЕР

Қазақстандағы, оның ішінде Компания қызмет ететін аймақтарындағы әлеуметтік ахуалдың ушығуы наразы көңіл-күйдің өршуіне және ереуілдер туындауына себеп болып, үздіксіз өндірістік қызметке кері әсерін тигізуі мүмкін. Нәтижесінде рұқсат етілмеген ереуілдер Компанияның беделіне, операциялық және қаржылық нәтижелеріне қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Ереуілдерді болдырмау мақсатында құрылымдық бөлімшелердің ұжымдарында кез-келген еңбек дауы кәсіподақтар арқылы заң шеңберінде шешілу керектігін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Еңбек дауларын шешу үшін наразылық акциясына қатысушылар мен жергілікті билік және кәсіподақтар өкілдерінің қатысуымен арнайы бітімгерлік комиссиялары құрылады.

## СЕРІКТЕСТЕР

Компания өз қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша көптеген шетелдік және жергілікті компаниялармен әріптестік орнатқан. Компанияның өз серіктестерінің операциялық қызметіне ықпал жасауға мүмкіндігі шектеулі, бұл Компанияның операциялық және қаржылық нәтижелерінде байқалуы мүмкін. Осыған байланысты, Компания ұзақ мерзімді, бейтарап және өзара пайдалы серіктестік қатынасты дамытуға бет ұстаған. Міндеттемелерді бұзу және орындамау жағдайларын азайту үшін Компания өз келісім-шарттарында айтарлықтай санкциялар қарастырады.

## ЗАҢНАМАНЫҢ, ФИСКАЛДІ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІ РЕЖИМНІҢ ӨЗГЕРУІ

Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманың, салық және кеден режимдерінің өзгеруі Компанияға фискалды жүктемелерді арттыруы, қаржылық нәтижелерді төмендетуі, операциялық қызметті қиындатып, Компанияның қолда бар инвестициялық ресурстарын қысқартуы мүмкін. Салықтық және кедендік жүктемелердің өзгеруіне байланысты Компания өзінің өндірістік және инвестициялық жоспарларын қайта қарауға, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізуге ниетті.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛІ

Жоғары білікті кадрлар бәсекелік басымдық және Компанияның стратегиялық мақсатына жетуге негіз болып табылады. Жыл сайын Компания тиісті біліктілігі бар кадрларды тарту проблемасымен бетпе-бет келеді. Бұл, ең алдымен, еңбек нарығында мамандардың қажетті санатының жетіспеушілігінен қызметкерлерді жалдаудың мүмкін еместігіне байланысты болып отыр. Сондай-ақ кейбір бағалау бойынша, Компаниядағы еңбекақы деңгейі өз деңгейі бойынша капитализация деңгейі бойынша салыстырмалы компаниялардағы рынок көрсеткіштеріне жол беруде. Бұл тәуекелдерді төмендету үшін Компанияда жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап тұру және уәждеу мақсатындағы қызметкерлерді ынталандыру жүйесі әрекет етеді. 2010 жылы Компанияда Басқармасының шешімімен инфляция деңгейін ескере отырып, еңбекақыны қайта есептеу жүргізілді.

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Компания операциялық қызметтің тиімділігі үшін жоғары технологиялық құралдар мен қамтамасыз ету бағдарламаларын көптеп енгізуге және қолдануға байланысты ақпараттық технологиялар саласында көптеген тәуекелдерге бағынышты. Осыған байланысты жаңа құралдар мен қамтамасыз ету бағдарламаларын бейімдеуде, құпия бизнес мәліметтерін қауіпсіз сақтауда проблемалар туындауы мүмкін. Бұл бағытта тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында Компания жыл сайын қолданыстағы технологияларға талдау жасайды, таңдау және сатып алуда мейлінше бейімделген ақпараттық технологияларға жүгінеді, мәліметтер базасына сенімді бақылауды қамтамасыз етеді.

9

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

2010 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА  
АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН БАСШЫЛЫҒЫНА

Біз қоса беріліп отырған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы мен оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша топтастырылған бухгалтерлік балансты, кірістер мен шығыстар туралы топтастырылған есепті, капиталдағы өзгерістер туралы топтастырылған есепті және көрсетілген дата бойынша жыл ішіндегі ақша қозғалысы туралы топтастырылған есепті, сондай-ақ есеп саясатының елеулі аспектілері туралы ақпарат пен және топтастырылған қаржылық есепке басқа да ескертулерді қамтитын топтастырылған қаржылық есебінің аудитін жүргіздік.

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПКЕ ҚАТЫСТЫ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Компания басшылығы аталған қаржылық есептің Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалуы және дұрыс ұсынылуы үшін, сондай-ақ, басшылықтың пікірі бойынша, алаяқтықтың немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалауға ұшырамаған топтастырылған қаржылық есепті қамтамасыз ету үшін ішкі бақылаудың процедураларына жауаптылықта болады.

## АУДИТОРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Біздің жауаптылығымыз жүргізілген аудиттің негізінде осы топтастырылған қаржылық есеп туралы пікірімізді білдіруге саяды. Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Бұл стандарттар біздің этикалық нормаларды сақтауымызды, аудитті қоса беріліп отырған топтастырылған қаржылық есепте елеулі қателердің болмауына жеткілікті мөлшерде сенімді болу үшін жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит топтастырылған қаржылық есепте ұсынылған сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық айғақтар алуға бағытталған рәсімдерді орындауды қамтиды. Рәсімдерді таңдап алу топтастырылған қаржылық есептің алаяқтықтың немесе қателердің салдарынан айтарлықтай бұрмалануы тәуекелін бағалауды қоса алғанда, аудитордың пікіріне негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажетті рәсімді анықтау үшін кәсіпорынның топтастырылған қаржылық есепті дайындауына және анық ұсынуына қатысты ішкі бақылау аспектілерін қарайды. Аудит, сондай-ақ таңдап алынған есеп саясатының орындылығы мен басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және тұтастай алғанда қаржылық есептің ұсынылуын бағалауды да қамтиды.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және дұрыс деп есептейміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің пікіріміз бойынша, топтастырылған қаржылық есеп барлық елеулі аспектілерде 2010 жылдың 31 желтоқсанына «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» Акционерлік Қоғамының және оның еншілес компанияларының қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының көрсетілген дата бойынша жыл ішіндегі қозғалысын Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес нақты көрсетеді.

Пол Кон  
Аудит жөніндегі серіктес

Евгений Жемалетдинов  
Аудитор / Бас директор  
«Эрнст энд Янг» ЖШС

11 ақпан 2011 жыл

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

31 желтоқсанда

	Еск.	2010	2009
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	5	297 508 553	255 993 908
Материалдық емес активтер	6	15 185 859	4 022 140
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	8	96 737 910	122 424 309
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	9	139 952 442	131 723 609
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешегі	8	19 153 089	20 268 928
Өзге де қаржылық активтер	7	221 825 818	797 931
Кейінге шегерілген салық жөніндегі актив	18	8 408 967	10 265 537
Өзге де активтер		13 858 297	7 291 870
<b>Барлығы ұзақ мерзімді активтер</b>		<b>812 630 935</b>	<b>552 788 232</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлық-материалдық қор	10	18 779 936	15 525 704
Салықтар бойынша алдын ала төлеу және төлемге қатысты ҚҚС		26 529 298	9 969 965
Келешек кезеңдердің шығыстары		27 815 083	21 595 622
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	7	65 529 767	49 710 916
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешегі	8	1 203 834	1 082 100
Өзге де қаржылық активтер	7	377 800 956	534 288 078
Ақша қаражаты және олардың баламалары	7	98 519 680	107 626 368
<b>Барлығы ағымдағы активтер</b>		<b>616 178 554</b>	<b>739 798 753</b>
<b>Барлығы активтер</b>		<b>1 428 809 489</b>	<b>1 292 586 985</b>



# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

(ЖАЛҒАСЫ)

31 желтоқсанда

	Еск.	2010	2009
<b>КАПИТАЛ</b>			
Жарғылық капитал	11	214 081 197	238 546 914
Өзге де резервтер		1 739 901	1 474 089
Бөлінбеген табыс		931 455 065	747 820 751
Капиталдың басқа құрамдас бөліктері		12 376 574	12 937 395
<b>Барлығы капитал</b>		<b>1 159 652 737</b>	<b>1 000 779 149</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Займдар	13	62 286 045	92 023 143
Кейінге шегерілген салық міндеттемелері	18	1 829 852	-
Резервтер	14	35 625 247	35 319 443
<b>Барлығы ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		<b>99 741 144</b>	<b>127 342 586</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Займдар	13	60 194 818	45 650 017
Төлеуге қатысты табыс салығы		-	21 138 596
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы және төлеуге қатысты ренталық салық		46 054 359	36 177 299
Сауда және өзге де дебиторлық берешек		47 304 799	34 402 259
Резервтер	14	15 861 632	27 097 079
<b>Барлығы ағымдағы міндеттемелер</b>		<b>169 415 608</b>	<b>164 465 250</b>
<b>Барлығы міндеттемелер</b>		<b>269 156 752</b>	<b>291 807 836</b>
<b>Барлығы міндеттемелер және капитал</b>		<b>1 428 809 489</b>	<b>1 292 586 985</b>

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін			
	Еск.	2010	2009
Табыстар	15	609 242 398	485 493 479
Операциялық шығыстар	16	(422 493 059)	(330 605 629)
<b>Операциялық табыстар</b>		<b>186 749 339</b>	<b>154 887 850</b>
Қаржылық табыс	17	38 039 785	46 758 905
Қаржыландыру шығыстары	17	(7 495 555)	(3 241 289)
Айырбас бағамының кірісі/(шығысы)		(3 459 449)	89 534 814
Өзге де табыс	9	21 471 195	-
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлестер		56 641 838	(2 467 551)
<b>Салық салынғанға дейінгі табыс</b>		<b>291 947 153</b>	<b>285 472 729</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	18	(57 445 263)	(75 745 829)
<b>Жылдық пайда</b>		<b>234 501 890</b>	<b>209 726 900</b>
Шетелдік операцияларды қайта есептеудегі бағамдық айырмашылық		(560 821)	13 013 592
<b>Жылдық басқа жиынтық кіріс, салықтарды шегергенде</b>		<b>(560 821)</b>	<b>13 013 592</b>
<b>Барлығы жылдық басқа жиынтық кіріс, салықтарды шегергенде</b>		<b>233 941 069</b>	<b>222 740 492</b>
<b>АКЦИЯҒА ПАЙДА</b>			
Базалық және араластырылған	12	3,23	2,87

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Еск.	2010	2009
<b>Операциялық қызметтен ақша ағымдары</b>			
Салық салынғанға дейінгі табыс		291 947 153	285 472 729
Ақшалай емес тарауларды қосу (шегеру) үшін түзетулер			
Ескіру, тозу және амортизация	5, 6	35 486 128	31 155 359
Басқа кіріс	9	(21 471 195)	-
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен-бақыланатын кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес		(56 641 838)	2 467 551
Экспорт алды қаржыландыру жөніндегі келісім шарттары бойынша шикі мұнай жеткізілімі		-	(10 830 585)
Негізгі құралдарды шығарудан болған шығыстар		2 200 613	2 547 437
Негізгі құралдардың құнсыздануы (құнсыздануды шеттету)	5	16 194	(590 558)
Барлау және бағалау жөніндегі активтер бойынша нәтижесіз барлау ұңғымаларына жұмсалған шығыстар	6	1 103 615	-
Опциондық бағдарлама жөніндегі шығыстарды тану		309 987	248 106
Үлестік құралдарды алып тастау		(49 809)	(164 690)
Бағамдық айырмашылықтан түскен пайдаланылмаған табыс		(73 832)	(7 993 206)
Басқа да ақшалай емес шығыстар		916 338	2 673 712
Қаржыландыруға қатысты шығыстарды қосу		7 495 555	3 241 289
Инвестициялық қызметке тиесілі қаржылық табысты шегеру		(38 039 785)	(46 758 905)
Айналымдық капиталдағы түзетулер			
Басқа да активтердегі өзгерістер		630 450	(4 352 007)
Тауарлық-материалдық қордағы өзгерістер		(3 463 525)	(1 282 335)
Салық және өтеуге тиесілі ҚҚС бойынша өзгерістер		(11 312 224)	(2 818 233)
Келешек кезеңдердің шығыстарындағы өзгерістер		(6 351 679)	(13 762 247)
Сауда және басқа дебиторлық берешектегі өзгерістер		(18 377 144)	(9 697 855)
Сауда және басқа кредиторлық қарыздардағы өзгеріс		10 918 152	(6 558 436)
Пайдалы қазбалар өндіруге тиесілі салық және өтеуге қатысты ренталық салықтағы өзгерістер		9 877 060	36 177 299
Резервтердегі өзгеріс		3 500 215	5 670 976
Өтелген табыс салығы		(92 926 111)	(115 686 180)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>		<b>115 694 318</b>	<b>149 159 221</b>

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

(ЖАЛҒАСЫ)

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Еск.	2010	2009
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		(86 679 884)	(42 844 814)
Негізгі құралдарды сатудан тиетін түсімдер		139 497	1 221 183
Материалдық емес активтерді сатып алу		(1 572 033)	(497 033)
Бірлескен кәсіпорын капиталынан түсетін жарна		-	(3 043 907)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен-бақыланатын кәсіпорындардан түсетін дивидендтер	8, 9	94 458 518	3 768 250
ҚМГ ҰК қарыз құралдарына инвестициялар сатып алу	7	(221 543 183)	-
ҚМГ ҰК қарыз құралдарының инвестицияларынан алынған сыйақылар		7 691 113	-
Өтеуге дейін ұсталынатын қаржылық активтерді сату/(сатып алу)		146 680 715	(242 838 804)
Өзара байланыстағы тараптардан алынған займдарды өтеу		3 959 137	5 028 216
Алынған ақша қаражатын шегергенде еншілес ұйымдар сатып алу		(8 614 935)	459 646
Алынған сыйақы		33 988 614	26 046 200
<b>Инвестициялық қызметтен түскен (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>		<b>(31 492 441)</b>	<b>(252 701 063)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары</b>			
Өз акцияларын сатып алу	11	(24 531 975)	(21 392 129)
Займдарды өтеу		(14 614 702)	(6 352 778)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер		(48 235 969)	(46 108 343)
Өтелген сыйақы		(5 852 024)	(109 083)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымы</b>		<b>(93 234 670)</b>	<b>(73 962 333)</b>
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза өзгерісі		(9 032 793)	(177 504 175)
Ақша қаражаттары және олардың жыл басындағы баламалары	7	107 626 368	285 131 743
Ақша қаражаттары және олардың баламалары бойынша кері бағамдық айырмашылық		(73 895)	(1 200)
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен оның баламалары</b>	<b>7</b>	<b>98 519 680</b>	<b>107 626 368</b>

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ЕСЕП

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН

	Жарғылық капитал	Сатып алынған өз акциялары	Басқа резервтер	Бөлінбеген табыс	Валюталарды қайта есептеу бойынша резерв	Капитал жиыны
<b>2009 жылдың 1 қаңтарында</b>	<b>263 094 581</b>	<b>(3 369 734)</b>	<b>1 385 036</b>	<b>586 058 950</b>	<b>(76 197)</b>	<b>847 092 636</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	209 726 900	-	209 726 900
Басқа жиынтық кіріс	-	-	-	-	13 013 592	13 013 592
<b>Басқа жиынтық кіріс</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>209 726 900</b>	<b>13 013 592</b>	<b>222 740 492</b>
Акцияларға негізделген төлемдерді тану	-	-	248 106	-	-	248 106
Үлестік құралдарды алып тастау	-	-	(164 690)	-	-	(164 690)
Қызметкерлердің опциондарын орындау	-	203 266	5 637	-	-	208 903
Өз акцияларын өтеу (11 Ескерту)	-	(21 381 199)	-	-	-	(21 381 199)
Дивидендтер (11 Ескерту)	-	-	-	(47 965 099)	-	(47 965 099)
<b>2009 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>263 094 581</b>	<b>(24 547 667)</b>	<b>1 474 089</b>	<b>747 820 751</b>	<b>12 937 395</b>	<b>1 000 779 149</b>
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	234 501 890	-	234 501 890
Басқа жиынтық шығыс	-	-	-	-	(560 821)	(560 821)
<b>Басқа жиынтық кіріс</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>234 501 890</b>	<b>(560 821)</b>	<b>233 941 069</b>
Акцияларға негізделген төлемдерді тану	-	-	309 987	-	-	309 987
Үлестік құралдарды алып тастау	-	-	(49 809)	-	-	(49 809)
Қызметкерлердің опциондарын орындау	-	66 258	5 634	-	-	71 892
Өз акцияларын өтеу (11 Ескерту)	-	(24 531 975)	-	-	-	(24 531 975)
Дивидендтер (11 Ескерту)	-	-	-	(50 867 576)	-	(50 867 576)
<b>2010 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>263 094 581</b>	<b>(49 013 384)</b>	<b>1 739 901</b>	<b>931 455 065</b>	<b>12 376 574</b>	<b>1 159 652 737</b>

# ТОПТАСТЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН, ЕГЕР ӨЗГЕСІ КӨРСЕТІЛМЕСЕ

## 1. МЕКЕМЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «Компания») Қазақстан Республикасында құрылды және шикізат табу, барлау, жетілдіру, өндіру, қайта өңдеу және экспортқа шығарумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнайгаз қызметі Батыс Қазақстанның Каспий маңы және Маңғыстау бассейндерінде жүзеге асырылады. Компанияның тікелей негізгі акционері - Қазақстанның мұнайгаз өнеркәсібіне қатысты мемлекеттің мүддесіне өкілдік ететін, сондай-ақ 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айнымалыдағы 60,50% акцияға ие (2009 жылы: 59,38%) «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (мәтін бойынша бұдан әрі – «ҚМГ ҰК» немесе «Бас компания»). Бас компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі мәтін бойынша – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ») тұтастай меншігіне қарайтын «Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на тұтастай тиесілі.

Компания өзінің негізгі қызметін «Өзенмұнайгаз» және «ЕмбіМұнайГаз» өндірістік бөлімшелері арқылы жүзеге асырады. Одан бөлек, Компания еншілес мекемелерге ие, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда, қауымдасқан компанияларда және Компанияның қатысудағы бақылаушы және бақылаушы емес үлесі бар негізгі қызметті жүзеге асыруымен байланысы жоқ басқа да кәсіпорындарда үлесі бар. Осы топтастырылған қаржылық есеп берілген бөлімшелер жоғарыда аталған барлық инвестициялардың қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметінің нәтижелерін білдіреді.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы топтастырылған қаржылық есепті дайындау барысында пайдаланылған есеп саясатының негізгі аспектілері төменде келтірілген. Берілген есеп саясаты басқа көрсетілмеген жағдайда, барлық берілген кезеңдер үшін дәйектілікпен қолданылды.

## 2.1 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ

Осы топтастырылған қаржылық есеп Халықаралық Қаржылық есептілік стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес әзірленді. Топтастырылған қаржылық есеп қаржылық құралдарды қоспағанда бастапқы құн жөніндегі ұстанымдарға сүйене отырып әзірленді. Осы топтастырылған қаржылық есеп теңге түрінде ұсынылған, және де мәндері, басқа көрсетілмеген жағдайда, мыңға дейінгі жуық мәнде дөңгелектенген.

Топтастырылған қаржылық есепті ҚЕХС сәйкес дайындау елеулі есептік бағаларды қолдануды, сондай-ақ басшылықтан қолданыс барысында есеп саясатын енгізу жөніндегі пікірлерін білдіруді талап етеді. Күрделіліктің жоғарғы деңгейі немесе рұқсатты қолдануды қамтитын қолданыс аялары, сондай-ақ баға мен рұқсатты қолдану топтастырылған қаржылық есеп үшін елеулі болып саналатын салалар 3-ші ескертуде нақтыланған.

## БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАРДЫҢ ҚАБЫЛДАҒАН СТАНДАРТТАРЫ

Компания осы есептегі жылда Халықаралық Қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Комитетінің (ҚЕХСКИ) келесі жаңа немесе қайта қарастырылған Стандарттары немесе Интерпретацияларын қабылдады. Қайта қарастырылған стандарттар мен интерпретацияларды қабылдау Компанияның қаржылық нәтижелері немесе қаржылық жағдайына елеулі әсер ықпал еткен жоқ.

- 27 БЕХС Топтастырылған және жеке қаржылық есеп, түзету;
- 39 БЕХС Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау – Хеджирлеуге рұқсат етілген нысандар;
- 1 ҚЕХС ҚЕХС алғаш рет қабылдау – ҚЕХС алғаш рет қолданып отырған компаниялар үшін ерікті қосымша шығару;
- 1 ҚЕХС ҚЕХС алғаш рет қабылдау – Стандарттың құрылымындағы өзгеріс;



- 2 ҚЕХС Акцияларға негізделген төлемдер – Акцияларға негізделген төлемдер тобы шеңберімен мәмілелер, олар бойынша есептесу ақша құралдары арқылы жүзеге асырылады;
- 3 ҚЕХС Бизнесті біріктіру, қайта қаралған;
- 17 Интерпретация Меншік иелері аралығындағы ақшалай емес активтерді бөлу;
- ҚЕХС жетілдірілуі (2009 жыл сәуір).

## ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАР

Келесі ҚЕХС, ҚЕХСКИ интерпретациялары және БЕХС түзетулер 2010 жылдың 31 желтоқсанында әлі күшіне енгізілген жоқ:

- 24 БЕХС Байланыстағы тараптар туралы ақпараттарды ашу, түзету;
- 32 БЕХС Қаржылық құралдар: ақпарат беру – акция шығаруға құқық беру классификациясы;
- 9 ҚЕХС Қаржылық құралдар: классификация және баға;
- 1 ҚЕХС ҚЕХС алғаш рет қабылдау – 7 ҚЕХС-на сәйкес салыстырмалы ақпарат ашуға қатысты ҚЕХС бірінші рет қолданушы компаниялар үшін шектеулі аясымен ерікті шығарулар болады;
- 14 Интерпретация Минималды қаржыландыру туралы талаптарға қатысты алдын ала төлем;
- 19 Интерпретация Үлестік құралдарды ұсыну арқылы қаржылық міндеттемелерді өтеу;
- 12 БЕХС Базалық активтерді өтеу;
- 1 ҚЕХС Қуатты гиперинфляция және ҚЕХС алғаш қолданушы мекемелер үшін белгіленген мерзімді жою;
- 7 ҚЕХС Қаржы құралдарының мойындалуын тоқтату үшін жаңа ақпараттар ашу;
- ҚЕХС жетілдірілуі (2010 жыл мамыр).

Басшылық берілген стандарттар мен интерпретациялар Компанияның қаржылық жағдайына немесе шаруашылық қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

## 2.2 ҚАЙТА ТОПАСТЫРУЛАР

2010 жылы Компания қаржылық жағдай туралы топтастырылған есепте барлау және бағалау жөніндегі активтердің ұсынылуын қайта қарастырды және барлау және бағалау жөніндегі активтерді негізгі құралдардың құрамында емес, материалдық емес активтердің құрамында ескеруді ұйғарды. Осының нәтижесінде 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы барлау және бағалау жөніндегі активтер негізгі құралдардан материалдық емес активтерге 1 745 395 мың теңге сомасында қайта топтастырылды.

## 2.3 ТОПАСТЫРУ

### ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР

Еншілес кәсіпорындар деп Компания оларға қатысты қаржылық және операциялық саясатын басқаруға өкілетті, талапқа сәйкес, олардың дауыс құқығына ие акцияларының жартысынан көбіне ие екендігін білдіретін компаниялар аталады. Қазіргі уақытта қолданылуы немесе өтіндендірілуі мүмкін әлеуетті дауыс құқығының болуы және олардың әсері Компанияның басқа кәсіпорынды бақылауын бағалау барысында назарға алынады. Еншілес кәсіпорындар Компания бақылауды өз қолына алған сәттен бастап топтастырылады. Топтастыру осындай кәсіпорындарды бақылау доғарылған сәттен бастап тоқтайды.

Топішілік операциялар, сальдо және компаниялардың арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайдалар аласталады. Іске асырылмаған шығындар да аласталады, алайда берілетін активтің құнсыздануы нышаны ретінде қарастырылады. Еншілес кәсіпорындардың есеп саясаты Компанияның есеп саясатына сәйкес келеді.

### ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ҚАТЫСУЛАР

Компанияның Қауымдасқан компанияларды және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарды инвестициялауы үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Қауымдасқан компания – бұл Компания елеулі әсер ететін компания. Компанияның сондай-ақ бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда да қатысу үлесі бар, мұнда қатысушылары кәсіпорынның экономикалық қызметін бірігіп бақылауды белгілейтін келісімшарттық келісімдер орнатады.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарды инвестициялау Компанияға тиесілі Қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың таза активтерінің үлесін сатып алудан соң туындаған өзгерістерді қосқанда, бастапқы құн жөніндегі қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі.

Компанияның қауымдасқан компанияларды инвестициялауына, негізінен алғанда, дәлелденген қорлардың негізіндегі лицензияның құнына жататын сатып алу барысында анықталған көлемге бөлінетін сыйақы жатады. Лицензиялар қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы дәлелденген қордың негізінде өндірістік әдісті қолдану арқылы амортизацияланады.

Жиынтық кіріс жөніндегі топтастырылған есеп қауымдасқан және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың қаржылық қызмет нәтижелеріндегі үлесті қамтиды. Егер қауымдасқан компанияның немесе бірлескен кәсіпорындардың капиталында мойындалған өзгерістер орын алса, Компания мұндай өзгерістегі өзінің үлесін мойындайды және бұл

капиталдағы өзгерістер туралы топтастырылған есепте қолданылатын болса, оның мөнін ашады. Компания мен оның қауымдасқан компаниясының аралығындағы операциялардан туындайтын бөлінбеген табыстар мен шығыстар Компания қауымдасқан компанияда қатысу үлесі бар болған жағдайда шығарылады.

Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың пайдасына тиетін үлес тікелей жиынтық табыс жөніндегі топтастырылған есепте берілген. Ол қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың акционерлеріне тиетін пайданы білдіреді, осыған байланысты ол салық салуды есептегеннен кейінгі пайда және қауымдасқан компаниялардың еншілес кәсіпорындарындағы бақылаушы емес қатысу үлесі ретінде анықталады.

Қауымдасқан компаниялардың қаржылық есебі еншілес компанияның қаржылық есебі әзірленген кезеңге сәйкес құрылады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Компанияның есеп саясатына сәйкестендіру мақсатында оған өзгерістер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін пайдаланған соң, Компания өзінің қауымдасқан компаниялар немесе бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестициялары жөніндегі құнсызданудан болатын қосымша шығысты тану мүмкіндігін анықтайды. Әрбір есептегі мерзімге қауымдасқан компаниялар немесе бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы инвестициялардың құнсыздануының объективті айғақтарының болуын белгілейді. Мұндай айғақтар табылған жағдайда Компания құнсыздану сомасын қауымдасқан компаниялар немесе бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар және баланстық құн аралығында өтелетін құнның айырмасы ретінде есептейді, және де бұл соманы жиынтық кіріс жөніндегі топтастырылған есепте таниды.

Қауымдасқан компанияға қатысты елеулі әсер етуін жоғалтқан жағдайда, Компания қалған инвестицияларды әділетті құн бойынша таниды. Қауымдасқан компанияның баланстық құны аралығындағы айырмашылық елеулі әсері және шығарудан болатын түсімдер мен қалған инвестициялардың әділетті құнын жойған кезде пайда немесе шығыс ретінде танылады.

Бірлесіп бақылауды жойған жағдайда және бұрынғы бірлесіп бақыланатын кәсіпорын еншілес немесе қауымдасқан компанияға айналмауы талап етілген жағдайда, Компания қалған инвестицияны әділетті құн бойынша бағалайды және таниды. Бұрынғы бірлесіп бақыланатын кәсіпорынның бірлесіп бақылануы жойылған сәттегі баланстық құны және шығарудан түсімдер арасындағы айырмашылық табыс немесе шығыс ретінде танылады. Егер Компания инвестиция нысанына қатысты елеулі әсерін сақтаса, қалған инвестициялар қауымдасқан компанияға салынатын инвестиция ретінде ескеріледі.

## 2.4 ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАНЫ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

Топтастырылған қаржылық есеп жұмыс істейтін валюта және Компанияның қаржылық есебі берілетін валюта болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Компанияның әрбір еншілес мекемесі, қауымдасқан компаниясы және бірлескен кәсіпорны өзінің жұмыс істейтін валютасын айқындайды және әр ұйымның қаржылық есебіне енгізілген баптар осы жұмыс істейтін валютамен бағаланады. Шетелдік валютамен операциялар бастапқыда операция датасына қолданылған бағам бойынша жұмыс істейтін валютада есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелері есепті датаға қолданылған жұмыс істейтін валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмашылықтар кірістер мен шығыстар туралы есептерге енгізіледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын сенімсіз баптар әділ құнын анықтау датасына қолданылған бағам бойынша қайта есептеледі.

Шетелдік қызметтің активтері мен міндеттемелері есепті кезеңге арналған айырбас бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, ал мұндай компаниялардың кірістері мен шығыстары туралы есебінің баптары жыл ішіндегі орташа алынған бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеу кезінде пайда болған бағамдық айырмашылықтар тікелей капиталдың жеке бабына жатқызылады. Шетелдік компаниялар шығып қалған жағдайда капиталда танылған және нақты шетелдік бөлімшеге қатысты жалпы сома кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

## 2.5 МҰНАЙ МЕН ТАБИҒИ ГАЗДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ИГЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР

### БАРЛАУҒА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫНДАР

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу жөніндегі шығындар материалдық емес активтер ретінде капиталдандырылады және жіктеледі және барлаудың ұйғарылған мерзімі ішінде желілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әр нысан жыл сайын бұрғылау жұмыстарының жоспарланғандығын және оның құнсызданбағандығын растау тұрғысында қарастырылады. Егер нысан бойынша болашаққа жұмыстар жоспарланбаған болса, лицензияларды сатып алуға арналған шығындардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық жағынан негізделген алынатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») аңғарылған жағдайда амортизациялау тоқтатылады және қалған шығындар барлау жөніндегі шығындармен біріктіріледі және қорлар материалдық емес активтердің құрамында расталғанға

дейін кен орындары бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Игеруді ішкі бекітілген және тиісті бақылаушы органдардың барлық лицензиялары мен рұқсаттарын алған сәтте тиісті шығыстар негізгі қаражатқа (мұнайгаз активтеріне) ауыстырылады.

## БАРЛАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар келтірілген сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей қатысты шығындар ұңғымаларды бұрғылау аяқталғанға және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланғанға дейін негізгі құралдардың (аяқталмаған құрылыстың) құрамында капиталдандырылады. Мұндай шығындар өзіне жалақыны, материалдар мен жанармайларды, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектері байқалмаса, онда барлауға арналған шығыстар құрғақ ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер өзіне коммерциялық игеру жеткілікті мөлшерде мүмкін болатын басқа ұңғымаларды (барлаулық немесе құрылымдық-ізвестіру ұңғымаларын) бұрғылауды қамтуы мүмкін, бағалауға жататын көмірсутектері табылған жағдайда, онда мұндай шығындар актив ретінде жіктеледі.

Мұндай тұрғыдағы барлық шығындар игеруге жалғасқан ниетті растау немесе қандай да болмасын тәсілмен пайда алу үшін кем дегенде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарулық тексеруге жатады. Өйтпеген жағдайда шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың дәлелденген қорлары анықталса және игеруді жалғастыруға шешім қабылданса, онда тиісті шығындар негізгі қаражаттың (мұнайгаз активтерінің) құрамына көшіріледі.

## ИГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Платформалар, құбыр желілері және игеру ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салуға, орнатуға және аяқтауға арналған шығындар көмірсутектерінің жеткілікті коммерциялық мөлшері байқалмаған, құрғақ ұңғымалар ретінде кезеңнің шығыстарына есептен шығарылатын игерулік немесе шектемелеуші ұңғымаларға жататын шығыстарды қоспағанда негізгі қаржының құрамында капиталдандырылады.

## 2.6 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар жинақталған амортизациясын, тозуын және құнсыздануын алып тастағанда бастапқы құны бойынша есептеледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе құрылысын салу бағаларынан тікелей активті жұмыс жағдайына келтіруге жататын шығындардың кез-келген түрінен және қажет болған жағдайда активтерді жою жөніндегі шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Активті сатып алу үшін

берілген сыйақылардың кез-келген түрінің төленген жиынтық құны мен әділ құны сатып алу немесе құрылысын салу бағасы болып табылады.

Мұнайгаз активтері дәлелденген игерілген қорлар бойынша өндірістік әдісті қолдану арқылы амортизацияланады. Пайдалы қызмет мерзімі кен орны қызметінің қалған мерзімнен аз кейбір мұнайгаз активтері 4 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімі ішінде тікелей әдіспен амортизацияланады.

Басқа да негізгі құралдар, негізінен алғанда, тиісінше негізгі құралдардың өр тобы үшін пайдалы қызметтің 24 жыл және 7 жыл орташа мерзімі ішінде тікелей әдіс пайдаланыла отырып амортизацияланатын ғимараттарды, көліктер мен жабдықтарды білдіреді.

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің ұйғарылған мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет болған жағдайда, мерзімдердегі өзгерістер одан кейінгі кезеңдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны баланстық құн өтелімді болып табылмайтындығын көрсететін қандай да болмасын уақиға немесе өзгеріс болған жағдайларда құнсыздандыру тұрғысында қайта қаралады.

Көмірсутектерінің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жою жоспарланған өндіруші ұңғымаларды қоса алғанда негізгі құралдар объектілері шығып қалуы кезінде немесе активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда актив ретінде есептелуін тоқтатады. Активті есептен шығарудан пайда болған кез-келген кіріс немесе шығыс (сатудан түскен таза түсім мен объектінің баланстық құнының арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін) мұндай оқиға болған кезеңнің кірістер мен шығыстар туралы есебіне енгізіледі.

## 2.7 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Компания активтерді немесе активтер топтарын құнсыздану тұрғысында уақиға немесе жағдайлардағы өзгерістер активтің баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда ғана бағалайды. Жекелеген активтер, негізінен алғанда, активтердің басқа топтарымен генерацияланатын ақша ағымдарынан тәуелсіз, бірдейлендірілетін ақша ағымдары бар ең төменгі деңгейде құнсыздандыруға арналған бағалау мақсатында топтастырылады. Егер құнсызданудың бұндай көрсеткіштері болған немесе активтер топтарын жыл сайын құнсыздануға тестілеу талап етілетін жағдайларда Компания активтің өтелетін құны туралы бағалауды жүзеге асырады. Активтер топтарының өтелетін құны оны сатуға арналған шығыстар мен оның пайдаланылу құнын есептемегенде әділ құнының ең үлкені болып табылады. Активтер тобының баланстық құны оның өтелетін құнынан артық болған жағдайларда активтер тобы құнсызданылуға жатады және алмастыру құнына дейін

есептен шығару жүргізіледі. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағымы активтер тобына тән тәуекелдерге орай түзетіледі және салық салынғанға дейін ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалануын көрсететін дисконттау ставкаларын пайдалану арқылы ағымдағы құнына дисконтталады.

Бағалау бұрын танылған құнсыздану бойынша шығындардың болмауына немесе азаюына қатысты қандай да болмасын индикаторлардың болуына қарай әр есепті датаға жүргізіледі. Егер мұндай индикаторлар болса, онда өтелетін құны бағаланады. Құнсыздану бойынша бұрын танылған шығын, егер құнсыздану бойынша соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана жойылады. Мұндай жағдайда, активтің қалдық құны құнды өтеуге дейін арттырылады. Активтің арттырылған құны, егер оның алдындағы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын танылмаса тозуы немесе амортизация есептелместен анықталған баланстық құнынан аспауы тиіс. Мұндай жою кірістер және шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

Сторнирлаушы өткізілімдер жүргізілгеннен кейін тиімді қызметтің қалған мерзімі ішінде жүйелі негізде қалдық құн есептелместен активтің қайта қаралған баланстық құнын бөлу үшін одан кейінгі кезеңдердегі амортизация бойынша шығыстар түзетіледі.

## 2.8 МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріліп құны бойынша есептеледі. Материалдық емес активтер мұнайгаз ресурстарын барлауға және компьютерлік бағдарламаларға лицензиялар алуға арналған шығындарды қамтиды. Бизнес-нестен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – жиынтық төленген сома мен активті сатып алу үшін берілген кез-келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етудің пайдалы ғұмыры мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейінгі құрайды және осы мерзім ішінде тізбектік негізде амортизацияланады.

Материалдық емес активтердің баланстық құны уақиға немесе жағдайлардағы өзгерістер баланстық құнның өтелмейтіндігін көрсететін жағдайларда құнсыздану тұрғысында талданады.

## 2.9 ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

БЕХС 39 шеңберінде қаржылық активтер не кірістер мен шығыстар, займдар мен дебиторлық берешектер, өтелгенге дейін ұстап қалынатын инвестициялар туралы есеп арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер ретінде не олардың арналуына қарай сату үшін қолма-қол түрде қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Қаржылық активтерді бастапқы тану кезінде олар әділ құны бойынша бағаланады. Егер инвестициялар кіріс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер ретінде жіктелмесе, онда есепте көрсету кезінде олардың әділ құнына олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар да қосылады.

Компания бастапқы тану кезінде өзінің қаржылық активтерінің жіктелмесін белгілейді және ол рұқсат өтілген әрі орынды кезде аталған жіктемені әр қаржы жылының сонында қарайды.

Қаржылық активтердің барлық стандартты сатып алу мен сату мәмілені орындау датасына, яғни Компания өзіне активтерді сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге танылады. Сатып алу немесе сату стандарттары дегеніміз активтерді әдетте нормативтік актілермен немесе рынокта қабылданған ережелермен белгіленетін кезеңнің ішінде беруді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату.

### ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҰСТАП ҚАЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Төлемдермен көрсетілген немесе белгіленген және өтем мерзімімен көрсетілген көлденең қаржылық активтер, егер Компанияның оларды өтеуге дейін ұстап қалуға ниеті мен мүмкіндігі болған жағдайда өтеуге дейін ұстап қалынатын ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалынатын инвестициялар бастапқы танылғаннан кейін сыйақының тиімді ставкасы пайдаланыла отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

### САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР

Саудалық және басқа да дебиторлық берешектер активтік рынокта баға кесілмейтін көрсетілген немесе белгіленген төлемдері бар көлденең қаржылық активтер болып табылады. Бастапқы бағалаудан кейін саудалық және басқа да дебиторлық берешек құнсыздануға арналған кез-келген резерв шегеріліп, тиімді сыйақы ставкалары әдісі қолданыла отырып амортизацияланған құны бойынша есептеледі.



## САТУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДА БАР ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер – аталған санатқа арнайы жатқызылған немесе басқа санаттардың бір де біріне жатқызылмаған көлденең қаржылық активтер. Қолда бар сатуға арналған қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал іске асырылмаған пайда немесе зиян инвестицияны тану немесе құнсыздануды белгілеу тоқтатылғанға дейін тікелей капиталда танылады. Бұл сәтте бұрын капиталдың құрамында есептелген жинақталып қалған пайда немесе шығын кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

### ӘДІЛ ҚҰН

Ұйымдастырылған қаржы рыноктарында белсенді айналымда жүрген инвестициялардың әділ құны есепті датаға жұмыс күнінің соңына сатып алуға арналған нарықтық баға кесуге сүйене отырып айқындалады. Рынокта баға кесілмеген инвестициялар үшін әділ құны бағалаудың түрлі әдістерін қолдану жолымен белгіленеді. Мұндай әдістер коммерциялық негізде жүргізілген ең соңғы мәмілелердің бағасын пайдалануды; осыған ұқсас құралдардың ағымдағы нарықтық құнын пайдалануды; дисконтталған ақша ағымдарын талдауды және бағалаудың басқа да үлгілерін қамтиды.

## ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Әрбір есепті датаға Компания қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануы болған – болмағандығын анықтайды.

### Амортизацияланған құны бойынша есептелетін активтер

Егер амортизациялық құны бойынша есептелетін активтер бойынша құнсызданудан шығындар пайда болғаны туралы объективті анықтама болған жағдайда шығынның сомасы активтің баланстық құны мен қаржылық актив бойынша сыйақының бастапқы тиімді ставкасы бойынша (яғни, бастапқы тану кезінде есептелген сыйақының тиімді ставкасы бойынша) дисконтталған, күтіліп отырған келешектегі ақша ағымдарының ағымдағы құнының (әлі пайда болмаған болашақтағы несиелік шығындарды қоспағанда) арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады. Активтің баланстық құны резервті пайдалану арқылы төмендетілуі тиіс. Шығынның сомасы кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

Егер одан кейінгі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса және мұндай азаю құнсыздану танылғаннан кейін болған оқиға мен объективті түрде байланысты болса, құнсызданудан болған бұрын танылған шығын активтің баланстық құны түзету датасына оның амортизацияланған құнынан аспауы шегінде сторнирланады. Құнсызданудан болған шығыннан кез-келген одан кейінгі түзетілуі кірістер мен шығыстар туралы есепте танылады.

Саудалық дебиторлық берешектер бойынша құнсыздануға арналған резерв, егер Компания өзіне шот-фактураның бастапқы шарттарына сәйкес тиесілі барлық соманы алмайтындығына объективті дәлел (мысалы, дебитордың төлем қабілетінің жоқтығы немесе басқа да елеулі қаржылық қиыншылықтары) болған жағдайда құрылады. Дебиторлық берешектердің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы азаяды. Құнсызданған берешектерді тану, егер олар үмітсіз болып есептелсе тоқтатылады.

### Сатуға арналған қолда бар қаржылық инвестициялар

Егер сату үшін қолда бар активтердің құнсыздануы орын алған жағдайда оны сатып алуға арналған шығындар (негізгі сома мен амортизацияны төлеуді қоспағанда) мен бұрын кірістер мен шығыстар туралы есепте танылған құнсызданудан болған шығынды шегеріп тастағандағы оның ағымдағы әділ құнының арасындағы айырмашылық капиталдан кірістер мен шығыстар туралы есепке көшіріледі. Бұрын танылған шығынды сату үшін жіктелген үлестік құралдар бойынша құнсыздануға түзету кірістер мен шығыстар туралы есепте танылмайды. Құнсызданудан болған шығындарды борыштық құралдар бойынша түзету, егер құралдың әділ құнының өсуі кірістер мен шығыстар туралы есептер құнсызданудан болған шығындар танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті түрде байланысты болса кірістер мен шығыстар туралы есеп арқылы жүзеге асырылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржылық актив (қолданымына қарай – қаржылық активтің бір бөлігі немесе осындай қаржылық активтер тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағымын алуға арналған құқықтардың қолдануылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағымдарын алу құқығын өзінде сақтаса, бірақ өзіне қайта бөлу туралы келісімге сәйкес оларды толықтай елеулі кідіріссіз үшінші тарапқа беруге міндеттеме қабылдаса; немесе
- Компания активтен ақша ағымдарын алуға арналған өзінің құқығын және не (а) барлық активтен болған елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды берген, не (б) берсе, бірақ активтен болған барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды өзінде сақтамаса, бірақ осы активті бақылауды берсе баланста есептелуін тоқтатады.

## 2.10 ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОР

Тауарлық-материалдық қорлар екі көлемнің: өзіндік құны мен ФИФО бойынша сатудың таза құнының ең азы бойынша есептеледі. Құн өзіне әр затты жергілікті жерге жеткізумен және оны ағымдағы жағдайына келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында келтірілген барлық шығындарды қамтиды. Шикі мұнайдың құны өндірістің орташа көлемінің негізінде тозуға, ескіруге және амортизацияға және жол шығындарына арналған шығыстардың тиісті бөлігін қоса есептегенде өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнайды сатудың таза құны мұндай сатумен байланысты шығыстарды есептемегенде, сатудың ұйғарылған бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар әдеттегі қызмет барысында өтелетін күтілген сомадан аспайтын құны бойынша есептеледі.

## 2.11 ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ (ҚҚС)

Салық органдары ҚҚС-ты есептеуді таза негізде сату мен сатып алу бойынша жүргізуге рұқсат етеді. Өтелетін ҚҚС ішкі рыноктағы сату бойынша ҚҚС-ты есептемегенде ішкі рынокта сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сату нөлдік ставка бойынша салынады.

## 2.12 АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен олардың баламалары өзіне кассадағы қолма-қол ақшаны, банктік қолма-қол талап ету шоттарындағы қаражатты, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

## 2.13 КАПИТАЛ

### ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Қарапайым акциялар мен олар бойынша дивидендтер эмитенттің қалауы бойынша төленетін өтеуге жатпайтын артықшылықты акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптардың қызмет көрсетуіне ақы төлеуге арналған шығындар аталған эмиссиялардың нәтижесінде алынған капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

### САТЫП АЛЫНҒАН МЕНШІК АКЦИЯЛАР

Компания немесе оның еншілес ұйымдары Компанияның акцияларын сатып алған жағдайда мәмілені жасауға арналған тиісті шығындарды қоса есептегенде оларды сатып алу құны табыс салығын қоспағанда оларды жою немесе қайталап шығару сәтіне дейін сатып алынған меншік акциялары ретінде капиталдан алынып тасталады. Компанияның меншік үлестік құралдарын сатып алу, сату,

шығару немесе жою кезінде кірістер мен шығыстар туралы есепте қандай да болмасын пайда немесе шығын танылмайды. Мұндай акцияларды одан кейінгі сату немесе қайталап шығару кезінде алынған сома капиталдың құрамына енгізіледі. Сатып алынған меншік акциялар орташа есептелген құны бойынша есептеледі.

### ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және егер олар есепті датаға дейінгіні қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана есепті датаға капиталдың сомасынан есептеледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті датаға дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті датадан кейін, бірақ қаржылық есептілік шығаруға бекітілген датаға дейін ұсынылған және жарияланған болса есептілікте ашылады.

### АКЦИЯЛАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР

Компания қызметкерлері (жоғары басшылықты қосқанда) акцияларға негізделген төлем формасында сыйақы алса, қызметкерлер үлестік құралдармен (есептесуі үлестік құралдар арқылы жүзеге асырылатын мәмілелер) сыйақы алуға ықпал ететін қызмет түрлерін көрсетулері тиіс.

Үлестік құралдар шығарылуы болған жағдайда және де Компанияның үлестік құралдарға қатысты сыйақы ретінде алған кейбір қызметтері сәйкестендірілмейтін болса, осы сәйкестендірілмеген алынған (немесе алынуға тиесілі) тауарлар немесе қызметтер акцияларға негізделген төлем мәмілелері әділетті құны және сыйақы берген датада алынған сәйкестендірілген тауарлар немесе қызметтердің әділетті құны аралығындағы айырмашылық ретінде бағаланады. Бұдан соң бұл сома тиісті жағдайда капиталда-нады немесе шығыстар құрамына енгізіледі.

Қызметкерлермен жасалған есебі 2007 жылғы 1 шілдеде ұсынылған сыйақыларға қатысты үлестік құралдармен жүзеге асырылатын мәміле құны оларды ұсыну датасында осындай құралдардың әділетті құнына сүйене отырып бағаланады. Әділетті құн Блэк – Шоулз – Мертон опционды баға моделі бойынша анықталады.

Үлестік құралдар негізіндегі мәміле жөніндегі шығыстар капиталдағы тиісті артуымен қатар белгілі бір мерзімнің қызмет талаптары орындалатын кезең ағымында танылады. Берілген мәмілелер бойынша жиынтық шығыстар Компанияның сыйақы ретінде берілетін үлестік құралдарының санына қатысты үздік бағаның негізінде өткен мерзімге шамалас міндеттемелерді өтегенге дейін әрбір есептегі кезеңде танылады.

Жиынтық табыс жөніндегі топтастырылған қаржылық есепте кезеңдегі шығыстар немесе табыстар кезеңнің басында және соңында танылған жиынтық шығыстағы өзгерісті білдіреді. Үлестік құралдармен сыйақы жөнінде, яғни құқығы қызметкерлерге түпкілікті өтпейтін сыйақыда шығыс танылмайды.



Егер үлестік құралдармен төленетін сыйақылардың күші жойылса, онда ол құқығы өзіне күшін жою датасында өткен болса, есептеледі. Мұның барысында сыйақыға қатысты әлі де танылмаған барлық шығыстар бірден танылады. Мұның қатарына сондай-ақ, егер компания немесе қызметкер осы шарттарға ықпал ете алатын болса, өзіне қатысты құқық бөлуді қамтамасыз етпейтін жағдайлар орындалмайтын кездегі сыйақылар да жатады. Мәміле бойынша есебі үлестік құралдармен ескерілетін сыйақылардың күшін жоюдың барлық жағдайлары бірдей есептеледі. Құқығын алып тастау арқылы сыйақылардың күші жойылған жағдайда кез-келген бұрын танылған шығыстар капитал арқылы шеттетіледі.

Атқарылмаған опциондардың молайтатын тиімділігі акцидан тиетін көрсеткішті есептеу барысында акцияларды қосымша молайту ретінде көрсетіледі.

## 2.14 САУДАЛЫҚ НЕСИЕЛІК БЕРЕШЕК

Саудалық несиелік берешек бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және одан кейін сыйақының тиімді ставкасы әдісін пайдаланыла отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

## 2.15 РЕЗЕРВТЕР

Егер Компанияның өткен жағдайдың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемелері (заңды немесе практикадан шығатын) болса, резервтер танылады, осы міндеттемені өтеу үшін қажет етілетін экономикалық пайданың шетке кетуі болуы ықтимал және де осындай міндеттеменің сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Компания барлық резервтерді немесе оның кейбір бөліктерін, мысалы, сақтандыру келісімшарты бойынша, өтеуді өз мойнына алатын болса, бұл өтем тек алынған өтем күмәнді өтемге тиесілі болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде танылады. Резервке тиесілі шығыстар, өтемді шегергенде, жиынтық табыс жөніндегі топтастырылған қаржылық есепте көрсетіледі. Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі қолданылатын болса, нақты міндеттемеге тән болып келетін тәуекелдерді білдіретін ағымдағы ставка бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт ағымымен резервтің артуы қаржыландыруға жұмсалған шығыс ретінде танылады.

## 2.16 ЗАЙМДАР

Займдар бастапқыда мәміле бойынша шығыстар есептелместен әділ құны бойынша танылады. Одан кейінгі кезеңдерде займдар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі; алынған қаражаттың әділ құны (мәміле бойынша шығыстарды есептемегенде) мен өтеуге жататын соманың арасындағы айырмашылық сыйақының тиімді ставкалары әдісі пайдаланыла отырып займ берілген

мерзімнің ішінде кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі. Займдар, егер Компания төлеуді есепті датадан кейінгі кемінде 12 айға кейінге қалдырудың сөзсіз құқығына ие болмаса ағымдағы міндеттеме ретінде жіктеледі. Тікелей сатып алуға, құрылыс салуға немесе жіктелетін активті өндіруге жататын займдар бойынша шығыстар капиталдандырылады.

## 2.17 КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАБЫС САЛЫҒЫ

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер міндеттемелердің баланстық әдісі қолданыла отырып барлық уақытша айырмашылықтарға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар, компаниялардың бірігуі болып табылмайтын және ол жасалған сәтте бухгалтерлік кіріске немесе салықтық кіріс пен шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығының пайда болуын қоспағанда активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың қаржылық есептіліктегі баланстық сомасының арасындағы барлық уақытша айырмашылықтар бойынша белгіленеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша актив қайсысында шығарылып тасталатын уақытша айырмашылықтардың сомасына азайтылуы мүмкін болатын салық салынатын пайда алудың айтарлықтай мүмкіндігі бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер қолдану есепті датаға қолданылып жүрген немесе жарияланған (және іс жүзінде қабылданған) салықтық ставкалардың негізінде активті сату немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күтілетін салықтық ставкалар бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы, уақытша айырмашылықтардың азаюы мерзімдерін қадағалауға болатын және уақытша айырмашылықтардың таяудағы келешекте азаймайтындығы кәміл мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда еншілес және қауымдасқан компанияларға инвестициялармен байланысты барлық уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

## 2.18 ЖҰМЫСШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН СЫЙАҚЫ

Компания жұмысшылардың еңбекақысын есептеу барысында 10%-ын тиісті зейнетақы қорларына зейнетақылық төлемдер ретінде ұстап қалады. Зейнетақылық төлемнің деңгейі 2010 жылы айына 112 140 теңге көлемінде белгіленген (2009 жылы: 2009 жылдың бірінші жартысында айына 101 025 теңге және 2009 жылдың екінші жартысында 102 877 теңге). Жұмысшылар қолданыстағы қазақстандық заңнамаларға сәйкес зейнетақымен қамтылуына өздері жауапты болады.

## 2.19 КІРІСТІ ТАЛУ

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді шарттар бойынша фрахтының, сақтандырудың және сапасы үшін жеңілдіктердің құнына түзетілген Platt's баға кесуі бойынша айқындалған бағалар бойынша сатады. Меншік құқығының ауысуы жүзеге асырылады және кірістер әдетте келісім шарт бойынша келісілген шарттарға қарай шикі мұнай іс жүзінде кемеңің бортына тиелген немесе кемеден түсірілген, құбыр желісіне немесе жеткізудің өзге де тетігіне жіберілген сәтте танылады.

Компанияның шикі мұнайды сатуға арналған келісімшарттарында шикі мұнайдың белгілі бір уақыт кезеңі ішінде берілуі тиіс ең жоғары мөлшері көрсетіледі. Тиелген, бірақ сатып алушыға әлі жеткізілмеген шикі мұнай бухгалтерлік баланста тауарлық-материалдық қорлар ретінде есептеледі.

## 2.20 ТАБЫС САЛЫҒЫ

Үстеме табысқа салынатын салық («ҮТС») табыс салығы ретінде қарастырылады және шығыстардың бөлігін табыс салығы бойынша түзеді. Күшіне 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес, Компания ауыспалы ставкалар бойынша кен орнын пайдаланудың әрбір келісімшартына қатысты, жиынтық жылдық кірістің кен орнын пайдаланудың әрбір жеке-леген келісімшарты бойынша жыл ішіндегі шегерулерге өзара қатынасының негізінде ҮТС есептейді және төлейді. Жиынтық жылдық табыстың ҮТС пайдалануды білдіретін әрбір салықтық жылдағы шегерулерге өзара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮТС ставкалары әрбір келісімшартқа тиесілі 25% шығарудан жоғары кен орнын пайдалану бойынша орнатылған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза табысқа (КТС және рұқсат етілген түзетулерден кейінгі салық салынатын табыс) пайдаланылады.

## 3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

ҚЕХС-ке сәйкес топтастырылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан қаржылық есептілікті қалыптастыру датасына есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және шартты активтерге және сондай-ақ есепті кезеңдегі есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге, кірістерге, шығыстарға және шартты активтерге әсер ететін бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Неғұрлым маңызды бағалаулар төменде келтірілген:

## МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ҚОРЛАРЫ

Мұнай және газ қорлары Компанияның тозу, ескіру және амортизация жөніндегі есептеріндегі елеулі фактор болып табылады. Компания өзінің мұнай және газ қорларын Мұнайгаз инженерлері қоғамының әдістемесіне сәйкес бағалайды. Компания қорларды Мұнайгаз инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша бағалау кезінде ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жылдың аяғына спот бағасын пайдалануға тән тұрақсыздық әсерін жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамал өндіру жөніндегі қызметтің ұзақ мерзімдік сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай және газ қорларын бағалау үшін неғұрлым қолайлы негіз береді деп есептейді. Басшылық өнім шығару және оны сатуды жоспарлау үшін басшылықпен қолданылатын ұзақ мерзімді жоспарлық бағасы бойынша болжалды өндіру жөніндегі қызметтің ұзақ мерзімді сипатына аса сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорын бағалау үшін аса қолайлы негіз болады.

Қорларды барлық бағалау белгілі бір дәрежеде болжамсыздықты ескереді. Болжамсыздық, негізінен алғанда, мұндай деректерді бағалау және интерпретациялау сәтіне қол жетімді сенімді геологиялық және инженерлік деректердің ауқымына байланысты болады.

Болжамсыздықтың белгілі бір дәрежесі қорларды дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар сияқты екі негізгі санаттан бір санатқа жатқызу арқылы көретілуі мүмкін. Дәлелденбеген қорларға қарағанда дәлелденген қорларды алуда едәуір зор айқындық бар әрі дәлелденген қорлар оларды алу мүмкіндіктеріне қатысты прогрессивті түрде арта түсетін болжамсыздықты білдіру үшін одан әрі игерілген және игерілмеген қорлар болып бөлінуі мүмкін. Жыл сайынғы бағалаулар талданады және түзетіледі. Түзету қолда бар геологиялық деректерді, кәсіпшіліктік өлшемдерді немесе өндіру туралы деректерді; жаңа деректердің болуын; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістерді бағалаудың немесе қайта бағалаудың салдарынан пайда болады. Қорларды бағалау, сондай-ақ қайтарымдылықты арттыруға, қабаттардың өнімділігін өзгертуге немесе игерудің стратегияларын өзгертуге арналған жобалардың қолданылуы салдарынан да қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген қорлар тозуды, ескіруді және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыстардың көлеміне теңбе-тең мөлшерде амортизация ставкаларын есептеу үшін пайдаланылады. Компания дәлелденген қорларға, күтіліп отырғандай, бастапқы лицензиялық кезеңнің ішінде өндірілетін көлемдерді ғана енгізді. Бұған лицензияларды ұзарту, түптеп келгенде, Үкіметтің қалауы бойынша жүзеге асырылатын болғандықтан ұзарту жөніндегі процедуралардың нәтижелеріне қатысты болжамсыздық себеп болды. Компанияны лицензиялық кезеңдеріндегі ұзарту мен оған сәйкес қорлардың көрсетілген мөлшерлеріндегі

көбею әдетте тозу бойынша анағұрлым аз шығындарға әкеп соқтырады және кіріске айтарлықтай әсер етеді. Дәлелденген игерілген қорлардың азаюы тозуға, ескіруге және амортизацияға (өндірудің тұрақты деңгейі кезінде) арналған аударымдардың артуына, кірістің төмендеуіне әкеліп соқтырады және мүліктің баланстық құнының тікелей төмендеуіне де әкеп соқтыруы мүмкін. Пайдаланылатын кен орындарының салыстырмалы түрде алғанда саны аз болуы жағдайында өткен жылмен салыстырғандағы қорларды бағалаудағы кез-келген өзгеріс тозуға, ескіруге және амортизацияға арналған аударымға айтарлықтай ықпал етуі мүмкіндігі орын алады.

## АКТИВТЕРДІҢ ШЫҒЫП ҚАЛУЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша Компания негізгі құралдарды қайта монтаждау және тарату жөніндегі және әрбір кен орнындағы жер уческелерін қайта қалпына келтіру жөніндегі заңды міндеттемелерді өз мойнына алған. Атап айтқанда, Компания міндеттемелерінің қатарына барлық өнім бермейтін ұңғымаларды және құбыр желістерін қайта монтаждау, ғимараттарды және келісімшарттық аумақтарды қайта қопсыту сияқты қызметтердің соңғы жұмысын тоқтату жөніндегі әрекеттерді біртіндеп жабу міндеттемелері жатады. Лицензияның қызмет көрсету мерзімі Компанияның қарауы бойынша ұзартылуы мүмкін еместігіне қарай, соңғы жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есептік мерзімі әрбір лицензиялық кезеңнің датасы болатындығына рұқсат етіледі. Егер активтерді тарату жөніндегі міндеттемелер кен орындарының пайдаланылуының экономикалық тұрғыдан негізді жабылу мерзімінің өтуі бойынша өтелуі тиіс болса, көрсетілген міндет ұңғымаларды тарату жөніндегі барлық шығыстар мен жабу жөніндегі соңғы шығыстарды қосу салдарынан елеулі деңгейде артқан болар еді. Компанияның ұңғымаларды таратуды қаржыландыру және соңғы жабуға жұмсалған шығыстар жөніндегі міндеттемелерінің көлемі тиісті келісімшарттарға және қолданыстағы заңнамалардың талаптарына байланысты болады. Міндеттемелер не келісімшарт, не заңнама соңғы тарату және лицензиялық кезеңнің соңындағы ақырғы жабу жөніндегі осындай шығыстарды қаржыландыру бойынша белгілі бір міндеттемелерді жүктемеген жағдайда, танылмайды. Мұндай шешім қабылдау кейбір белгісіздіктер мен елеулі пайымдаулардың салдарынан қабылданады. Басшылықтың осындай міндеттемелердің бар-жоқтығына қатысты бағалаулары Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибедегі өзгерістермен қатар өзгеруі мүмкін. Компания әрбір келісімшарт бойынша жеке активтерді шығару жөніндегі міндеттемелерді ескереді. Міндеттемелердің сомасы, күтіліп отырғандай, бағаланған шығыстардың ағымдағы құны болып табылады, олар инфляцияның күтілетін деңгейіне сай түзетілген және ауыспалы экономикадағы елдердің мемлекеттік

борышы бойынша орташа тәуекелсіз пайыздық ставкаларды қолдану арқылы дисконтталған, қазақстандық рынокқа тиесілі тәуекелдердегі түзетулерді өтеу үшін талап етіледі. Активтер шығару жөніндегі міндеттемелер әрбір есептегі кезеңдегі датада қарастырылады және 1 «Негізгі құралдар нысандарының пайдаланылуы, табиғи ресурстарды өздері орналасқан учаскелерде қайта қалпына келтіру және осыған ұқсас басқа да міндеттемелердің атқарылу нәтижелері жөніндегі міндеттемелердегі өзгерістерге» атты КИМСФО-ға сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға қатысты келешек шығыстарды бағалау барысында басшылықпен жасалған елеулі есеп бағалары мен пайымдаулары қолданылды. Осы міндеттемелердің басым көпшілігі алыс келешекке тиесілі және заңнамалық талаптардағы белгісіздіктен тыс, Компанияның бағаларына активтердегі, шығыстардағы және салалық практикадағы шығару технологиясындағы өзгерістер әсер етуі мүмкін. 2010 және 2009 жылғы 31 желтоқсанда резервтің шамамен 13,93% және 12,8%-ы, тиісінше, соңғы жабу жөніндегі шығыстарға жатады. Соңғы жабуға жұмсалатын шығыстарға тиесілі белгісіздіктер күтілетін ақша ағымдарының дисконттау әсерінен төмендейді. Компания ағымдағы жылдың бағасын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды келесі таратудың құнын бағалайды.

Бухгалтерлік баланс бойынша міндеттемелерді анықтау үшін пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция және дисконттау ставкалары 2010 жылғы 31 желтоқсанда тиісінше 5,0% және 7,9% құрады (2009 жылы: 5,0% және 7,9%). Активтерді шығару жөніндегі міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 14 ескертуде ашылған.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОҢАЛТУ

Компания сондай-ақ баға береді және экологиялық оңалтуға тиетін резервтерді қалыптастыру жөнінде пайымдаулар шығарады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шығыстар капиталданады немесе олардың келешек экономикалық табысына байланысты шығыстарға жатқызылады. Бұрынғы қызметте жасалынған қолданыстағы жағдайға жатқызылатын және де келешек экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстар қатарына жатқызылады.

Міндеттеме шығындар туралы және қайта культивациялау жөніндегі күтіліп отырған жоспарлар туралы ағымдағы ақпараттардың негізінде айқындалады және, егер рәсімдер мерзімі тиісті органдармен келісілмеген болса, дисконтталған емес негізде есептеледі. Компанияның экологиялық оңалтуға қатысты резерві басшылықтың ең жоғары бағаларын қамтиды. Бұл бағалар күтілетін шығыстардың тәуелсіз бағасына негізделген, бұл Компанияның қолданыстағы қазақстандық нормативтік база талаптарын сақтауы үшін қажет. Осы қаржылық есеп шыққан күні қайта қопсыту жөніндегі жоспардың көлемі мен мерзімі Үкіметпен келісілген жоқ. Осыған сәйкес, міндеттеме дисконтталған жоқ. Өйткені міндеттеменің

бастапқы мерзімдері әлі бекітілген жоқ және басшылық келісім-шарт аяқталғанға дейін рекультивациялау жөніндегі жоспарды орындауды негізді түрде күтіп отыр, Компания 2011 жылғы бюджетке енгізілген шығыстар бөлігін шегергенде, осы міндеттемені ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты, нақты шығыстар заңнамада және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер, қоғамдық күтілімдер, технологиялық тазартулардағы аумақтық шарттар мен өзгерістерді табу және талдау нәтижесіндегі бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Экологиялық оңалтуға жататын қосымша белгісіздіктер 22 ескертуде берілген. Резервтегі экологиялық оңалтуға қатысты міндеттемелер бойынша өзгерістер 14 ескертуде көрсетілген.

## САЛЫҚ САЛУ

Салық салынатын табыс күшіне 2009 жылдың 1 қаңтарында енгізілген салық заңнамасына сәйкес есептеп шығарылады. Компания КТС 2010 жылғы салық салынатын табыстан тиетін 20% ставка бойынша есептейді және төлейді. 2010 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Үкіметі 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген және бастапқы қабылданған КТС ставкаларының біртіндеп кемуін және КТС ставкасын күтілетін келешекке 20% көлемінде белгілейтін заңның күшін жоятын заң қабылдады. Жоғарыда аталған заң сондай-ақ пайдалы қазбалар кен игеруге салынатын салық ставкаларын өсіру жоспарының күшін жойды.

Кейінге шегерілген салық КТС да, ҮТС қатысты да есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС және ҮТС кен орнын

пайдалануға берілген келісімшартқа бекітілген активтер мен міндеттемелерде, күтілетін ставкалар бойынша уақытша айырмашылықтарға есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС және ҮТС базасы жоғарыда аталған салық кодексінде жаңадан қабылданған салық заңнамасы шарттары бойынша есептеледі және 18 ескертуде берілген.

## 4. БИЗНЕСТІҢ БІРІКТІРІЛУІ

### «НБК» («НБК») ЖШС САТЫП АЛУ

2010 жылдың 24 қыркүйегінде Компания НБК-нің 100% үлесін сатып алды. НБК Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан Батыс Новобогатинск кен орнында мұнай өндіру және барлауға қатысты лицензияға ие мұнайгаз компаниясы болып табылады. Қазіргі уақытта сатып алынған компания барлау кезеңінде және ол барлау кезеңі ағымында төрт сәтті ұңғымаларды байқауға барлау барысында алынған көмірсутегілерін сатуға құқылы. НБК-гі үлес 35 000 АҚШ доллары (5 162 150 мың теңге) көлеміндегі ақшалай сыйақыға сатып алынды. Компания сыйақының 90%-ын төледі және қалған 10% бөлігі сатушының осы сатып алуға қатысты келісімшарты бойынша өз міндеттемелерін аяқтағаннан соң төлеуге жатады. Сатып алынғаннан кейін НБК барлау лицензиясы 2010 жылдың қыркүйек айынан 2012 жылдың қыркүйек айына дейін ұзартылды.

НБК 2010 жылдың 24 қыркүйегінде идентификацияланатын таза активтерінің әділ құнына сатып алу құнын тарату негізіндегі активтері мен міндеттемелері және сатып алар алдындағы тікелей ағымдағы құны мен 2010 жылдың 31 желтоқсандағы құны төменде берілген:

	2010 жылғы 24 қыркүйектегі ағымдағы құн	2010 жылғы 24 қыркүйектегі әділетті құн	2010 жылғы 31 желтоқсандағы актив- тер мен міндеттемелер
Ақша қаражаты	212	212	77 001
Ағымдағы активтер	11 768	11 768	53 460
Ұзақ мерзімді активтер	1 343 003	6 161 767	5 618 324
	1 354 983	6 173 747	5 748 785
Ағымдағы міндеттемелер	19 494	19 494	51 921
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	28 350	992 103	992 103
	47 844	1 011 597	1 044 024
<b>Таза активтер</b>	<b>1 307 139</b>	<b>5 162 150</b>	<b>4 704 761</b>

Сатып алудың төленген құны мен сатып алынған таза активтердің баланстық құны арасындағы 3 855 011 мың теңге айырмашылық тұтастай НБК барлау және өндіруге қатысты лицензиясына жатқызылды.

НБК сатып алынған сәттен бастап жылдың соңына дейінгі мерзімдегі қызмет нәтижелері Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілді және 544 919 мың теңге көлемінде шығыс құрады.

### «САПА БАРЛАУ СЕРВИС» («СБС») ЖШС САТЫП АЛУ

2010 жылдың 24 қыркүйегінде Компания СБС-нің 100% үлесін сатып алды. СБС Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысында орналасқан Шығыс Жарқамыс-1 кен орнында

мұнай өндіру және барлауға қатысты лицензияға ие мұнайгаз компаниясы болып табылады. СБС-дегі үлес 4 410 000 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйақыға сатып алынды. Компания сыйақының 90%-ын төледі және қалған 10% бөлігі сатушының осы сатып алуға қатысты келісімшарты бойынша өз міндеттемелерін аяқтағаннан соң төлеуге жатады. Сатып алынғаннан кейін СБС барлау лицензиясы 2010 жылдың қараша айынан 2012 жылдың қараша айына дейін ұзартылды.

СБС 2010 жылдың 24 қыркүйегінде идентификацияланатын таза активтерінің әділ құнына сатып алу құнын тарату негізіндегі активтері мен міндеттемелері және сатып алар алдындағы тікелей ағымдағы құны мен 2010 жылдың 31 желтоқсандағы құны төменде берілген:

	2010 жылғы 24 қыркүйектегі ағымдағы құн	2010 жылғы 24 қыркүйектегі әділетті құн	2010 жылғы 31 желтоқсандағы активтер мен міндеттемелер
Ақша қаражаты	1 968	1 968	47 800
Ағымдағы активтер	2 502	2 502	1 744
Ұзақ мерзімді активтер	1 144 484	5 474 983	5 040 257
	1 148 954	5 479 453	5 089 801
Ағымдағы міндеттемелер	194 401	194 401	2 572
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	8 952	875 052	875 052
	203 353	1 069 453	877 624
<b>Таза активтер</b>	<b>945 601</b>	<b>4 410 000</b>	<b>4 212 177</b>

Сатып алудың төленген құны мен сатып алынған таза активтердің баланстық құны арасындағы 3 464 399 мың теңге айырмашылық тұтастай СБС барлауға қатысты лицензиясына жатқызылды.

НБК сатып алынған сәттен бастап жылдың соңына дейінгі мерзімдегі қызмет нәтижелері Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілді және 480 000 мың теңге көлемінде шығыс құрады.



## 5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Мұнайгаз активтері	Басқа активтер	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Барлығы
<b>2009</b>				
2009 жыл 1 қаңтардағы таза бастапқы баланстық құн	207 361 723	28 813 068	11 446 502	247 621 293
Түсімдер	1 014 674	1 253 022	41 296 702	43 564 398
Активтің шығару жөніндегі міндеттемелерінің бағалануындағы өзгерістер	(794 517)	-	-	(794 517)
Шығару	(2 468 772)	(380 150)	(1 999 246)	(4 848 168)
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысу	35 083 465	6 285 162	(41 368 627)	-
Ішкі алмасулар	483 912	(496 180)	12 268	-
Ескіру тозу жөніндегі төлемдер	(26 166 197)	(3 973 459)	-	(30 139 656)
(Құнсыздану) / құнсыздануды шеттету	-	(791 888)	1 382 446	590 558
<b>2009 жылғы 31 желтоқсандағы кезеңнің соңындағы таза баланстық құн</b>	<b>214 514 288</b>	<b>30 709 575</b>	<b>10 770 045</b>	<b>255 993 908</b>
<b>2009 жылы 31 желтоқсанда</b>				
Бастапқы құн	362 550 961	46 672 242	10 770 045	419 993 248
Жинақталған ескіру және тозу	(148 036 673)	(15 962 667)	-	(163 999 340)
<b>Таза ағымдағы құн</b>	<b>214 514 288</b>	<b>30 709 575</b>	<b>10 770 045</b>	<b>255 993 908</b>
<b>2010</b>				
2010 жыл 1 қаңтардағы таза бастапқы баланстық құн	214 514 288	30 709 575	10 770 045	255 993 908
Түсімдер	2 009 579	806 415	77 576 377	80 392 371
Активтің шығару жөніндегі міндеттемелерінің бағалануындағы өзгерістер	(542 101)	-	-	(542 101)
Шығарулар	(2 394 841)	(242 585)	(1 849 502)	(4 486 928)
Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысу	70 757 966	4 686 423	(75 444 389)	-
Ішкі алмасулар	190 187	(191 374)	1 187	-
Ескіру және тозуға бөлінген төлемдер	(29 503 722)	(4 328 781)	-	(33 832 503)
Құнсыздану	(790)	(3 099)	(12 305)	(16 194)
<b>2010 жылғы 31 желтоқсандағы кезеңнің соңындағы таза баланстық құн</b>	<b>255 030 566</b>	<b>31 436 574</b>	<b>11 041 413</b>	<b>297 508 553</b>
<b>2010 жылы 31 желтоқсанда</b>				
Бастапқы құн	428 871 355	51 045 927	11 041 413	490 958 695
Жинақталған ескіру және тозу	(173 840 789)	(19 609 353)	-	(193 450 142)
<b>Таза ағымдағы құн</b>	<b>255 030 566</b>	<b>31 436 574</b>	<b>11 041 413</b>	<b>297 508 553</b>



## 6. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Барлау және баға жөніндегі активтер	Өзге де материалдық емес активтер	Барлығы
<b>2009</b>			
2009 жылдың 1 қаңтарындағы таза бастапқы ағымдағы құн	1 729 860	2 401 553	4 131 413
Түсімдер	445 764	487 845	933 609
Шығарулар	-	(27 179)	(27 179)
Амортизациялық төлемдер	(430 229)	(585 474)	(1 015 703)
<b>2009 жылғы 31 желтоқсан кезеңі соңындағы таза ағымдағы құн</b>	<b>1 745 395</b>	<b>2 276 745</b>	<b>4 022 140</b>
<b>2009 жылғы 31 желтоқсанда</b>			
Бастапқы құн	10 588 798	4 175 304	14 764 102
Жиынтықталған амортизация	(8 843 403)	(1 898 559)	(10 741 962)
<b>Таза ағымдағы құн</b>	<b>1 745 395</b>	<b>2 276 745</b>	<b>4 022 140</b>
<b>2010</b>			
2010 жылдың 1 қаңтарындағы таза бастапқы ағымдағы құн	1 745 395	2 276 745	4 022 140
Түсімдер	13 068 275	858 857	13 927 132
Шығарулар	-	(6 173)	(6 173)
Нәтижесіз ұңғымаларды есептен шығару	(1 103 615)	-	(1 103 615)
Амортизациялық төлемдер	(954 694)	(698 931)	(1 653 625)
<b>2010 жылғы 31 желтоқсан кезеңі соңындағы таза ағымдағы құн</b>	<b>12 755 361</b>	<b>2 430 498</b>	<b>15 185 859</b>
<b>2010 жылғы 31 желтоқсанда</b>			
Бастапқы құн	22 553 458	5 027 989	27 581 447
Жиынтықталған амортизация	(9 798 097)	(2 597 491)	(12 395 588)
<b>Таза ағымдағы құн</b>	<b>12 755 361</b>	<b>2 430 498</b>	<b>15 185 859</b>

2010 жылғы түсімдер, негізінен алғанда, НБК және СБС сатып алынған лицензияларына жатады (4 ескерту).

2010 жылы Компания Р-9 блогында бұрғыланған үш барлау ұңғымасына тиесілі нәтижесін ұңғымаларға қатысты шығыстарды 1 103 615 мың теңге сомасында таныды.

## 7. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

### БАСҚА ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

	2010	2009
ҚМГ ҰК қарыз құралдарына инвестициялар	220 710 987	-
Ұзақ мерзімді салымдар, теңгемен белгіленген	953 920	636 520
Басқа	160 911	161 411
<b>Барлығы ұзақ мерзімді қаржылық активтер</b>	<b>221 825 818</b>	<b>797 931</b>
Шұғыл салымдар, АҚШ долларымен белгіленген	264 841 437	447 254 500
Шұғыл салымдар, теңгемен белгіленген	57 786 248	87 033 308
Қаржылық активтер, өтегенге дейін ұсталынатын	54 916 073	-
ҚМГ ҰК қарыз құралдарына инвестициялар	256 928	-
Басқа	270	270
<b>Барлығы қысқа мерзімді қаржылық активтер</b>	<b>377 800 956</b>	<b>534 288 078</b>
	<b>599 626 774</b>	<b>535 086 009</b>

2010 жылы жедел салымдар бойынша сыйақының орташа ставкасы АҚШ долларымен 6,6% құрады (2009 жылы: 9,3%). Жедел салымдар бойынша сыйақының орташа ставкасы 2010 жылы теңгемен 4,7% құрады (2009 жылы: 7,9%).

2010 жылдың 31 желтоқсанында АҚШ долларымен берілген қысқа мерзімді салымдарға Компанияның 100% еншілес ұйымы ҚазМұнайГаз Қаржы ПКИ Б.В. («ҚМГ Қаржы ПКИ») ұзақ мерзімді берешек жөніндегі сыйақыларды және негізгі қарызды төлеу бойынша қамтамасыз ету ретінде оқшауланған шотта орналастырылған 27 639 860 мың теңге (2009 жылы: 9 840 620 мың теңге) көлеміндегі шектеулі қолданыстағы ақшалай қаражаттар кіреді (9 және 13 ескертулер).

### ҚМГ ҰК ҚАРЫЗ ҚҰРАЛДАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2010 жылы 16 маусымда Компания Қазақстандық Қор Биржасындағы («ҚҚБ») ҚМГ ҰК-мен («қарыз құралы») шығарылған субординацияланбаған, купондық, индекстелген, қамсызданбаған облигацияларды 221 543 183 мың теңге сомасында (1 499 649 мың АҚШ доллары) сатып алды. Жарты жылда бір рет төленетін қаржы құралының купондық сыйақысы бойынша 7%-ға тең ставкасы шығарылған күнде АҚШ доллары/теңге бағамына қарай қайта индекстелген. Қаржы құралы 2013 жылдың маусым айында өтелуге жатады. 2010 жылғы 31 желтоқсанда қарыз құралдары бойынша өтелмеген сома мен тиісті есептелген сыйақы 220 710 мың теңге және 256 928 мың теңге тиісінше құрайды.

Қаржы құралдарының келесі тірек ережелері:

i. Төлемнің белгіленген шарттары бекітілгенге дейін, ҚМГ ҰК міндетті тәртіппен өтелмеген қарыз құралдарының шотына өзара есептесу үшін Компаниядан алынған келешек кезеңдердің дивидендтерін пайдаланады.

ii. Егер қарыз құралдарының айналымдық мерзімі ағымында Компанияның ҚМГ ҰК-нан сатып алған активерінің жалпы сомасы 800 миллион АҚШ доллары табалдырығынан асса, онда Компания ҚМГ ҰК, табалдырықтан асатын сомадағы, қаржы құралы шыққан датадағы АҚШ доллары/теңге бағасымен индекстелген, жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, кесімді баға бойынша, қаржы құралдарының бір бөлігін сату жолымен қайта қаржыландыру мүмкіндігіне ие болады.

iii. Егер ҚМГ ҰК қарыз құралдарының айналым мерзімі аяқталғанға дейін қалған қарызды ақшалай өтемесе, Компания акционерлерге қарыз құралының қалған сома-сына қарсы есеп үшін жеткілікті болатын көлемде Арнайы Дивиденд төлей алады.

iv. Қажет болған жағдайда, Компания мониторинг акционерлерге Арнайы Дивиденд бөлігін төлеу үшін жеткілікті көлемде, Компанияның ақша құралдарын басқару саясатына сәйкес, банктерге орналастырылған ақша құралдарының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды. Сенімді банктерде сақталған ақша құралдарының деңгейі жеткіліксіз болған жағдайда, Тәуелсіз директорларға бюджеттік сомадан асатын шығыстарды бақылауға мүмкіндік беретін арнайы процедуралар әзірленіп, қызметке енгізілді.

### САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2010	2009
Сауда дебиторлық берешек	65 367 737	49 398 083
Өзгесі	439 253	523 914
Күмәнді дебиторлық берешек жөніндегі резерв	(277 223)	(211 081)
	<b>65 529 767</b>	<b>49 710 916</b>

2010 жылдың 31 желтоқсанында АҚШ долларымен берілген сауда және өзге де дебиторлық берешектер дебиторлық берешектің жалпы сомасының 93%-ын құрады (2009 жылы: 90%). Қалған дебиторлық берешек теңгемен берілген. Сауда

дебиторлық берешек 30 күндегі өтеу мерзімі ішінде пайызсыз болып саналады.

Өтеу мерзімі бойынша 31 желтоқсандағы сауда дебиторлық берешектің талдауы төмендегі кестеде көрсетілген:

	2010	2009
Ағымдағы бөлігі	58 298 195	49 689 150
0 ден 30 күнге дейін кешіктіру	7 222 973	2 442
120 және одан аса күнге кешіктіру	8 599	19 324
	<b>65 529 767</b>	<b>49 710 916</b>

**АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

	2010	2009
АҚШ долларымен белгіленген, банктердегі шұғыл салымдар	75 315 631	8 041 112
Теңгемен белгіленген, банктердегі шұғыл салымдар	12 982 717	71 469 368
Евромен белгіленген, банктердегі шұғыл салымдар	394 734	641 004
АҚШ долларымен белгіленген, банктердегі құралдар және кассадағы қолма-қол ақша	5 067 220	20 541 767
Теңгемен белгіленген, банктердегі құралдар және кассадағы қолма-қол ақша	3 880 555	6 933 117
Фунт стерлингімен белгіленген, банктердегі құралдар және кассадағы қолма-қол ақша	878 823	-
	<b>98 519 680</b>	<b>107 626 368</b>

Ақшалай қаражаттар бойынша банктерде депозиттер жөніндегі жыл сайынғы банктық ставкаларға байланысты болатын құбылмалы пайыздық ставка белгіленді. Қысқа мерзімді депозиттер Компанияның өтімді активтеріндегі қажеттіліктеріне байланысты түрлі мерзімдерге (бір күннен үш айға дейін) орналастырылады. Мұндай депозиттерге тиісті ставка бойынша пайыз есептеледі.

2010 жылы салымдар бойынша сыйақының орташа ставкасы теңгемен 1,9% (2009 жылы: 6,2%) құрады. 2010 жылы

салымдар бойынша сыйақының орташа ставкасы АҚШ долларымен 0,2% құрады (2009 жылы: 3,0%).

## 8. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІ

	2010	2009
«Қазгермұнай» БК» ЖШС-дегі үлес («Қазгермұнай»)	96 737 910	122 424 309
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардан түсетін дебиторлық берешек	20 356 923	21 351 028
	<b>117 094 833</b>	<b>143 775 337</b>

**ҚАЗГЕРМҰНАЙ БК**

2007 жылы 24 сәуірде Компания ҚМГ ҰК-нан Қазақстанның оңтүстігі мен орталығында мұнай және табиғи газ өндіруді

жүзеге асыратын бірлескен кәсіпорын Қазгермұнайдың 50% қатысу үлесін сатып алды.

31 желтоқсанда Қазгермұнайдың активтері мен міндеттемелеріндегі Компанияның үлесі былайша көрсетілген:

	2010	2009
Ақша қаражаты	14 503 911	28 182 715
Ағымдағы активтер	9 998 641	8 219 342
Ұзақ мерзімді активтер	125 855 630	127 628 947
	150 358 182	164 031 004
Ағымдағы міндеттемелер	21 808 244	16 472 625
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	31 812 028	25 134 070
	53 620 272	41 606 695
<b>Таза активтер</b>	<b>96 737 910</b>	<b>122 424 309</b>

Кестеде Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілген Қазгермұнай қаржылық нәтижелерінің үлесі берілген:

	2010	2009
Табыс	112 478 772	86 500 472
Операциялық қызметтің шығыстары	(73 201 797)	(69 279 410)
Операциялық қызметтің табыстары	39 276 975	17 221 062
Қаржылық шығыстар, нетто	(169 169)	(2 092 941)
Салық салынғанға дейінгі табыс	39 107 806	15 128 121
Табыс салығы жөніндегі шығыстар	(16 550 967)	(17 525 803)
<b>Бір жылдық таза пайда (шығыс)</b>	<b>22 556 839</b>	<b>(2 397 682)</b>
<b>Басқа жиынтық кірісте танылған оң (кері) бағамдық айырмашылық</b>	<b>(460 988)</b>	<b>7 775 291</b>

2010 жылы бір жылдық табыс 10 175 494 мың теңге сомадағы (2009 жылы: 10 642 389 мың теңге) және кейінге шегерілген салық бойынша 1 129 711 мың теңге көлеміндегі (2009 жылы: кейінге шегерілген салық бойынша шығыстар 8 640 105 мың теңге көлемінде) тиісті үнемдеудегі лицензияның әділетті құнының амортизациясына ықпалын шегере отырып, ұсынылды.

2010 жыл ішінде Компания Қазгермұнайдан 47 782 250 мың теңге көлемінде (2009 жылы: 3 768 250 мың теңге) дивидендтер алды.

### «CITIC CANADA ENERGY LIMITED» («CCEL») БІРЛЕСІП-БАҚЫЛАНАТЫН МЕКЕМЕЛЕРДЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2007 жылы Компания бірлесіп бақыланатын CCEL кәсіпорынның 50% үлесін сатып алды, оның құралдары Батыс Қазақстандағы «State Alliance Holdings Limited» түсетін мұнай және табиғи газ өндіруді қаржыландырады (Гонконгтың қор биржасында бағаланатын «CITIC Group» компаниясына тиесілі холдингтік компания).

CCEL қолда бар үлестірілген капиталдың негізінде жыл сайын дивидендтер мәлімдеуге міндетті. Онымен қатар уақытта Компания CITIC-ке CCEL-ден алынған кез-келген дивидендтерді 2020 жылға дейін кепілденген төлемдерді 2010 жылы 31 желтоқсанында 753,2 миллион АҚШ доллары (111 019 849 мың теңге) (2009 жылы: 790,5 миллион АҚШ доллары немесе 117 288 512 мың теңге) құраған

ең жоғарғы сомадағы көлемде арттыру бойынша аудару міндетін өз мойнына алды. Ең жоғарғы сома компанияның қаржыландырылған CITIC қосу есептелінген сыйақыны игерудің бастапқы бағасындағы үлес қалдығын білдіреді. Компанияға CCEL балама сомасын алмайынша, CITIC сомасын төлеу міндеттелмеген. Осыған сәйкес, Компания CCEL-ден жыл сайынғы негізде 2020 жылға дейін кепілденген төлем көлемінде дивидендтер алу құқығын, оған қосымша ең жоғарғы кепілденген соманы арттырудағы кез-келген дивидендтерді ұстап қалу құқығын өзінің қаржылық жағдай жөніндегі есебінде таниды. Осы дебиторлық берешектің баланстық құны 2010 жылғы 31 желтоқсанда 135,9 миллион АҚШ долларын (20 027 909 мың теңге) (2009 жылы: 141,7 миллион АҚШ доллары немесе 21 022 017 мың теңге) құрады.

Бұған қоса, Компанияның сатып алу туралы келісімшартта көрсетілген белгілі бір жағдайларда өз опциондарын сатуға, жүзеге асыруға және CITIC инвестицияларды қайтаруға және 8% жылдық ставка бойынша қосымша сыйақы, алынған кепілденген төлемдердің жиынтық сомасын шегергенде 150 миллион АҚШ долларын кері қайтарып алуға құқығы бар.

2008 жылы 17 қарашада кепілдік төлем 12 маусым және 12 желтоқсаннан кешіктірмей теңдей екі төлеммен төленетін, 26,2 миллион АҚШ долларынан 26,9 миллион АҚШ долларына дейін артты. Осы мәміле орнатылған соң дебиторлық берешек жөніндегі сыйақының тиімді ставкасы жылына 15% құрады.

Компанияның бірлесіп бақыланатын кәсіпорын активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі төмендегідей:

	2010	2009
Ағымдағы активтер	25 459 836	27 436 006
Ұзақ мерзімді активтер	119 535 632	112 162 558
	144 995 468	139 598 564
Ағымдағы міндеттемелер	23 498 775	11 680 985
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	121 496 693	127 917 579
	144 995 468	139 598 564
<b>Таза активтер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>

Таза активтер нөлге тең, өйткені CCEL барлық табысты өзінің қатысушыларына бөлуге міндетті және барлық тарауылатын табысты міндеттеме ретінде жіктейді.

## 9. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	2010	2009
«ПетроҚазақстан Инк.» («ПҚИ») үлес	139 164 657	130 962 455
Өзгесі	787 785	761 154
	<b>139 952 442</b>	<b>131 723 609</b>

### ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ИНК.

2009 жылы 22 желтоқсанда Компания ҚМГ ҰК-нан ҚМГ Қаржы ПҚИ 100% қарапайым акцияларын сатып алды. Бұл акциялар 100 500 мың АҚШ доллары көлеміндегі (14 930 515 мың теңге) ақшалай қаражатқа сатып алынды. ҚМГ Қаржы ПҚИ оңтүстік және орталық Қазақстанның оңтүстігі мен орталығында көміртегін барлау, өңдеу және өндіру, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын ПҚИ-дың 33% үлесіне иелік етеді.

ҚМГ Қаржы ПҚИ осы сатып алуы бизнесті біріктіруді білдірмейді, осыған сәйкес, Компания осы мәмілені активтер мен міндеттемелерді сатып алу ретінде ескерді. ҚМГ Қаржы ПҚИ-дың инвестициялары Компанияның топтастырылған қаржылық есепте Қауымдасқан компанияларға салынатын инвестициялары ретінде танылады.

Компания сатып алу жөніндегі шығыстарды осы сатып алуға тікелей қатысы бар 5 675 АҚШ доллары көлемінде (846 066 мың теңге) қаржыландырды.

Сатып алу бағасы сатып алу датасында қатысты әділетті құнның негізінде активтер мен міндеттемелер аралығында бөлінді, бұл төмендегі кестеде берілген:

	2009 жылғы 22 желтоқсандағы әділетті құн
ПҚИ қатысу үлесі	130 980 827
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	3 361 953
Өзге де активтер	10 465 851
Займдар	(128 983 948)
Өзге де кредиторлық берешек	(48 102)
	<b>15 776 581</b>

2009 жылғы 22 желтоқсанда басқа активтерге ҚМГ Қаржы ПҚИ займдары талаптарына сәйкес депозиттік шотқа орналастырылған қолданыста шектеулі 66 329 мың

АҚШ доллары (9 855 848 мың теңге) сомасындағы ақша құралдары енгізілді (13 ескерту).

Компанияның 31 желтоқсандағы ПҚИ активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі төмендегідей:

	2010	2009
Ақша қаражаты	12 908 371	12 376 980
Ағымдағы активтер	33 467 489	51 347 630
Ұзақ мерзімді активтер	199 098 292	143 541 055
	245 474 152	207 265 665
Ағымдағы міндеттемелер	69 317 233	22 436 202
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	36 992 262	53 867 008
	106 309 495	76 303 210
<b>Таза активтер</b>	<b>139 164 657</b>	<b>130 962 455</b>

Компанияның топтастырылған қаржылық есебіне енгізілген қауымдасқан компаниялардың қаржылық нәтижелерінің үлесі келесі кестеде берілген:

	2010	2009
Табыс	166 399 322	3 489 068
Операциялық қызметтің шығыстары	(122 656 203)	(2 851 783)
Операциялық қызметтің табыстары	43 743 119	637 285
«Торғай Петролеум» («ТП») қайта сатып алудан түскен табыс	13 242 336	-
Қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар, нетто	(988 517)	(12 725)
Салық салынғанға дейінгі табыстар	55 996 938	624 560
Табыс салығы бойынша шығыстар	(21 813 358)	(366 019)
<b>Кезеңдегі таза пайда</b>	<b>34 183 580</b>	<b>258 541</b>
<b>Тікелей басқа жиынтық кірісте танылған шетел валютасын қайта есептеуден түсетін шығыс</b>	<b>(776 305)</b>	<b>(276 913)</b>

2010 жылы бір жылдық табыс лицензияның 13 638 372 мың теңге сомадағы (сатып алған датадан бастап 2009 жылдың 31 желтоқсанына дейін: 349 015 мың теңге) әділетті құны амортизациясының ықпалы мен 4 337 420 мың теңге сомадағы тауарлық-материалдық емес қорлардың әділетті құнын есептен шығаруды шегере отырып, ұсынылды.

2010 жыл ішінде Компания ПҚИ-тен 46 676 268 мың теңге сомасында (2009 жылы: нөл) дивидендтер алды.

2006 жылы ПКИ және Лукойл Оверсиз Құмкөл БВ («Лукойл») Стокгольмдағы сауда-өнеркәсіптік палатасы Арбитраждық институтында («Трибунал») бір-біріне талап-арыз берді. 2009 жылы 28 қазанда Трибунал шешім қабылдады, бұл шешімге сәйкес Лукойл ПҚИ-тан 50% ТП алуға және шығыстарды және осындай шығыстар бойынша есептелген сыйақыны өтеу тәртібінде өтемақы алады. 2009 жылдың 28 ақпанынан бастап ПҚИ 2009 жылы 31 желтоқсан соңында аяқталған жыл үшін өзінің топтастырылған қаржылық есебіне ТП қызметінің нәтижелерін топтастыруды тоқтатты.

2010 жылы 16 тамызда ПҚИ және Лукойл ТП бойынша даудамайға қатысты Бейбіт келісімге (өрі қарай – «Келісім») қол қойды. Келісімге сәйкес, ТП қатысу үлесінің құрылымы

өзгеріссіз қалады: ПҚИ және Лукойл ТП тең үлеспен бірігіп игеруді жалғастырады. Бұған қоса, ПҚИ шығыстар үшін өтемақы ретінде 438,4 миллион АҚШ доллары көлеміндегі соманы төледі.

Келісім нәтижесінде ПҚИ сатып алынған датаға қарай ТП міндеттемелері мен шартты міндеттемелері, теңдестірілетін активтердің әділетті құны бағасының негізінде 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін өзінің топтастырылған қаржылық есебінде 50% үлесін қайта сатып алуды есепке тұрғызды. Компания бұл ақпаратты тиісінше 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы топтастырылған қаржылық есепте көрсетті. Табыстың соңғы үлесін Компаниямен 2010 жылы 90 миллион АҚШ доллары сомасында танылды (13 242 336 мың теңге).

2010 жылдың 28 шілдесінде «CNPC Exploration and Development Company Limited» («CNPC E&D») және Компания Лукойл компаниясы үшін өтемақыға қатысты Принциптер туралы жеке мәміле (ПТМ) жасады. ПТМ-ге сәйкес, Лукойл үшін өтемақыдағы Компанияның үлесін займның осы мақсатқа қатысты кепілденген соң ПҚИ төледі. Сол уақытта CNPC E&D қаржыландыруға жұмсалған қаражатты қосқанда, ПҚИ-ден алынған займның негізгі сомасына тең



441,6 миллион АҚШ доллары сомасында ПҚИ-тің жарғылық капиталына жарна төледі. Компания үшін өзінің ПҚИ-тегі 33% үлесін сақтай отырып, осы өтемақы немесе онымен байланысты кез-келген міндеттемелерді төлеуде ешқандай залал немесе қандай да бір міндеттеме туындамайды.

Осылайша Компания 2010 жылы соңғы табысты басқа табыстар сияқты 145,7 миллион АҚШ доллары көлемінде таныды (21 471 195 мың теңге).

## 10. ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

	2010	2009
Материалдар, өзіндік құн бойынша	8 881 241	7 165 606
Шикі мұнай, өзіндік құн бойынша	9 898 695	8 360 098
	<b>18 779 936</b>	<b>15 525 704</b>

2010 жылы 31 желтоқсанда Компанияның 347 685 тонна шикі мұнайы резервуарда және транзитте болды (2009 жылы: 380 703 тонна).

## 11. КАПИТАЛ

	Шығарылған акциялар (акциялардың саны)		Қарапайым акциялар	Артықшылық- ты акциялар	Барлығы жарғылық капитал
	Қарапайым акциялар	Артықшылық- ты акциялар			
<b>2009 жылдың 1 қаңтарында</b>	<b>69 910 396</b>	<b>4 136 107</b>	<b>258 690 820</b>	<b>1 034 027</b>	<b>259 724 847</b>
Акцияларға тиетін опциондарды орындау нәтижесінде өзінің сатып алынған акцияларын азайту	12 528	-	203 266	-	203 266
Өз акцияларын сатып алу нәтижесіндегі өзінің шығарылған акцияларын арттыру	(1 499 180)	-	(21 381 199)	-	(21 381 199)
<b>2009 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>68 423 744</b>	<b>4 136 107</b>	<b>237 512 887</b>	<b>1 034 027</b>	<b>238 546 914</b>
Акцияларға тиетін опциондарды орындау нәтижесінде өзінің сатып алынған акцияларын азайту	5 927	-	66 258	-	66 258
Өз акцияларын сатып алу нәтижесіндегі өзінің шығарылған акцияларын арттыру	-	(1 346 213)	-	(24 531 975)	(24 531 975)
<b>2010 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>68 429 671</b>	<b>2 789 894</b>	<b>237 579 145</b>	<b>(23 497 948)</b>	<b>214 081 197</b>

2010 жылы 11 қазанда Қазақстан Қор Биржасы жаңа листингтік талаптарын бекітті, Компания осы талаптарға сәйкес жылдың соңында айналымда болатын акциялардың жалпы санына бөлінген басқа материалдық емес активтерді шегергенде, капитал сомасын жариялауы тиіс (6 ескерту). 2010 жылы 31 желтоқсандағы бір акцияға қатысты бұл көрсеткіш 16 249 теңгені құрады.

### 11.1 ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

#### ШЫҒАРУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АКЦИЯЛАР

Шығаруға мәлімделген қарапайым және артықшылықты акциялардың жалпы саны тиісінше 70 220 935 (2009 жылы: 70 220 935) және 4 136 107 (2009 жылы: 4 136 107). 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 43 087 006 (2009 жылы: 43 087 006) қарапайым акциялар Бас компанияға тиесілі. Компанияның қарапайым және артықшылықты акцияларының көрсетілген бағасы болмайды.

#### ДИВИДЕНДТЕР

Қазақстандық заңнамаға сәйкес, егер Компания қаржылық есепте Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есебінің стандарттарына сәйкес дайындалған теріс капиталы болса немесе дивидендтердің төлемі нормативтік қаржылық есепте теріс капиталға әкеліп соғатын болса, дивидендтер мәлімдене алмайды. Акционерлерге кезеңде төленетін төлемдер ретінде танылған акцияға тиетін жиынтық дивидендтер тізімдемеде 2010 жылы 7 маусымында белгіленген күндегі қарапайым акцияға да, артықшылықты акцияға да, яғни әр акцияға 656 теңгеден (2009 жылы: акцияға 656 теңгеден) тиеді.

### 11.2 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ОПЦИОНДЫҚ БАҒДАРЛАМА

Жыл бойында жұмысшылардан алынған қызметтермен байланысты Компания қызметкерлерін жеңілдік бағадағы акцияларды тарату жоспары бойынша танылған шығыс 309 987 мың теңгені (2008 жылы: 248 106 мың теңге) құрайды.

## КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКТІ БАҒА БОЙЫНША АКЦИЯЛАР БЕРУ ЖОСПАРЫ

Компанияның қызметкерлеріне жеңілдікті баға бойынша акциялар берудің 1-жоспарына («EOP 1») сәйкес басшы қызметкерлерге беру сәтіне ЖДҚ-ның нарықтық құнына тең орындау бағасымен ауқымды депозитарлық қолхаттар (ЖДҚ) бойынша опциондар берілді. Опциондарды орындау қызметті жүзеге асыру шарттарына қатысты емес және үш жыл ішінде әр жылы 1/3 құқық береді және құқық беру датасынан бастап бесінші жылға дейін орындалуы тиіс.

Компанияның қызметкеріне жеңілдікті баға бойынша акциялар берудің 2-жоспарына («EOP 2») сәйкес акцияларға арналған опциондар, тәуелсіз директорларды қоспағанда, Компанияның негізгі қызметкерлерін, жоғары басшылығын және Директорлар кеңесінің мүшелерін ынталандыру үшін берілді. Опциондарды орындау бағасы беру датасына ЖДҚ-ның нарықтық бағасына тең. Аталған опциондарды орындау қызметті жүзеге асырудың шарттарына қол жеткізуге қатысты емес. Опциондар 2007 жылдың 1 шілдесіндегі

немесе одан кейінгі даталардағы жағдай бойынша берілді, беру датасының үшінші жылдығына құқық береді және құқық берілген датадан бастап бесінші жылдыққа дейінгі мерзімде орындауға жатады.

## IPO БОЙЫНША ЖОСПАР

Компанияның IPO-сынан кейін 2006 жылы негізгі қызметкерлер, жоғары басшылық және директорлар IPO-ның табысты процесіне қатысқаны үшін көтермелеу ретінде орындаудың нөлдік бағасымен ЖДҚ нысанында бір жолғы сыйақы алды. Марапаттау датасы 2006 жылдың 29 желтоқсаны болды. Опциондарға арналған құқық 2006 жылдың 29 желтоқсанында берілді және бөлу құқық беру датасынан бастап бір айдың ішінде толық орындалды.

## ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Келесі кестеде ЖДҚ (No.) саны және ЖДҚ-на (WAEP) АҚШ долларымен атқарудың орташа бағасы және акцияға тиетін опциондардың жыл ішіндегі өзгерістері көрсетілген:

	2010		2009	
	No.	WAEP	No.	WAEP
1 қаңтарда айналымда	1 384 542	17,41	808 701	14,82
Жыл ішінде берілгені	1 028 436	19,27	746 805	13,42
Жыл ішінде атқарылғаны	(35 561)	15,71	(109 093)	14,99
Жыл ішінде қызмет көрсету мерзімінің өтуі	(131 222)	19,11	(61 871)	21,18
31 желтоқсанда айналымда	2 246 195	18,15	1 384 542	17,41
31 желтоқсанда атқарылуы мүмкін	543 641	21,83	257 823	15,25

Акцияға тиетін опциондар жөніндегі келісімшарттарға негізделген қалған орташа мерзім 2010 жылғы 31 желтоқсанда 6,24 жыл (2009 жылы: 6,12 жыл) құрайды. Опциондар бойынша атқару бағасының ауқымы айналымда 2010 жылғы 31 желтоқсанда ЖДҚ-на 13,00 – 26,47 АҚШ долларын (2008 жылы: 14,64 – 26,47 АҚШ доллары)

құрады. 1 EOP, 2 EOP және IPO жөніндегі жоспарлар үлестік құралдар негізіндегі жоспарлар болып есептеледі және де әділетті құн беру күнінде бағаланады.

## 12. АКЦИЯҒА ТИЕТІН ПАЙДА

	2010	2009
Айналымдағы барлық акциялардың орташа саны	72 561 873	73 057 697
Жылдық пайда	234 501 890	209 726 900
Акцияға тиетін базалық және молайтылған пайда	3,23	2,87

Жоғарыда берілген түсінікке қарапайым да, артықшылықты да акциялар жатады, өйткені артықшылықты акциялар

иелерінің акцияның екі тобы үшін де акцияға сәйкес акцияға тиетін табысты таратуға қатысуға жиынтық құқығы бар.

### 13. ЗАЙМДАР

	2010	2009
Белгіленген пайыздық ставкалы займдар	8 146 065	8 690 190
Орташа тиімді пайыздық ставка	7,42%	7,45%
Құбылмалы пайыздық ставкадағы займдар	114 334 798	128 982 970
Орташа тиімді пайыздық ставка	4,74%	5,41%
<b>Барлығы займдар</b>	<b>122 480 863</b>	<b>137 673 160</b>
Ұзақ мерзімді бөлігі	62 286 045	92 023 143
Ағымдағы бөлігі	60 194 818	45 650 017

Компанияның займдары АҚШ долларымен берілген. Белгіленген ставкасы бар займдар (2010 жылы: 6 795 238 мың теңге, 2008 жылы: 7 330 565 мың теңге), негізінен алғанда, Компания қызмет ету мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын лицензияларды алғанға дейін дейін Үкіметпен келтірілген тарихи шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелер жатады. Компания бұл міндеттемені 7,93% ставка бойынша дисконттады және бұл займдарды амортизациялық құн бойынша есептейді.

Компанияның сыйақының құбылмалы ставкадағы займдары ҚМГ ПҚИ қатысудағы 33% үлесін сатып алумен байланысты 2006 жылы шығарылған ҚМГ Қаржы ПҚИ ноталарына жатады (9 ескерту). 2006 жылы 5 шілдеде ҚМГ Қаржы ПҚИ 1 374 500 мың АҚШ доллары сомасында құбылмалы ставкалы сыйақы нотасын шығарды. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы ноталар мен есептелген сыйақы жөніндегі өтелмеген сома тиісінше 760 034 мың АҚШ долларын және 15 643 мың АҚШ долларын, құрайды (2009 жылы: 850 010 АҚШ доллары және 19 382 мың АҚШ доллары тиісінше немесе 126 107 460 мың теңге және 2 875 510 мың теңге, тиісінше). Компанияға немесе оның активтеріне қатысты кері талап:

- i) ҚМГ Қаржы ПҚИ барлық құқық, жеңілдіктері мен құқықтық мәртебесі бойынша ПҚИ 33% қатысу үлесіне салынған акциялар;
- ii) ПҚИ жүзеге асырылған кез-келген дивидендтер немесе төлемдердің 80%-ы негізгі қарыз бен ноталар бойынша есептелген сыйақы сомасын әрі қарай өтеу мақсатында шектелген.

Ноталар бойынша сыйақылар он екі айлық 2,9073% Либор плюс маржа ставкасы бойынша есептеледі. Ноталар әр жылдың шілдесінің алғашқы дүйсенбісінде шектеудегі ақша қаражаттарынан аспайтын көлемде негізгі қарыз және есептелген сыйақы сомасынан 1/7 бойынша өтеледі. Өйткені бұл займ айналымсыз болып саналады, негізгі қарыздың кез-келген өтелмеген жылдық сомасы мен ноталар бойынша сыйақы сомасы төлемнің келесі датасына тиесілі өтем бойынша саналады және сыйақылар сәйкес есептеу кезеңінде қолданылатын ставка бойынша есептеледі. Егер ҚМГ Қаржы ПҚИ 2013 жылдың шілдесіндегі бастапқы мерзімнің өту датасында өтелмеген негізгі қарыз бен сыйақының кейінге қалдырылған сомасының жалпы сомасын өтей алмайтын болса, ҚМГ Қаржы ПҚИ берешектің қолда бар сомасын шығарылған датадан соң әрбір сегізінші, тоғызыншы және оныншы жылдары өтеуге өтініш жасай алады. ҚМГ Қаржы ПҚИ өтелмеген соманы шығарылған датадан соң сегізінші, тоғызыншы және оныншы жылдары өтеуге рұқсат беріле ме, бұл сенім білдіретін меншік иесінің қарауына қалдырылатын болады. 2010 жылғы 31 желтоқсанда негізгі қарыздың кейінге қалдырылған сомасы 183 558 мың АҚШ долларын (27 056 450 мың теңге) (2009 жылы: 79 463 мың АҚШ доллары немесе 11 789 187 мың теңге) құрады.

## 14. РЕЗЕРВТЕР

	Экологиялық міндеттемелер	Салықта	Шығып қалған активтер жөніндегі міндеттемелер	Өзгесі	Барлығы
<b>2009 жылдың 1 қаңтарында</b>	<b>25 505 339</b>	<b>18 840 500</b>	<b>15 183 703</b>	<b>4 284 363</b>	<b>63 813 905</b>
Қосымша резервтер	-	12 714 474	50 660	629 190	13 394 324
Пайдаланылмаған сомаларды шеттету	-	(10 544 242)	-	-	(10 544 242)
Дисконттың амортизациясы	-	-	1 204 068	-	1 204 068
Бағадағы өзгерістер	(93 363)	-	(794 517)	-	(887 880)
Бір жыл ішінде пайданылғаны	(3 403 119)	-	(914 886)	(245 648)	(4 563 653)
Ағымдағы бөлігі	4 823 769	21 010 732	999 735	262 843	27 097 079
Ұзақ мерзімді бөлігі	17 185 088	-	13 729 293	4 405 062	35 319 443
<b>2009 жылдың 31 желтоқсанында</b>	<b>22 008 857</b>	<b>21 010 732</b>	<b>14 729 028</b>	<b>4 667 905</b>	<b>62 416 522</b>
Қосымша резервтер	-	2 795 918	223 432	998 919	4 018 269
Пайдаланылмаған сомаларды шеттету	-	(4 835 885)	-	-	(4 835 885)
Дисконттың амортизациясы	-	-	1 168 011	-	1 168 011
Бағадағы өзгерістер	-	-	(542 100)	-	(542 100)
Бір жыл ішінде пайданылғаны	(2 207 597)	(7 285 707)	(956 735)	(287 899)	(10 737 938)
Ағымдағы бөлігі	3 170 070	11 685 058	695 421	311 083	15 861 632
Ұзақ мерзімді бөлігі	16 631 190	-	13 926 215	5 067 842	35 625 247
<b>2010 жылдың 31 желтоқсанында</b>	<b>19 801 260</b>	<b>11 685 058</b>	<b>14 621 636</b>	<b>5 378 925</b>	<b>51 486 879</b>

## 15. КІРІСТЕР

	2010	2009
Экспорт:		
Шикі мұнай	556 566 299	435 815 380
Ішкі рынок (Ескерту 22):		
Шикі мұнай	34 603 268	31 964 447
Газды қайта өңдеу өнімдері	6 452 132	4 826 049
Қайта өңдеу өнімдері	6 104 431	4 897 497
Өзге де сатулар мен қызмет көрсету	5 516 268	7 990 106
	<b>609 242 398</b>	<b>485 493 479</b>

## 16. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2010	2009
Ренталық салық	97 484 646	58 673 500
Пайдалы қазбалар өндіру салығы	70 932 591	55 087 266
Жұмысшыларға сыйақы беру	66 241 795	50 876 767
Көліктік шығыстар	57 794 777	53 793 843
Ескіру, тозу және амортизация	35 486 128	31 155 360
Жөндеу және қызмет көрсету және тағы басқа қызметтер	28 857 572	21 178 039
Материалдар мен қорлар	12 007 713	10 135 010
Электр қуаты	10 987 439	10 429 959
Басқарушылық гонорар және сату бойынша комиссиялар (19 қосымша)	8 281 574	7 648 453
Экспорттық кедендік баж	6 477 735	-
Өзге де салықтар	4 815 027	5 031 000
Өлеуметтік жобалар	4 137 051	2 239 845
Айыппұлдар мен өсімақылар	2 805 102	8 132 702
Негізгі құралдардың шығып қалуынан болған шығыстар	2 200 613	2 547 437
Нәтижесіз ұңғымалар жөніндегі шығыстар	1 103 615	-
Геологиялық және геофизикалық шығыстар	968 648	390 950
Мұнай балансындағы өзгеріс	(1 538 597)	213 835
Өзгесі	13 449 630	13 071 663
	<b>422 493 059</b>	<b>330 605 629</b>

## 17. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫСТАР/ШЫҒЫСТАР

### 17.1 ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫСТАР

	2010	2009
Банктердегі шұғыл салымдар жөніндегі пайыздық табыс	27 613 518	42 880 748
ҚМГ ҰК қарыз құралдары бойынша пайыздық табыс	7 061 243	-
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық берешегі жөніндегі пайыздық табыстар	3 101 386	3 216 660
Өтелгенге дейін ұсталынатын қаржылық активтер жөніндегі пайыздық табыс	239 628	404 288
Басқа	24 010	257 209
	<b>38 039 785</b>	<b>46 758 905</b>

### 17.2 ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

	2010	2009
Сыйақы жөніндегі шығыстар	6 192 140	958 917
Активтерді шығару жөніндегі міндеттемелерге дисконтты амортизациялау	1 168 012	1 204 068
Өтелгенге дейін ұсталынатын қаржылық активтерді құнсыздандыру	16 449	570 928
Шикі мұнай жөніндегі туынды құралдар бойынша жүзеге асырылған шығыс	-	246 132
Басқа	118 954	261 244
	<b>7 495 555</b>	<b>3 241 289</b>

## 18. ТАБЫС САЛЫҒЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы табыс салығы жөніндегі шығыстар келесі кестеде берілген:

	2010	2009
Корпоративтік табыс салығы	45 298 691	63 934 177
Үстеме табыс салығы	10 276 747	20 648 241
<b>Ағымдағы табыс салығы</b>	<b>55 575 438</b>	<b>84 582 418</b>
Корпоративтік табыс салығы	1 683 946	(7 015 624)
Үстеме табысқа тиетін салық	185 879	(1 820 965)
<b>Кейінге шегерілген табыс салығы</b>	<b>1 869 825</b>	<b>(8 836 589)</b>
<b>Табыс салығы жөніндегі шығыстар</b>	<b>57 445 263</b>	<b>75 745 829</b>

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдаға салынатын Қазақстандағы салықтың тиімді ставкасының тексерілуі келтірілген.

	2010	2009
Салық салынғанға дейінгі табыс	291 947 153	285 472 729
Табыс салығы	57 445 263	75 745 829
<b>Тиімді салық ставкасы</b>	<b>20%</b>	<b>27%</b>
Заңнама бойынша белгіленген табыс салығының ставкасы	20	20
Төмендегі жағдайлар нәтижесінде арту (кему):		
Үстеме табысқа салынатын салық	4	8
Алдыңғы жылдарға салынатын корпоративтік табыс салығы	-	(1)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(4)	-
Салық салынбайтын кірістер	(2)	-
КТС бойынша резервтегі өзгерістер	-	(1)
Шегеруге жатпайтын шығыстар	2	1
<b>Тиімді салық ставкасы</b>	<b>20</b>	<b>27</b>

КТС және ҮТС-ке жататын кейінге қалдырылған салық жөніндегі міндеттемелердегі/(активтегі) өзгерістер төмендегідей:

	Негізгі құралдар	Резервтер	Салықтар	Өзгесі	Барлығы
<b>2009 жылғы 1 қаңтарда</b>	<b>2 855 336</b>	<b>(1 284 424)</b>	<b>(279 765)</b>	<b>(2 720 095)</b>	<b>(1 428 948)</b>
Кірістер мен шығыстар құрамында танылуы	1 273 534	162 153	(8 551 971)	(1 720 305)	(8 836 589)
<b>2009 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>4 128 870</b>	<b>(1 122 271)</b>	<b>(8 831 736)</b>	<b>(4 440 400)</b>	<b>(10 265 537)</b>
Бизнесі біріктіруден алынған кейінге шегерілген салықтар	1 816 597	-	-	-	1 816 597
Кірістер мен шығыстар құрамында танылуы	4 878 318	(346 980)	(2 914 487)	252 974	1 869 825
<b>2010 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>10 823 785</b>	<b>(1 469 251)</b>	<b>(11 746 223)</b>	<b>(4 187 426)</b>	<b>(6 579 115)</b>



## 19. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛЫНҒАН МӘМІЛЕЛЕР

«Жалпы бақылаудағы ұйымдар» санатына Бас компаниямен бақыланатын ұйымдар жатады. «Мемлекеттік бақылаудағы өзге де ұйымдар» санатына «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ бақыланатын банктерді қоспағанда, «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ бақыланатын ұйымдар кіреді. «Қазақстанның Халық Банкі» байланысты тарап болып саналады, өйткені банк «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ Басқармасы мүшесімен

бақыланады. «БТА Банк» байланысты тарап болып саналады, банк «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ Басқармасы мүшесімен бақыланады, «Казкоммерцбанк» байланысты тарап болып саналады, өйткені «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ банктің 21,2% қарапайым акцияларына ие.

2010 жылы және 2009 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін байланысты тараптардың сату және сатып алулар және 2010 жыл мен 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы байланыстағы тараптармен жасалынған мәмілелер бойынша сальдосы төмендегідей:

	2010	2009
<b>Тауарлар мен қызмет түрлерін сату (15 қосымша)</b>		
Жалпы бақылаудағы мекемелер	594 059 556	386 384 246
Мемлекетпен бақыланатын өзге мекемелер	986 698	1 106 860
Бірлескен кәсіпорындар	328 627	398 864
Қауымдасқан компаниялар	34 332	9 416
Қазақстанның Халық банкі	23 955	778
<b>Тауарлар мен қызмет түрлерін сатып алу (16 қосымша)</b>		
Жалпы бақылаудағы мекемелер	25 597 155	25 084 989
Бас компания	7 775 474	7 212 870
Мемлекетпен бақыланатын өзге мекемелер	12 434 270	12 651 588
Қауымдасқан компаниялар	995 559	267 312
Қазақстанның Халық банкі	1 190 601	1 278 380
<b>Қаржылық активтер бойынша есептелген пайыздар</b>		
Қарыз құралдары бойынша есептелген пайыздар	7 061 243	-
Қарыз құралдары бойынша тиімді пайыздық ставка – АҚШ долларына/теңгеге индекстелген	6,87%	-
Қазақстанның Халық банкі	12 854 310	17 857 881
Депозиттер бойынша орташа пайыздық ставка	7,31%	8,30%
Казкоммерцбанк	9 489 680	10 621 306
Депозиттер бойынша орташа пайыздық ставка	8,54%	8,34%
БТА Банк	112 906	2 347 620
Депозиттер бойынша орташа пайыздық ставка	12,00%	11,48%
<b>Өтелгенге дейін ұсталатын қаржылық активтер бойынша құнсыздану шығыстары</b>		
БТА Банк	16 449	570 928
<b>Еңбек ақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер</b>		
Директорлар кеңесі мүшелері	115 197	109 729
Басқарма мүшелері	325 066	196 930
<b>Үлестік құралдар негізіндегі төлемдер</b>		
Директорлар кеңесі мүшелері	5 248	5 698
Басқарма мүшелері	33 917	37 687

	2010 жылдың 31 желтоқсанында	2009 жылдың 31 желтоқсанында
<b>Ақша қаражаты және олардың баламалары (7 қосымша)</b>		
Қазақстанның Халық банкі	13 141 643	51 232 052
Казкоммерцбанк	997 391	14 572 711
БТА Банк	10 381	19 085 560
<b>Қаржылық активтер (7 қосымша)</b>		
Қазақстанның Халық банкі	99 583 042	232 974 000
Казкоммерцбанк	37 873 202	182 825 420
БТА Банк (құнсыздандуды шегергенде)	-	5 222 040
Қарыз құралы – АҚШ долларына/теңгеге индекстелген	220 967 915	-
<b>Сауда және өзге де дебиторлық берешек (7 қосымша)</b>		
Жалпы бақылаудағы ұйымдар	66 981 677	51 319 746
Мемлекетпен бақыланатын өзге ұйымдар	606 068	785 946
Бірлескен кәсіпорындар	20 432 051	21 399 372
Қауымдасқан компаниялар	7 540	-
Қазақстанның Халық банкі	98 300	-
<b>Сауда кредиторлық берешегі</b>		
Жалпы бақылаудағы ұйымдар	543 559	523 423
Бас компания	2 591 825	1 009 802
Мемлекетпен бақыланатын өзге ұйымдар	282 844	389 600
Қауымдасқан компаниялар	631 987	180 151
Қазақстанның Халық банкі	48 609	82 162

## САТУ ЖӘНЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Байланысты тараптарға сату негізінен шикі мұнай мен мұнай өнімдерін ҚМГ тобының кәсіпорындарына экспорттық және ішкі сатылуын білдіреді. Байланысты тараптарға экспорттық сату 2010 жылы 6 860 318 шикі мұнайдың тоннасын құрады (2009 жылы: 5 320 931 тонна). Шикі мұнайды сату бағасы фрахт құны, сақтандыру және сападағы айырмашылығына қатысты айырмашылықтарына қарай түзетілген Platt's баға кесімі нұсқауына сәйкес анықталады. Бір тоннаның орташа бағасы экспортқа осындай сатулар бойынша 2010 жылы 83 890 теңгені құрады (2009 жылы: 66 462 теңге). Бұған қоса, Компания ішкі рынокқа мұнай және мұнай өнімдерін Бас компанияда бақылаушылық қатысу үлесі бар Қазақстан Үкіметінің қаулысына сәйкес тасымалдайды. Ішкі рынокқа мұндай тасымалдаулар 2010 жылы өндірілген 1 604 458 тонна шикі мұнайды құрады (2009 жылы: 1 717 488 тонна). Ішкі рынокта сату бағасы ҚМГ ҰК келісімен анықталады. 2010 жылы ішкі рынокқа қойылған мұнайы үшін Компания орта есеппен 21 531 теңге алды (2009 жылы: 18 579 теңге). Байланысты тараптардың сауда және басқа дебиторлық берешектері, негізінен, экспорттық сату жөніндегі операцияларға тиесілі сомаларды білдіреді.

## САТЫП АЛУ ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Бас компанияның басқарушылық қызметінің комиссиялары 2010 жылы 7 775 474 мың теңгені құрады (2009 жылы: 7 212 870 мың теңге). Шикі мұнайды сатуға қатысты агенттік сыйақы 2010 жылы 506 100 мың теңгені құрады (2009 жылы: 435 583 мың теңге). 6 128 082 тонна шикі мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметтер 2010 жылы (2009 жылы: 6 967 200 тонна) ҚМГ ҰК тобы компаниясынан 2010 жылы 20 656 793 мың теңгеге сатып алынды (2009 жылы: 21 064 331 мың теңге). ҚМГ ҰК тобы компаниясынан сатып алынғандарға, негізінен, демерредж төлемдері, электр қуатын іске асыру және төлеу жөніндегі комиссиялық сыйақылар жатады.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ ҮЛЕСТІК ҚҰРАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ТӨЛЕМДЕР

Үлестік құралдардың негізінде тірек басқарушы қызметкерлер құрамына төлемдер құқық бөлу мерзімі ішіндегі үлестік құралдардың негізіндегі төлемдерді амортизациялаудан тұрады. 2010 жыл ағымында Компания қосымша 19,84 АҚШ доллары немесе 2 929 теңге көлемінде (2009 жылы: 15,13 АҚШ доллары немесе 1 971 теңге) атқарудың орташа бағасы бойынша 122 434 опцион ұсынды (2009 жылы: 117 942 опцион).

## 20. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржылық құралдарына банктік займдар, Үкімет алдында геологиялық ақпараттарға қатысты қарыздар, сауда және өзге кредиторлық қарыздар жатады. Осы қаржылық құралдардың негізгі мақсаты – Компанияның бірігуі немесе сатып алу жөніндегі операцияларын қаржыландыру үшін құралдар тарту. Компанияның сауда дебиторлық берешек, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салымдар және де ақша қаражаты және олардың баламалары сияқты түрлі қаржылық активтері бар.

Пайыздық ставканың өзгеруі, валюталық тәуекел, несиелік тәуекел және өтімділік тәуекелі Компанияның қаржылық құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдері болып саналады. Компания басшылығы осы аталған тәуекелдердің әрбірін қарастырады және бекітеді, бұл ұстанымдар төменде берілген.

### ПАЙЫЗДЫҚ СТАВКАНЫҢ ӨЗГЕРУ ТӘУЕКЕЛІ

Пайыздық ставканың өзгеру тәуекелі, ең алдымен, Компанияның құбылмалы пайыздық ставкадағы ұзақ мерзімді займдарына жатады.

Компанияның саясаты – қарыздың белгіленген белгіленген және құбылмалы пайыздық ставкаларының комбинацияларын пайдалана отырып, пайыздық шығыстарды реттеу. Бұл үшін Компания белгіленген белгіленген ставкадағы пайыздық своптар орнатады, Компания олар арқылы белгілі бір уақыт аралығында қарыздың келісілген шартты негізгі сомасының негізінде есептелген белгіленген және құбылмалы пайыздық төлемдер арасындағы айырмашылықты аударуға немесе алуға келіседі.

2010 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның құбылмалы пайыздық ставкалы 114 334 798 мың теңге (2009 жылы: 128 982 970) қарыздық міндеттемелері болды.

### ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

АҚШ доллары айырбас бағамындағы өзгерістер Компанияның инвестициялары мен займдары АҚШ долларымен берілу салдарынан Компанияның қаржылық жағдай жөніндегі топтастырылған есебіне ықпал етуі мүмкін. Компания басшылықтың қысқа мерзімді және орташа мерзімді келешектегі АҚШ доллары бағамындағы өзгерістерге қатысты күтулерінің негізінде өзінің құнды қағаздар портфеліндегі АҚШ долларымен белгіленген берешектерінің сомасын төмендету немесе арттыру жолы арқылы валюталық тәуекелінің тиімділігін төмендетуге ұмтылыс жасайды.

Компанияның сондай-ақ операциялық валюталық тәуекелдері де бар. Мұндай тәуекелдер шикі мұнайды Компанияның функционалдық валютасынан айрықша валютамен сату жұмыстарымен байланысты. Компанияның сатуларының шамамен 91%-ы АҚШ долларымен белгіленген, ал барлық шығыстары дерлік теңгемен белгіленген. Сатудан түскен түсімнің басым бөлігі сатқан уақыттан бастап отыз күн ішінде түседі. Осылайша, айырбас бағамындағы өзгеріс тәуекеліне кез-келген уақытта ұшырау сатқан күннен бастап бір айға шектелген және басшылық осы тәуекелді жіті бақылап отырады, бірақ тарихи тұрғыда оны төмендету үшін ешқандай әрекет қабылдаған жоқ.

Есептесу валюталарына қатысты құнды қағаздар портфелінің құрылымын анықтау барысында басшылық келесі үш-алты айдың ішінде бюджеттегі қарастырылған теңгемен берілген ақша қаражаттарының ағымын басты назарға алады және осы сомаларды олардың пайда болуына қарай немесе төлем мерзімінің келуіне орай өтеу үшін теңгемен берілген активтердің болуын қамтамасыз етеді.

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі (ақшалай активтер мен міндеттемелердің әділетті құнындағы өзгерістер), барлық басқа параметрлерінің өзгермеуі жағдайында АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістеріне сезімталдығының талдауы берілген.

	Теңгенің айырбас бағамында АҚШ долларына қатысты артуы/кемуі	Салық салынғанға дейінгі табысқа әсері
<b>2010</b>		
АҚШ доллары	+ 10%	75 147 053
АҚШ доллары	- 15%	(112 720 579)
<b>2009</b>		
АҚШ доллары	+ 10%	49 142 464
АҚШ доллары	- 15%	(73 713 695)

## НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛ

Компания сатуларының басым бөлігін Бас компанияның аффилирленген кәсіпорнына атқарады және оған қатысты дебиторлық берешек бойынша тәуекелдердің елеулі концентрациясына ие (7, 19 ескертулер). Дебиторлық берешектің қосымша елеусіз үлесі біртекті топтар бойынша бөлінген және үнемі құнсыздану мәніне қарай жиынтық негізде бағаланады, осының нәтижесінде Компанияның сенімсіз берешек жөніндегі тәуекелі елеусіз болып саналады.

Компанияның сатуға арналған қолда бар ақша қаражаттары мен олардың баламалары, өтелгенге дейін ұсталынатын қаржылық инвестициялары кіретін өзге де қаржылық активтерімен байланысты несиелік тәуекелге орай, Компанияның тәуекелі контрагенттің дефолт мүмкіндігімен байланысты болады, мұның барысында ең жоғарғы тәуекел осы құралдардың баланстық құнына тең.

Компания өзінің операциялық қызметін және жекелеген инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырауы мүмкін. Инвестициялық қызметін жүзеге асыру Компания, негізінен, қазақстандық және шетелдік банктерге өз салымдарын, сондай-ақ, өтелгенге дейін ұсталынатын мемлекеттік облигацияларын орналастырады. Бұған қоса, Компания Бас компаниямен шығарылған қарыз құралын игерді (7 ескерту).

Компанияның ақшалай қаражаттарын басқару саясаты қандай да бір банктерде ұстауға болатын, мұндай банктің 1 деңгейлі капиталының көлеміне және оның Standard & Poors агенттігі меңгерген ұзақ мерзімді несиелік рейтингіне байланысты қаржы активтерінің сомасын шектейді, (мысалы, 2010 жылдың 31 желтоқсанында «BB» рейтингті банк үшін 40%-дан асырмау). 2010 жылы Компанияның Директорлар кеңесі Компанияға өзінің несиелік тәуекелдерін жақсы деңгейде басқаруға және өзінің өзгертілген саясатында ақша құралдарының басқарылуын

аса нақты бақылауына бағытталған ауыспалы жоспарын мақұлдады. Енгізілген өзгерістерімен қатар Саясат Компания Қазақстанның резиденті болып саналатын, рейтингі Қазақстанның тәуелсіз несиелік рейтингінен кем дегенде екі есе төмен жергілікті және шетелдік банк орындарына орналастырмауын талап етеді. Егер шетелдік банктердің филиалдарының жекелеген несиелік рейтингі болмаса, онда олардың бас банктерінің несиелік рейтингін қолдануға болады. Ақша құралдарын басқару жөніндегі саясат шетелдік банктің филиалын, кем дегенде, 50%-ы шетелдік бас банкке тиесілі банк ретінде анықтайды. Мұндай жағдайда шетелдік бас банктің несиелік рейтингі Standard & Poor's рейтингтік агенттігімен берілген минимум ретінде «А-» деңгейінде болуы тиіс. Компания негізгі операцияларын шетелде жүзеге асыратын шетелдік банкте өзінің қаржылық активтерін орналастыра алады, мұндай банктің рейтингі Standard & Poors агенттігімен берілген минимум ретінде «А-» деңгейінде болуы тиіс. Ауыспалы жоспар Компанияға Халық банкі мен Казкоммерцбанкте, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ осы аталған банктерде үлесі бар екендігін ескере отырып, олардың несиелік рейтингіне қарамастан, өзінің қаржылық активтерін осы банктерде ұстауына мүмкіндік береді. Казкоммерцбанк пен Халық Банкінің ең жоғарғы тәуекелі 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 250 миллион АҚШ долларын және 750 миллион АҚШ долларын және соған сәйкес 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 500 миллион АҚШ долларын құрайды.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания Бас компанияның қарыз құралдарын сатып алу нәтижесінде өзінің жылдық тәуекелін едәуір төмендетті және шетелдердегі депозиттерін өсірді. Осының нәтижесінде Компанияның ақша құралдарын басқару жөніндегі саясатқа сәйкестік деңгейі елеулі түрде өсті және саясат талаптарын орындамайтын құралдар мен мекемелердегі қаржылық активтерінің сомасы 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аз болып табылады.

Келесі кестеде «Standard and Poor's» несиелік рейтингінің шартты белгілерін қолданған есептегі кезеңдегі ҚМГ

ҰК банктердегі қаржылық активтерінің және қарыз құралдарының сальдосы көрсетілген.

Банктер	Орналасқан жері	Рейтинг <sup>1</sup>		2010	2009
		2010	2009		
ҚМГ ҰК қарыз құралдары-на инвестициялар	Қазақстан	BBB- (тұрақты)	BB+ (тұрақты)	220 967 915	-
Халық Банкі	Қазақстан	B+ (тұрақты)	B+ (кері)	112 724 685	284 204 891
АТФ Банк <sup>2</sup>	Қазақстан	BBB (оң)	Рейтинг қайтарылған	86 746 032	43 506 484
Сити Банк	Қазақстан / Ұлыбритания	A+ (кері)	A (тұрақты)	75 505 810	17 254 342
HSBC	Қазақстан / Гонконг / Ұлыбритания	AA (тұрақты)	AA (кері)	70 384 415	25 679 952
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	Қазақстан	Baa2 (тұрақты)	Baa2 (кері)	54 916 073	-
Казкоммерцбанк	Қазақстан	B (кері)	B (кері)	38 870 593	197 375 592
RBS Казахстан	Қазақстан	A (тұрақты)	A (тұрақты)	21 412 244	38 916 400
Дойче Банк	Германия	A+ (тұрақты)	A+ (тұрақты)	8 816 125	4 626 872
Credit Suisse	Британ аралдары Виргиния аралдары	A+ (тұрақты)	A+	4 971 970	4 573 579
Банк Центр Кредит	Қазақстан	Ba3 (кері)	Ba3 (кері)	1 840 538	2 144
ING Bank	Нидерланды	A+	A+	668 737	1 997 796
БТА Банк	Қазақстан	B- (тұрақты)	D/болжам жоқ	10 381	24 307 599
Басқа				149 540	105 045
				<b>697 985 058</b>	<b>642 550 696</b>

## ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Компания ағымдағы өтімділік жоспарлау құралдарын пайдалана отырып, өтімділік тәуекелін бақылайды. Осы құралдың көмегімен қаржылық инвестициялар және қаржылық активтермен байланысты төлем мерзімдеріне (мысалы, дебиторлық берешек, өзге қаржылық активтер), сондай-ақ операциялық қызметтен түсетін қаржылық активтерге талдау жүргізіледі.

Компанияның мақсаты - жергілікті банктердегі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салымдарды пайдалану арқылы қаржыландырудың үздіксіздігі және икемділігі аралығындағы теңбе-теңдікті қолдау.

Келесі кестеде Компанияның 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келісімшарттық дисконтталмаған төлемдердің негізінде қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімі жөніндегі мәлімет берілген:

2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін	Келісімшарт бойынша	3 айға дейін	3-12 ай	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан аса	Барлығы
Займдар	-	253 358	60 419 794	63 362 092	3 348 200	127 383 444
Сауда және басқа кредиторлық берешек	47 304 799	-	-	-	-	47 304 799
	<b>47 304 799</b>	<b>253 358</b>	<b>60 419 794</b>	<b>63 362 092</b>	<b>3 348 200</b>	<b>174 688 243</b>

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін	Келісімшарт бойынша	3 айға дейін	3-12 ай	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан аса	Барлығы
Займдар	-	254 991	45 920 835	92 751 802	4 454 030	143 381 658
Сауда және басқа кредиторлық берешек	34 402 259	-	-	-	-	34 402 259
	<b>34 402 259</b>	<b>254 991</b>	<b>45 920 835</b>	<b>92 751 802</b>	<b>4 454 030</b>	<b>177 783 917</b>

<sup>1</sup> Дереккөзі: Интерфакс – Қазақстан, Factiva, тиісті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердің ресми сайттары.

<sup>2</sup> АТФ Банк - Юникредит тобының мүшесі болып табылады.

## ШИКИЗАТ ТАУАРЛАРЫ БАҒАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ТӘУЕКЕЛІ

Компания халықаралық рынокта АҚШ долларымен кесілетін шикі мұнай бағасының өзгеріс тәуекеліне ұшыраған. Компания келешектегі шикі мұнайдың түрлі деңгейдегі бағасына қатысты сезімталдықты талдауды қосқанда, жылдық бюджет және мерзімді болжамдарды өзірлейді.

Таяу келешекте Компания шикі мұнай бағасының өзгеріс тәуекелін хеджирлеуді жоспарлаған жоқ.

## КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

Капиталға Компанияның барлық акциялары жатады. Компанияның капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты - тұрақты несиеге қабілеттілікті арттыру және Компанияның қызметін жүргізу үшін қалыпты жетістік деңгей мен акционерлер табыстарын арттыруды қамтамасыз ету.

2010 жылы 31 желтоқсанда Компанияның тұрақты қаржылық жағдайы және капитал құрылымы болды. Бұдан әрі Компания капитал құрылымын қолдауға ниеттеніп отыр, бұл оған олардың пайда болуы деңгейіне қарай икемділік пен өсім мүмкіндіктерін пайдалануға ықпал етеді.

Компания капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардағы өзгерістерге сәйкес өзгертеді. Капитал құрылымын сақтау және өзгерту мақсатында Компанияның дивидендтер төлемі көлемін реттеуге, акционерлерге капиталды қайтаруға және жаңа акциялар шығаруға мүмкіндігі бар. 2010 және 2009 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін капиталдарды басқарудың мақсатына, саясатына және процедураларына өзгерістер енгізілмеді.

## 21. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Төменде Компанияның барлық қаржылық құралдарының баланстық және әділетті құнының салыстырылуы санаттар бойынша берілген:

	Баланстық құн		Әділетті құн	
	2010	2009	2010	2009
<b>Ағымдағы қаржылық активтер</b>				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	98 519 465	107 626 368	98 519 465	107 626 368
Қаржылық активтер, өтеуге дейін ұсталатын	54 916 073	-	54 916 073	-
Жедел салымдар, АҚШ долларымен	264 841 437	447 254 500	264 841 437	447 254 500
Жедел салымдар, теңгемен	57 786 248	87 033 308	57 786 248	87 033 308
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы дебиторлық берешек	1 203 834	1 082 100	1 203 834	1 082 100
Қарыз құралдарына инвестициялар	256 928	-	256 928	-
Басқа қаржылық активтер	270	270	270	270
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық активтер</b>				
Қарыз құралдарына инвестициялар	220 710 987	-	220 710 987	-
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы дебиторлық берешек	19 153 089	20 268 928	19 153 089	20 268 928
Жедел салымдар, теңгемен	953 920	636 520	953 920	636 520
Өзге қаржылық активтер	160 911	161 411	160 911	161 411
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Құбылмалы пайыздық ставкадағы займдар	114 334 798	128 982 970	114 334 798	128 982 970
Белгіленген пайыздық ставкадағы займдар	8 146 065	8 690 190	8 146 065	8 690 190

Займдық құралдардың әділетті құны қолданыстағы пайыздық ставкалар бойынша келешек ақша ағымдарының дисконтталуы арқылы есептелген. Компанияның займдары осындай құралдарға тән сыйақының рыноктық ставкаларына негізделген, олар әділетті құн бойынша сипатталған. Өзге қаржылық активтердің әділетті құны рыноктық пайыздық ставка қолдану арқылы есептелген.

## 22. ШАРТТЫ ЖӘНЕ КЕЛІСІМДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШАРТТАР

Қазақстан Республикасы экономикалық реформалар және өзінің құқықтық, салық және нормативтік базаларын нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес жүзеге асыруды жалғастырады. Қазақстандық экономиканың келешек тұрақтылығы елеулі деңгейде осы реформалар мен өзгерістерге, сондай-ақ мемлекетпен қабылданатын экономикалық, қаржылық және ақшалай-несиелік тиімділікке байланысты болады. Қазақстанның экономикасына, бүкіл әлемдегі сияқты, нарықтық дағдарыс



пен экономикалық құлдырау әсер етті. Әйтсе де, Үкімет қазақстандық банктер мен компаниялар үшін сыртқы қарызын қайта қаржыландырудың ұсынылуы мен өтімділігін қолдауға бағытталған бірқатар тұрақты іс-шаралар жүргізді, Компанияның қаржылық жағдайына, оның қызметі мен экономикалық келешегінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін Компания мен оның контрагенттері үшін капитал және капитал құнына байланысты белгісіздіктер әлі де кездеседі.

Қазіргі уақытта Компания басшылығы Компанияның ағымдағы жағдайлардағы тұрақты қызметін қолдау үшін тиісті шаралар қабылдау үстінде. Компанияның нәтижелері мен қаржылық жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін жоғарыда аталған жағдайдың бұдан әрі де нашарлау ықтималдығын қазіргі сәтте анықтау мүмкін емес.

## ІШКІ РЫНОҚҚА ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қазақстандық үкімет мұнай өндіруші компанияларға өндірілген шикі мұнайдың бөлігін ішкі рынокқа тасымалдауды міндеттейді. Себебі шикі мұнайды осылай қосымша тасымалдаулар жөніндегі баға Бас компаниямен келісіледі, ол әлемдік бағадан елеулі деңгейде төмен болуы мүмкін және өнімнің өзіндік құны деңгейінде де белгіленуі ықтимал. Егер Үкімет қазіргі уақытта Компаниямен жеткізілетін шикі мұнайдың көлемінен асып түсетін шикі мұнайдың қосымша көлемін тасымалдауға міндеттейтін жағдай болса, мұндай тасымалдаулар рыноктық баға бойынша тасымалдаулар алдында әлеуетке ие болады, сондай-ақ шикі мұнайды экспортқа сатудан гөрі мүлдем аз табыс әкелетін болады, бұл өз кезегінде, Компанияның қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне елеулі әрі кері әсерін тигізуі мүмкін.

Өткен жыл ағымында өзінің міндеттемелеріне сәйкес, Компания ішкі рынокқа 1.811.481 тонна мұнай (2009 жылы: 2 017 488 тонна) тасымалдаса, «Қазгермұнай» бірлескен кәсіпорны ішкі рынокқа 784 000 тонна шикі мұнай (2009 жылы: 615 000 тонна) тасымалдады.

## САЛЫҚ САЛУ

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі талқылаулардың нысанына айналады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары аралығындағы пікірлерде қайшылықтар кездесетін жағдайлар да аз болмайды. Қазіргі уақытта қолданыста жүрген айқындалған заң бұзушылыққа қатысты Қазақстан заңының негізінде әрекет ететін айыппұл мен өсімақы жүйесі аса қатаң. Белгілі бір жағдайларда салық тексерістері аса ұзақ кезеңді қамтуы мүмкін. Салық салудың қазақстандық жүйесіне тән белгісіздік ретінде салықтардың айыппұлдық санкциясы және өсімақының әлеуетті сомасы, егер осындай болса, осы уақытқа дейінгі және 2010 жылдың 31 желтоқсанында есептелген шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін.

Компания басшылығы оның салық заңнамасымен интерпретациялануы орынды деп есептейді және де Компания салық позицияларына қатысты рұқсат етілетін негіздерге ие және салық органымен, толық шамада, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалынған есептеулер дауланатын болады.

## КЕДЕНДІК БАЖ САЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАБАРЛАМА

2009 жылы 18 тамызда Қазақстан Республикасының кедендік комитеті Компанияға төленбей қалған экспорттық кедендік бас салығына 17 574 728 мың теңге сомасында хабарлама берді (15 260 014 мың теңге негізгі қарыз және уақтылы төлемегені үшін 2 314 714 мың теңге пайыз). Бұл хабарлама 2009 жылғы қаңтардағы мұнайды экспортқа жүктеуге жатады, бұл бойынша ренталық салық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық төленген, көлемі бойынша 2008 жылдың желтоқсанында кедендік тазалаудан өткен.

2009 жылы 23 қыркүйекте Компания бірінші инстанциядағы сотқа өз апелляциялық шағым берді. 2009 жылы 1 желтоқсанда бірінші инстанциядағы сот өз шешімін Компанияның пайдасына шығарды. Бұған қарамастан, 2010 жылы 20 қаңтарда бірінші инстанциядағы сот кедендік комитеттің апелляциясын қанағаттандырды. 2010 жылы 8 ақпанда Компания үшінші инстанциядағы сотқа апелляциялық шағым берді. 2010 жылы 9 наурызда үшінші инстанциядағы сот кеден органдарының пайдасына шешім шығарды. Компания осы мәселе бойынша Қазақстанның Жоғары сотына шағымдануды жоспарлап отыр.

Басшылық сондай-ақ соңында бұл мәселе оң шешіледі деп санайды және осыған байланысты сомалар 2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін топтастырылған қаржылық есепте есептелінген жоқ.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама Қазақстанда даму процесі үстінде және осыған байланысты үнемі өзгерістерге ұшырап отырады. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға салынатын айыппұлдар аса қатаң болуы мүмкін. Қолданыстағы ережелер, азаматтық заң немесе заңнамадағы өзгерістерді аса қатаң талқылау негізінде туындауы ықтимал әлеуетті міндеттемелер сенімді түрде бағалануы мүмкін емес. Басшылық 14 ескертуде ашылған сомалардан басқа, Компанияның қаржылық жағдайына, жиынтық табыс жөніндегі топтастырылған есебі немесе ақша қаражаттары қозғалысы жөніндегі топтастырылған есебіне елеулі және жағымсыз әсер етуі ықтимал немесе мүмкін экологиялық міндеттемелер жоқ деп санайды.

## МҰНАЙЛЫ КЕН ОРЫНДАРЫНА БЕРІЛЕТІН ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Компания лицензиялар мен кенорнын пайдаланудың тиісті келісімшарттарының орындалуына орай мемлекеттік органдар тарапынан мерзімді тексеріліп отыратын нысан

болып саналады. Басшылық мемлекеттік органдармен осындай тексерулер барысында айқындалған сұрақтарды шешуге қажетті түзету шараларын келісу жөнінде қызмет атқарысады. Лицензияның құрамында берілген ережелерді оорындамау салдарынан айыппұл, өсімақы төлеу, лицензияны шектеу, тоқтата тұру немесе қайтарып алуға әкеліп соғуы мүмкін. Компания басшылығы келісімшарттар немесе лицензиялардың талаптарын сақтамауға қатысты кез-келген сауалдар келіссөздер немесе түзеуші шаралар жүргізу арқылы шешіледі және олар Компанияның қаржылық жағдайына, жиынтық табыс жөніндегі топтастырылған

есебі немесе ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі топтастырылған есебіне елеулі әсер етпейді деп есептейді.

Компанияның мұнай және газ кен орындары Маңғыстау және Атырау облыстық әкімшілігіне тиесілі жерде орналасқан. Лицензиялары Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар Министрлігімен берілген және де Компания осы кен орындарында мұнайды барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыру үшін үстеме табысқа роялти және салық төлейді.

Компанияның негізгі лицензиялары мен олардың қызмет ету мерзімінің күшін жою күні келесі кестеде берілген:

Кен орны	Келісімшарт	Қызмет ету мерзімінің күшін жою күні
Өзен (8 кен орны)	№. 40	2021
Ембі (1 кен орны)	№. 37	2021
Ембі (1 кен орны)	№. 61	2016
Ембі (23 кен орны)	№. 211	2018
Ембі (15 кен орны)	№. 413	2020

### МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫНА БЕРІЛЕТІН ЛИЦЕНЗИЯ ЖӘНЕ КЕЛІСІМШАРТТАР ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Жыл	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
2011	98 326 086	5 539 151
2012	7 260 231	4 240 970
2013	-	4 006 987
2014	-	4 006 987
2014-2021	-	18 823 598
<b>Барлығы</b>	<b>105 586 317</b>	<b>36 617 693</b>

### ШИКИ МҰНАЙ ЖЕТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Компанияның мұнай мен мұнай өнімдерін ішкі рынокқа Үкіметтің директиваларына сәйкес жеткізу жөніндегі міндеттемесі бар (22 ескерту).

### ҚАЗГЕРМҰНАЙ КЕЛІСІМШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Қазгермұнай келісімшарттық міндеттемелеріндегі үлесі келесі кестеде көрсетілген:

Жыл	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
2011	4 575 950	2 545 941

## 23. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

### ҚҚБ-ДА АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

2011 жылдың 3 ақпанында Компания акцияларды кері сатып алу бағдарламасы аясында ҚҚБ-ғы өзінің артықшылықты акцияларын мамандандырылған саудасаттық арқылы 4 552 046 мың теңге соңғы сатып алу құны бойынша 236 430 артықшылықты акция сатып алды. Кері

сатып алу бағдарламасы басталған уақыттан бастап Компания 2011 жылғы 3 ақпанындағы жағдай бойынша жалпы құны 28 909 971 болатын 1 582 643 артықшылықты акция сатып алды.

Осы топтастырылған қаржылық есепке Компания атынан 2011 жылғы 11 ақпандағы жағдай бойынша көрсетілген қызметтерден тұратын келесі тұлғалары қол қойды:

Бас директор	Ибрашев К. Н.
Қаржы директоры	Бекежанова Ж.
Қаржы бақылаушысы	Дрэйдер Ш., СА

# АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы сағ. 10:00, 2011 ж., 5 мамырда, мына мекен-жай бойынша өтеді:  
Астана қ., Қазақстан Республикасы,  
Қорғалжын тас жолы, 2А  
«Думан» қонақ үй кешенінде өтеді

## ВЕБ-САЙТ

Қызметтің сипаттамасын, баспасөз мәлімдемелерін, жылдық және аралық есептерді қоса алғанда Компания туралы ақпаратты [www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz) корпоративтік веб-сайттан алуға болады.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ СҰРАУ САЛУЛАРЫ

Компанияның акционерлері сырттай дауыс беру, дивидендтер, жеке деректердегі өзгерістер туралы құлақтандыру бойынша және өзге де осындай мәселелермен тіркеушіге/компанияның депозитаріне сұрау сала алады:

- Қарапайым және артықшылықты акцияларды ұстаушылар: «Қор орталығы» АҚ, 79 «А», Желтоқсан к., Алматы, Қазақстан Республикасы, Тел.: +7 (727) 250-89-61, 250-89-60, Факс: +7 (727) 250-16-96.
- Жаһандық Депозитарлық Қолхаттарды (ЖДК) ұстаушылар: The Bank of New York Mellon, Shareholder Services, PO Box 358516, Pittsburgh PA 15252-8516, United States of America, Telephone +1 888 269 23 77 (АҚШ-қа терің қоңырау шалу), Telephone +1 201 680 68 25 (АҚШ-тан тыс), Email: [shrrelations@bnymellon.com](mailto:shrrelations@bnymellon.com), [www.adrbnymellon.com](http://www.adrbnymellon.com).

## БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

### КОМПАНИЯНЫҢ ТІРКЕЛГЕН КЕҢСЕСІ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
Қабанбай Батыр к., 17,  
Астана, 010000, Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 (7172) 97-74-27  
Факс: +7 (7172) 97-74-26

### ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС (БАҚ СҰРАУ САЛУЛАРЫ)

Тел.: +7 (7172) 97-76-00  
Факс: +7 (7172) 97-79-24  
E-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

### КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ (АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ СҰРАУ САЛУЛАРЫ)

Тел.: +7 (7172) 97-54-13  
Факс: +7 (7172) 97-76-33  
E-mail: [a.kasenov@kmgep.kz](mailto:a.kasenov@kmgep.kz)

### ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС (ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ СҰРАУ САЛУЛАРЫ)

Тел.: +7 (7172) 97-54-33  
Факс: +7 (7172) 97-54-45  
E-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

### МӘСКЕУДЕГІ ӨКІЛДІК

Крымский Вал, 3 үй, 2 құрылыс, 205 офис  
Мәскеу, 119049, Ресей  
Тел.: +7 (495) 627-73-18  
Факс: +7 (495) 627-73-19  
E-mail: [admin@kmgep.ru](mailto:admin@kmgep.ru)

### АУДИТОРЛАР

«Эрнст энд Янг Казахстан» ЖШС  
Фурманов қ, 240/Г,  
Алматы, 050059, Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 (727) 258-59-60  
Факс: +7 (727) 258-59-61

### ТІРКЕУШІ

«Қор Орталығы» АҚ  
Желтоқсан к., 79 «А»,  
Алматы, 050091, Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 (727) 250-89-61, 250-89-60  
Факс: +7 (727) 250-16-96

### БАНК – ДЕПОЗИТАРИЙ (ЖДК ҰСТАНУШЫЛАР ҮШІН)

The Bank of New York Mellon  
Shareholder Services, PO Box 358516,  
Pittsburgh PA 15252-8516  
United States of America  
Тел.: +1 888 269 23 77  
Тел.: +1 201 680 68 25 (АҚШ-нан тыс)  
E-mail: [shrrelations@bnymellon.com](mailto:shrrelations@bnymellon.com)  
[www.adrbnymellon.com](http://www.adrbnymellon.com)

## АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

- 1P санаты  
Дәлелденген қор
- 2P санаты  
Дәлелденген және болжамды қор
- 3P санаты  
Дәлелденген, болжамды және ықтимал қор
- CCEL  
CCEL (CITIC Canada Energy Limited, 100% CCPL иесі, бұрын Nations Energy Company Ltd, Қаражанбас кен орнын игереді). «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның 94% үлесіне ие.
- Gaffney, Cline & Associates  
Көмірсутегі қорларын бағалауға маманданған тәуелсіз халықаралық консалтингтік компания.
- GAMMA рейтингі  
GAMMA рейтингі (governance, accountability, management metrics & analysis ағылшын сөздерінің аббревиатурасы) - Standard & Poor's корпоративтік басқару қызметінің корпоративтік басқару жүйесіндегі кемшіліктердің салдарынан – бағаны жасау үшін құнды жоғалту ықтималдығы немесе жіберілген мүмкіндіктерден инвесторларды қорғау көзқарасы тұрғысынан алғанда нақты компанияның корпоративтік басқару тәжірибесіне қатысты жақсы жақтары мен кемшіліктері туралы пікірін білдіреді. Корпоративтік басқару тәжірибесі мен саясаты халықаралық кодекс ережелері, корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне қатысты қағидаттар мен ұсынымдар белгілейтін Standard & Poor's рейтинг әдістемесінің көмегімен бағаланады.
- KASE / ҚҚБ  
Қазақстан қор биржасы
- Korea Gas Corporation (KOGAS)  
KOGAS – оңтүстіккореялық газ корпорациясы, ол әлемдегі сұйылтылған табиғи газдың (СТГ) ірі импорттері және Кореяға СТГ жалғыз тасымалдаушы болып табылады. KOGAS қарамағында – үш СТГ терминалы және ұзындығы 2 мың 739 шақырым газ құбыржолы желісі бар.
- LSE / ЛҚБ  
Лондон қор биржасы
- Standard & Poor's  
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелік рейтингті берумен айналысатын Халықаралық рейтинг агенттігі.
- АМӨЗ  
Атырау мұнай өңдеу зауыты
- Барр.  
Баррель
- Баррельдеу коэффициенттері  
ҚМГ БӨ үшін – тоннасына 7,36 барр.; ҚГМ – 7,70; ҚБМ – 6,68; ПҚИ – 7,75; өзгелері – 7,33.
- Би Джи Групп плс  
Би Джи Групп плс – табиғи газ өндірісіндегі әлемдік көшбасшы. Компанияның стратегиясы – ресурстарды жекелеген жоғары бәсекелестікті рыноктарға тасымалдау. «Би Джи Групп» барлау және өндіру, сұйылтылған табиғи газ (СТГ) өндірісі, тасымалдау және тарату, сондай-ақ электр қуатын өндіру сияқты негізгі бағыттар бойынша бес континенттің 25-тен аса елдерінде жұмыс істейді. «Би Джи Групп» газ бойынша рыноктың ерекшеліктерін жақсы біледі, сондықтан да оның барлауы мен өндіруі коммерциялық қызметтің негізгі бағыттары болып саналады.
- Би Джи Қазақстан  
Би Джи Қазақстан, Би Джи Групп құрылымдық бөлімі, Қазақстанда 18 жылдан бері қызмет етеді. Би Джи тобының мұнайгаз конденсатты кен орны жобасындағы үлесі 32,5%-ды құрайды, мұнда Би Джи, ЕНИ серіктесі сияқты, бірлескен оператор болып табылады. Компания сондай-ақ қазақстандық мұнайды әлемдік рыноктарға тасымалдаушы Каспий құбыржолы консорциумы (КҚК) акционерлері қатарына (2%) кіреді.
- Ембімұнайгаз (ЕМГ)  
Қазақстанның батысындағы Атырау облысындағы 39 кен орнында жұмыс істеп жатқан ҚМГ БӨ компаниясының екі өндірістік филиалының бірі.

- Каспий Құбыржолы Консорциумы (КҚК)

Қазақстандағы Теңіз кенішін Қара теңіздегі ресейлік Новороссийск айлағымен қосатын мұнай құбыржолы, Каспий теңізінің жағалауынан мұнайды халықаралық нарыққа тасымалдаудың маңызды бағыты болып табылады.
- КҚК  
Каспий құбыржолы консорциумы
- КТС  
Корпоративтік табыс салығы
- Қазақойл Ақтөбе (ҚОА)

ҚОА Ақтөбе облысында орналасқан Әлібекмола және Қожасай екі кен орнын игеру келісімшартына ие. 2010 жылғы өндіру көлемі 0,98 млн. тоннаны (тәулігіне 20 мың баррель) құрады, дәлелденген және болжамды қоры шамамен 30 млн. тоннаға (217 млн. баррель мұнай баламасы) бағаланады. ҚОА екінші акционері Caspian Investments Resources болып табылады.
- Қазақтүрікмұнай (ҚТМ)

ҚТМ кен орнын игеруге екі келісімшарты бар және екі кен орнын игереді: Маңғыстау облысындағы Батыс Елемес, Солтүстік-Шығыс Сазтөбе, Оңтүстік-Шығыс Сазтөбе, Ақтөбе облысындағы Лақтыбай және Оңтүстік Қаратөбе. 2010 жылғы өндіру көлемі 0,23 млн. тоннаны құрады (тәулігіне 4,6 мың баррель), дәлелденген және болжамды қоры шамамен 5,6 млн. тоннаға бағаланады (41 млн. баррель мұнай баламасы). ҚОА екінші акционері Turkish Petroleum Corporation (ТРАО) компаниясы болып табылады.
- Қазгермұнай (ҚГМ)

«Қазгермұнай» БК» ЖШС 2010 жылдың қорытындысы бойынша өндіріс көлемі бойынша алтыншы орында тұрған қазақстандық мұнай компаниясы. Алдын-ала мәліметтер бойынша, 2P санаттағы (дәлелденген және болжамды) қорлары 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша шамамен 24 млн. тоннаны (180 млн. баррель) құрады. 2010 жылдағы өндіріс көлемі 3,1 млн. тоннаны (тәулігіне 65 мың баррель) құрайды. ҚГМ-дың екінші қатысушысы «ПетроҚазақстан Инк.» болып табылады (PetroKazakhstan Kumkol Resources арқылы).
- ҚазМұнайГаз Ұлттық Компаниясы (ҚМГ ҰК)

Қазақстан Республикасының акционерлік қоғам түріндегі 100 пайыз акциясы «Самұрық-Қазына» әлауқат қорына тиесілі мемлекеттік мұнайгаз компаниясы.
- Қаражанбасмұнай (ҚБМ)

«Қаражанбасмұнай» АҚ Қазақстанның батыс бөлігіндегі Қаражанбас мұнайгаз кенішін 2020 жылға дейін игеру құқығын 100% иеленеді. Компанияның қорлары 2P санаты бойынша (дәлелденген және ықтимал қорлар) 2010 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 67 млн. тоннаны құрады.
- ҚҚМГ  
Қазақстан-Қытай магистралды газ құбыры
- ҚҚТ  
Қазақстан-Қытай құбыр желісі
- Қытай инвестициялық корпорациясы (СІС)

ҚХР мемлекеттік инвестициялық қоры. СІС негізгі міндеті - өз акционерлерінің мүддесі үшін қаржылық қызметтің тәуекелдерін азайту үшін ұзақмерзімді инвестицияларды жүзеге асыру.
- Маңғыстаумұнайгаз (ММГ)

ММГ Қазақстандағы ірі мұнайгаз компанияларының бірі болып саналады және мұнайды барлау және өндірумен айналысады. ММГ 2010 жылғы өндіру көлемі 5,7 млн. тоннаны құрады. 2P категориялы дәлелденген және болжамды қорлар 2009 жылдың соңындағы жағдай бойынша шамамен 75,9 млн. тоннаға (556 млн. баррель) бағаланады. Батыс Қазақстандағы Қаламқас және Жетібай кен орындары ММГ негізгі активтері болып саналады. Жалпы ММГ геологиялық барлау және мұнай өндіруге 15 лицензиясы бар.
- Мың барр.  
Мың баррельден
- НБК  
НБК Атырау облысы аймағындағы «Батыс Нобобогатинск» кен орнында көмірсутегін барлау және өндіруге №992 (2002 жылдың қыркүйек айында берілген) кен орнын пайдалануға қатысты келісімшарты бойынша лицензияға ие. Бұл кен орнының дәлелденген және ықтимал қорлары (2P) 13 млн. б.н.э. (ҚМГ БӨ тәуелсіз сарапшыларының бағасына сәйкес) бағаланады. Осы активтің сатып алу құны \$2,7/bbl құрайды. Тәуелсіз бағаға сәйкес кен орнының пайда әкелетін қоры 12,9 млн. б.н.э құрайды.
- Өзен-Атырау-Самара (ӨАС)

Атырау және Маңғыстау облыстарының аумақтары арқылы Ресейге өтетін ұзындығы 1 500 шақырымды құрайтын мұнай құбыржолы.

- Өзенмұнайгаз (ӨМГ)

Маңғыстау облысындағы негізгі 2 кен орнында жұмыс істейтін ҚМГ БӨ компаниясының екі өндірістік филиалының бірі.

- ПетроҚазақстан Инк. (ПҚИ)

Көмірсутегін барлау және өндірумен, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялар тобы. «ПетроҚазақстан Инк.»-тің 16 кен орнында үлесі бар, оның ішінде 11 кеніш игерудің түрлі сатыларында тұр.

- ПҚОП

ПетроҚазақстан Ойл Продактс

- ПҚӨС

Пайдалы қазбалар өндіру салығы

- ПМХЗ

Павлодар мұнай химия зауыты

- «Самұрық – Қазына» қоры

Қазақстанның қаржылық даму институттарының, ұлттық компанияларының акцияларын, мемлекеттік активтерін басқару жөніндегі Ұлттық әл-ауқат қоры.

- СапаБарлау Сервис (СБС)

СБС Ақтөбе облысындағы «Шығыс Жарқамыс - 1» кен орнындағы мұнай және газды барлауға қатысты кен орнын игеру келісімшарты бойынша №2193 (2006 ж. қарашасында берілген) лицензияға ие. Қызмет көрсету мерзімін ұзарту мәмілені жабу үшін кейінге қалдыру талабы болып табылады. Осы блоктың тәуекелін есептегенде келешек қоры 123-146 млн. б.н.э. (ҚМГ БӨ бағасына сәйкес) және 232 млн. б.н.э. (тәуелсіз бағаға сәйкес) бағаланады. Бұл активті консервативті сценарийдегі сатып алу құны \$0,24/bbl құрайды.

- Торғай Петролеум (ТП)

ТП Шығыс Құмкөл кен орнының солтүстік бөлігін және игеріліп жатқан Солтүстік Құмкөл учаскесін игеру лицензиясына ие. 2010 жылы Торғай Петролеум 3 млн. тонна өндірді (орта есеппен тәулігіне 62 мың баррель). 2009 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша дәлелденген және ықтимал қоры 104,4 млн. баррельді құрады (ҚМГ БӨ үлесі 17,2 млн. баррель).

- Тәул. мың барр.

Тәулігіне мың баррель

- ҮТС

Үстеме табыс салығы

- ЭТП

Экспорттық кедендік баж салығы